ويلاحظ أنّ الترتيب - عند الخليل - مخالف لما اعتمده سيبويه وابن جني وغيرهما من علماء من علماء اللغة والتجويد؛ فسيبويه عرض حين تحدّث عن المخارج هذه الصورة للترتيب (ء ه ا، ع ح، غ خ، ق، ك، ج ش ي، ض، ل، ن، ر، ط د ت، ز س ص، ظ ذ ث، ف، ب م و) (4، 4: 433 - 434)، وذكر ابن جني أنّ «هذا هو ترتيب الحروف على مذاقها وتصعدها، وهو الصحيح، فأمر ترتيبها في معجمه (العين) ففيه خلل واضطراب ومخالفة لما قدّمناه آنفاً ممّا ربّته سيبويه وتلاه أصحابه عليه، وهو الصواب الذي يشهده التأمّل له بصحّته» (1، 1: 54 - 46). كما أنّ الخليل لم يعين عدداً للمخارج على نحو ما نجده عند ابن جني؛ الذي عدّ ستة عشر مخرجاً وأسقط مخرج الجوف، فقد جعل مخارج اللام والراء والنون مخرجاً واحداً (1، 1: 46 - 48).

الحديث عن الوترين الصوتيين لبيان صفتي الجهر والهمس ناقض بسبب عدم معرفة القدامى عاثةً للوترين الصوتيين ممّا سبّب غموضاً في تعريفهم للمجهور والمهموس من الأصوات؛ إذ لم يكن متيسراً بحال من الأحوال وقوف أولئك اللغويين على دقائق التّشريح وتعمقهم في فهم آليات النطق، لكنّ هؤلاء الذين جهلوا الوترين الصوتيين ودورهما في النّصوبت عاثةً والجهر خاصّة تحسّسوا شيئاً من التّرديد أو الصّوت أو الصّدى المنبعث من الصّدر أو الحنجرة، وهو إدراك أولي للأثر الذي تولّده حركة الوترين الصوتيين (5).

الشَّدِيد مثلاً قالوا: طويـد يـل، ويكادون يمدّون الطَّاء أيضاً، ويقولون: عالال مبالغة في الوصف بالعلو (6).

وطول الأصوات وقصرها من الوظائف الدِّلالية المهمّة للتّغيم حيث يتمّ تحويل المعنى وقلبه تمامًا، وهذا ما نفق عليه في قول ابن جني (6، 2: 210)، وعلى ذكر طول الأصوات وقصرها لقوة المعاني المعبّر بها؛ يحكى أنّ رجلاً ضرب ابنًا له، فقالت أمّه له: لا تضربه ليس هو ابنك: فرافعها إلى القاضي، فقال هذا ابني عندي.. وهذه أمّه تذكر أنّه ليس مني، فقالت المرأة: ليس الأمر على ما ذكره، وإنّما أخذ يضرب ابنه، فقلت له لا تضربه ليس هو ابنك، ومدّت الفتحة، فتحة النُّون جدًّا، فقال الرَّجُل: والله ما كان منها هذا الطَّويل الطَّويل، فما فهمه الأبُ بتّغيم معين رفضته زوجته أمام القاضي مدّعية تنغيماً آخر، فأقسم أنّه لم يكن في كلامها هذا التّغيم الطَّويل الطَّويل، وهنا نلمس الخطورة الدِّلالية التي يمكن أن يقوم بها الإشباع، فهو يوازي عبارات بأكمالها.

ويذهب ابن جني إلى أنّ الأصوات مرهونة بما تحمله من دلالات، وأنّ المعاني تتلعّب بالألفاظ، وأنّ الأصوات تابعة للمعاني، فمتى قويت قويت، ومتى ضعفت ضعفت، وأنّ قراءة من قرأ قوله تعالى: (سورة يس: الآية 30)، (يَا حَسْرَةً عَلَى الْعِبَادِ) بالهاء الساكنة، إنّما هو لتقوية المعنى في النَّفس؛ وذلك أنّه في موضع وعظ وتنبيه وإيقاظ وتحذير، فطال الوقوف على الهاء كما يفعله المستعظم للأمر المتعجّب منه، الدّال على أنّه قد بهره وملك عليه لفظه وخاطره، فهذه الدّلالات جميعها من وعظ وتنبيه، وإيقاظ وتحذير (6، 2: 210) تستلزم التّغيم تمامًا، مثل لزومه في الاستعظام والتّعجّب والانبهار.

أمّا عن الإشباع فمن الأوزان المخروقة فَعِلَ التي تصبح فعيل، (6، 3: 121-124) قال ابن جني: وروينا عن قطرب (ت: 206هـ) نعيم

تأليف الحروف من الدَّلَق والَطَّق والصنم؛ ولأنّ في الحكاية تكرارًا مستحسنًا جاز فيها كلّ تأليف لا يجوز في غيرها (7، 58).

أمّا من حيث دوران هذه الأصوات في الكلام فقد توصّل العلماء إلى تحديد مراتب «دوران الحرف» من حيث الكثرة والقلة في اللسان العربي، وأجمع هؤلاء على أنّ الحروف المصوّتة هي أكثر الحروف في كلّ لسان، أمّا الألف فهي أكثرها في العربيّة (7، 62).

### المبحث الثالث: التّغيم وعلاقته بالمدي والإشباع والتّنبية

يقوم التّغيم بوظيفة تمييزيّة واضحة بين الجمل الإنشائيّة الاستفهاميّة والجمل الخبريّة، وذلك عن طريق رفع الصّوت، يقول ابن مهران النّيسابوري: «مذات القرآن على عشرة أوجه، ومدّ الفرق نحو: «الآن» لأنّه يفرّق بين الاستفهام والخبر، وقدره ألف تامّة بالإجماع، فإن كان بين ألف المدّ حرف مشدّد زيد ألف ليمكّن به من تحقيق الهمزة؛ نحو قوله تعالى: (سورة الأحزاب: الآية 35)، (وَالذَّاكِرِينَ اللَّهَ) فالمدّ هو (8، 1: 98) الذي يفرّق بين الخبر والاستخبار، فإذا مدّدت دلّلت على الاستفهام، أمّا إذا حذف المدّ فعلى الخبر، ومنه قرأ الحسن: (سورة عبس: الآية 2)، (أَنْ جَاءَهُ الْأَعْمَى) بالمدّ، قال أبو الفتح: (أن) معلقة بفعل محذوف دلّ عليه قوله تعالى: (سورة عبس: الآية 1)، (عَبَسَ وَتَوَلَّى)؛ تقديره: أنّ جاءه الأعمى أعرض عنه، وتولّى بوجهه..؟ فالوقوف إذاً على قوله: وتولّى، ثمّ استأنف لفظ الاستفهام منكرًا للحال، فكأنّه قال: لأنّ جاءه الأعمى، كان ذلك منه (9، 1: 352).

وفي قوله تعالى: (سورة النمل: الآية 37)، (ارْجِعْ إِلَيْهِمْ فَلَنَأَيِّبَهُمْ بِجُنُودٍ لَا قِبَلُ لَهُمْ بِهَا وَلَنُخْرِجَنَّهُمْ مِنْهَا أَدْلَلَةً وَهُمْ صَاغِرُونَ)؛ فهذا مذهب معروف عند العرب؛ لأنّهم يمدّون ما لا أصل له في المدّ عند الدّعاء أو الاستغاثة مثلاً، أو عند المبالغة في غيرهما، فإذا أرادوا أن يعبّروا عن الطول

غير معتمدته أو معتمدة عليه أسرت فيه، ولم تتأَنَّ على اللَّفْظِ المعبَّر به عنه، وكذلك الاعتراض بين المضاف والمضاف إليه.

روى الفراء (ت: 207هـ) عن بعضهم أنَّه سمعه يقول: «أكلت لحماً شاه»، وهو يريد «لحم شاه»، فأشبع الفتحة، فأنشأ عنها ألفاً. وهو اعتراض بين المضاف والمضاف إليه على ضيق الوقت وقصره بينهما (6، 2: 208). ومن ذلك قراءة الأعرج (ت: 117هـ) عن أبي الزناد بثلاثة آلاف، أو خمسه آلاف بسكون الهاء، وقد ذكر فيما قيل، فهذا تقوية وعذر لقراءة أبي سعيد (6، 2: 208)، لقد أبرز ابن جني في هذين النَّصين كيف يتمُّ الفصل بين المضاف والمضاف إليه بعناصر تنغيمية، تمثلت في المطل والوقف بينهما على الرَّغم من أنَّ الإضافة تقتضي وصل المضاف والمضاف إليه لأنَّ الثاني تمام الأول.

#### المبحث الرَّابع: القراءات القرآنيَّة في كتاب (المحتسب)

كتاب (المحتسب في تبيين وجوه شواذ القراءات والإيضاح عنها) يبحث في علم القراءات، وقد عرض فيه مصنّفه اللُّغوي الكبير ابن جني للقراءات الشاذة، وبيَّن الأصل اللُّغوي لهذه القراءات، وكشف عنها وجاء على ذلك بالشواهد اللُّغويَّة من الأشعار وأقوال العرب وجاء بالقواعد الصَّرفيَّة والنَّحويَّة أيضًا، واعتبر فيه ابن جني أنَّ هذه القراءات- وإن كان لا يتعبد بتلاوتها- فإنَّ ذلك لا يعني عدم الاستفادة منها لغة وفقها إن صحَّ سندها ولم يبلغ حدَّ التواتر.

أبرز ما تناوله ابن جني في (المحتسب):

- تعريف القرآنيَّة
- أنواع القراءات وشروطها.
- الصِّراع حول قضية القراءات قديماً وحديثاً
- باب الرَّدِّ عليهم في وجوه القراءات.
- وقد تدبَّرت وجوه الخلاف في القراءات

الرَّجلُ زَيْدٌ بإشباع كسرة العين وإنشاء ياء بعدها كالمطافيل، والمساجيد والجلاليد، والصَّياريف، إنَّ هذه الخلقة للصَّيغ الصَّرفيَّة وقيودها نتيجة الإشباع أثارت نقاشات حادَّة بين القدماء (6، 3: 121-125)، ومن ذلك ما أورده الرَّجَّاج (ت: 310هـ) عند حديثه عن (أمين): وفي (أمين) لغتان قصر ومدّ، فالمقصود عربيٌّ لكثرة فعيل في العربيَّة، والممدود مختلف فيه، وروي عن الأخفش أنَّه أعجميٌّ وكما لا يجوز لأحد أن يقول إنَّ هذه الكلمات أعجميَّات لخروجها عن كلامهم، فالألفاظ المشبعة ليست أعجميَّة، ولكنَّها أيضًا ليست مقابيس علماء الصَّرف، وأوزانهم، وإنَّما هي ألفاظ فصيحة لحقها التَّنغيم. وعلى كلِّ حال الخرق جارٌّ على كلِّ المستويات في سبيل الحفاظ على التَّنغيم ومقتضياته (10، 58).

أما النُّدبة فهي موطن آخر لرفع الصَّوت، فيها دلالة على الحزن والصَّجَر؛ لذلك وجدنا ابن جني يؤوِّل قراءة ابن أبي ليلى: قال تعالى: (سورة هود: الآية 27)، (قَالَتْ يَا وَيْلَتَا أَأَلِدُ وَأَنَا عَجُوزٌ وَهَذَا بَعْلِي شَيْخًا)؛ وأصلها: يا ويلتي، فأبدلت الياء ألفاً، لأنَّه نداء فهو في موضع تخفيف (6، 2: 213). وقال أيضًا في قوله تعالى: (سورة هود: الآية 27)، (وَنَادَى نُوحٌ ابْنَهُ)، وقرأ السَّديُّ: ابنه ممدودة الألف على النِّداء، وقيل على التَّرتيبي، وهو على الحكاية، أو النُّدبة؛ أي قال له: يا ابنه.. على النُّدبة، ولو أراد حقيقة النُّدبة، لم يكن بدّ من أحد الحرفين: يا ابنه أو وا ابنه، كقولك: وا زياده، ويا زياده (6، 1: 322-323).

#### التَّنغيم والفصل بين طرفي الوصف وطرفي الإضافة:

الفصل بين طرفي الوصف، أو التَّعليق، يقول أبو الفتح محتجاً بقراءة: (سورة يس: الآية 30)، (يا حَسْرَةً عَلَى الْعِبَادِ) (6، 2: 208)، أمَّا (يا حَسْرُهُ) بالهاء ففيه النَّظر، وذلك أنَّ قوله عَلَى الْعِبَادِ متعلّق بها، أو صفة لها، وكلاهما لا يحسن الوقوف عليها دونه، ووجه ذلك أنَّ العرب إذا أخبرت عن الشَّيء

فاعتزضت خوالج هذا الدَّهر دونه، وحالت كَبَوَاتِه فوجدتها سبعة أوجه.  
- فإن قال قائل: فهل يجوز لنا أن نقرأ بجميع بينه وبينه؟

من أجل هذا تجرَّد ابن جَنِّي للقراءات الشَّاذَّة ينوب عن شيخه في الاحتجاج لها، ويؤدِّي حقَّها عليه، كما أدَّى شيخه حقَّ القراءات غير الشَّاذَّة عليه؛ إذ كانت داعية الاحتجاج للنوعين ثابتة، والاستجابة لها لازمة؛ بل لعلَّ داعية الاحتجاج للشَّاذ أثبت، والاستجابة لها ألزم. قال في المقمَّة يشرح غرضه من الاحتجاج للشَّاذ: «غرضنا منه أن نرى وجه قوَّة ما يسمَّى الآن شاذًّا، وأنَّ ضارب في صحَّة الرواية بجرانه، أخذ من سَمَت العربية مهلة ميدانه؛ لئلاَّ يُرى مَرى أنَّ العدول عنه إنَّما هو غضُّ منه أو تهمة له». ويقول في موضع آخر منها يبيِّن رأيه في الشَّاذ ومكانه عند الله: «إلاَّ أنَّا وإن لم نقرأ في اللَّلاوة به مخافة الانتشار فيه، ونتابع مَنْ يتبع في القراءة كلَّ جائز رواية ودراية، فإنَّا نعتقد قوة هذا المسمَّى شاذًّا، وأنَّه ممَّا أمر الله تعالى بتقبُّله، وأراد منا العمل بموجبه، وأنَّه حبيب إليه، ومرضى من القول لديه».

الحقَّ أنَّ القراءات القرآنيَّة الصحيحة والمشهورة والشَّاذَّة أيضًا قد فتحت آفاقًا رحبة واسعة للدرس اللُّغويِّ، لما فيها من محاسن علوم اللغة العربيَّة وآدابها نحوًا وصرفًا ونثرًا وشعرًا، وتجلية غوامضها بصورة لا تكاد تجتمع في كتاب إلاَّ في كتب الاحتجاج لتلك القراءات، ويأتي كتاب المُحتسَب لابن جَنِّي في طليعتها، فقد صنَّفه ابن جَنِّي في أواخر حياته، وغرضه منه الاحتجاج للقراءات الشَّاذَّة، ويقصد بالشَّاذَّ ما سوى القراءات السبع وإن كان صحيحًا أو مشهورًا، ونهج فيه على غرار احتجاج شيخه أبي عليٍّ الفارسي (ت: 377هـ) للقراءات السَّبع في كتابه (الحجَّة في علل القراءات السَّبع)، وكان ابن جَنِّي في المُحتسَب كما يصفه تلميذه الشَّريف الرُّضي (ت: 406هـ) في حقائق التأويل بأنَّه: «يعلو بالتغلغل في استنباط المعاني، والتولُّج في غامضاتها، والغوص في قراراتها»، وهو كما يقول الرُّضي أيضًا: «وهو في هذا العلم- يعني علم القراءات- السَّابق المسوم، والأوَّل المقوم، والبحر الجموم، والدَّليل المأموم»، والحقَّ مع الشَّريف الرُّضيِّ كما يبدو جليًّا من كتاب المُحتسَب الَّذي هو كنزٌ في النُّحو والصَّرف والبلاغة والأدب والشَّواهد الشَّيعريَّة (11، 7).

وزاده رغبة في الإقبال على الشَّاذ والاحتجاج له أنَّ أحدًا من أصحابه لم يقدِّم للاحتجاج له على النُّحو الَّذي يريد، قال: «فإذا كانت هذه حاله عند الله، وكان مَنْ مضى من أصحابنا لم يضعوا للحجاج كتابًا فيه، ولا أولَّوه طرفان من القول عليه؛ وإنَّما ذكروه مرويًّا مسلمًا (9، 1: 11)، مجموعًا أو متفرَّقًا، وربما اعتزموا الحرف منه فقالوا القول المقنع فيه، حسنٌ بل وجب التَّوجُّه إليه، والنَّشأغل بعمله، وبسط القول على غامضه ومشكله».

فبذلك كان المحتسب في الاحتجاج لشواذ القراءات، ألَّفه أبو الفتح وقد علَّت به السنَّ، وأشرف على نهاية العمر، قال الشَّريف الرُّضيُّ: كان شيخنا أبو الفتح النُّحويُّ عمل في آخر عمره كتابًا يشتمل على الاحتجاج بقراءة الشَّواذ (13، 5: 331). وقال أبو الفتح في مقدِّمة المحتسب: «وإن قصرت أفعالنا عن مفروضاتك وصلتها برأفتك بنا، وتلافتنا من

ألَّف ابن مجاهد على رأس المائة الثَّالثة من الهجرة كتاب القراءات السَّبعة (21، 1/ 36)؛ فانقسمت القراءات إلى شاذة وغير شاذة، وغلب وصف الشَّاذ على ما عدا القراءات السَّبع. وبدا لأبي عليٍّ الفارسي أنَّ يحتجَّ للقراءات السَّبع؛ فألَّف كتابه الحجَّة، وفكَّر بعض الوقت أن يؤلِّف كتابًا مثله يحتجُّ فيه للقراءات الشَّاذَّة؛ بل إنَّه فيما يقول ابن جَنِّي في مقدِّمة المحتسب: «قد همَّ أن يضع يده فيه ويبدأ به؛

في الاحتجاج لقراءة أبي جعفر يزيد: (سورة البقرة: الآية 34)، (لَمَلَأْنِيكَ اسْجُدُوا) بضمّ الثاء: «هذا ضعيف عندنا جداً».

وليس عجيباً ولا منكوراً أن يتشابه الكتابان في المنهج على هذا النحو؛ فموضوعهما واحد، وصاحب الحجّة أستاذ لصاحب المحتسب، ووَحدة الموضوع تستدعي تشابهاً في علاج مسائله، وللاستاذ في تلميذه تأثير، وللتلميذ في أستاذه قدوة. ولهذا كان المحتسب- كما كانت الحجّة- معرضاً حافلاً، يزخر بكثير من الشواهد والتوجيهات، وألوان من الآراء والبحوث اللغوية والصوتية، التي تدلّ على الغزارة والثمّن، وعلى شمول الإحاطة، ودقّة الملاحظة، وبراعة القياس، وصحة الاستنباط. وليس هذا بكثير على أبي الفتح، ولا هو ممّا يتعاضده، فذلك دأبه في كل ما عرفنا له من كتب، ثمّ هو بعد هذا قد ألف المحتسب في آخر حياته- كما سبق- أي حين استفاضت تجاربه، واستحصدت ملكاته، وبلغت معارفه غاية ما قدر لها من نضج واكتمال.

على أنّ ابن جنّي كان يأخذ على الحجّة أنّ الشّيخ أبا علي قد أغمضه، وأطال الاحتجاج فيه؛ حتّى عيّ به القراء، وجفا عنه كثير من العلماء. قال في مقدّمة المحتسب: «فتجاوز فيه قدر حاجة القراء إلى ما يجفو عنه كثير من العلماء، وقال في الاحتجاج لقراءة: (سورة الأنعام: الآية 154)، (تماماً على الذي أحسن)، وقد كان شيخنا أبو علي عمل كتاب الحجّة في قراءة السبعة، فأغمضه وأطاله حتّى منع كثيراً ممّن يدّعي العربية فضلاً عن القراءة وأجفاهم عنه».

فلم يشأ أن يكون في المحتسب كما كان شيخه من قبله في الحجّة؛ لهذا لا تراه يُكثر مثله من الشواهد، ولا يمعن إمعانه في الاستطراد، ولا يغمض إغماضه في الاحتجاج، وهو يذكر هذا وينبّه عليه في مواطن شتى من الكتاب. فيقول في الاحتجاج لقراءة: (سورة الأنعام: الآية 158)، (لا

سيئات أنفسنا، ما امتدّت أسباب الحياة لنا، فإذا انقضت علائق مُدَدنا، واستوفي ما في الصُحف المحفوظة لديك من عدد أنفسنا، واستؤنفت أحوال الدّار الآخرة بنا؛ فاقبلنا إلى كنز جنّتك التي لم تُخلق إلّا لمن وسع ظلّ رحمتك».

وهذا كلام قلّمَا يقوله إلّا امرؤ غلب عليه التفكير في الآخرة، واستبد به حبّ التزوّد لها؛ لأنّه يشعر أنّ منيته قد دنت، وأنّ حياته قد أذنت بزوال، فهو يتخشّع لله، ويبتغي إليه الوسيلة؛ عسى أن يثيبه الله مغفرة منه ورضواناً، ولعلّه لذلك سمّاه المحتسب، واختار أن يدلّ باسمه على الغرض الذي يريده به، لا على الموضوع الذي يديره عليه.

ومنهج المحتسب كمنهج الحجّة، لا يكاد يخالفه إلّا بمقدار ما تقتضيه طبيعة الاحتجاج لقراءة الجماعة والقراءة الشاذة، فأبو الفتح يعرض القراء، ويذكر من قرأ بها، ثمّ يرجع في أمرها إلى اللّغة، يلتمس لها شاهداً فيرويه، أو نظيراً فيقيسها عليه، أو لهجة فيردّها إليها ويؤنسها بها، أو تأويلاً أو توجيهاً فيعرضه في قصد وإجمال، أو تفصيل واقتنان، على حسب ما يقتضيه المقام، ويتطلبه الكشف عن وجه الرأى في القراءة. وهو في الجملة أخذ بها واطمئنان إليها، وربّما وقع في نفسك من كثرة ما عدّد من خصائصها، واستخرج من لطفائها أنّه يؤثّر لها ويحكم لها على قراءة الجماعة، كما في الاحتجاج لقراءة الحسن: (سورة الفاتحة: الآية 6)، (اهدنا صراطاً مستقيماً).

وإن هو لم يجد للقراءة وجهاً يسكن إليه؛ إمّا لشذوذه في اللّغة، وإمّا لحاجته في الاحتجاج إلى ضرب من التّكلف والاعتساف، لم يتحرّج أن يردّها أو يضعف القراءة بها، لا يكاد يأخذها هي نفسها بهذا أو ذاك؛ ولكن يأخذ به الوجه الذي يتّجه بها إليه، فهو أخذ غير مباشر ولا صريح (9، 1: 12). فقال مثلاً في الاحتجاج لقراءة ابن محبّين: (سورة البقرة: الآية 126)، (ثُمَّ أَطْرَهُ إِلَىٰ عَذَابِ النَّارِ) بإدغام الضّاد في الطّاء: «هذه لغة مردولة». وقال

ولا ينسب بعضها الآخر، ويرويه في أكثر الأمز أبيتاً كاملة، وفي أقله أجزاء من الأبيت، يبلغ أحدها شطر البيت، وقد يقل عنه أو يزيد عليه، وربما روى الشاهد مع بعض صلته، فإذا هو معها بضعة أبيات

وأكثر شواهد مما يتردد في كتب اللغة وعلومها، وبينها طائفة من أشعار المولدين، يأتي بها للاستئناس والتّمثيل، أو لإيضاح المعنى وتأييده، قال وقد روى بيتاً للمتنبّي في أثناء الاحتجاج لقراءة: (سورة الأنعام: الآية 137)، (وَلْيَلْبَسُوا عَلَيْهِمْ دِينَهُمْ) بفتح الباء: «ولا تقلّ ما يقوله من ضعفت نحيزته، وركت طريقتة: هذا شاعر محدث، وبالأمس كان معنا، فكيف يجوز أن يُحتج به (9، 1: 14). في كتاب الله- جلّ وعزّ- فإنّ المعاني لا يرفعها تقدّم، ولا يُزري بها تأخّر. أمّا الألفاظ، فلعمري إنّ الموضوع معتبر فيها» (9، 1: 15).

#### خاتمة البحث:

الحمد لله أولاً وآخراً، والصلاة والسلام على سيدنا محمّد، بعد البحث في موضوع: (القراءات القرآنيّة عند ابن جنيّ في كتابه «المحتسب»)، وقف البحث على عدّة نتائج؛ منها:

- نظر ابن جنيّ في الصّوائت الحركات، ووجد أنّها تؤدي هي الأخرى الدور نفسه الذي تؤديه الصّوائت، وأنّ إبدال الصّوائت Apophony يؤدي هو الآخر دوراً مهماً في أداء دلالات مختلفة، وبهذا يكون قد حاز شرف السّبق إلى مثل هذا التّحليل، متقدّماً بذلك جميع علماء اللغة المحدثين.

- ابن جنيّ كان ممّن يؤمنون إيماناً قوياً بوجود الرّابطة العقليّة المنطقيّة بين الأصوات والدلّولات أو ما يسمّيه بعض المحدثين بالرّمزية الصّوتيّة؛ فابن جنيّ يتحدّث عن مراحل معيّنة في نظرية الفونيم، إنّّه يركّز على الثّنائيات الصّوتيّة التي تختلف من ناحية المخرج أو الصّفات، ويرى أنّ تقارب معنى الكلمتين يكون نتيجة تقارب الصّوتين، ولكن هذا لا يعني أنّ الكلمتين تحمّلان معنى واحداً، بل إنّ لكلّ كلمة معنى مخالفاً.

تَنْفَعُ نَفْسًا إِيْمَانُهَا)، «والشّواهد على ذلك كثيرة؛ لكن الطّريق التي نحن عليها مختصرة قليلة قصيرة» (9، 1: 13). ويقول في الاحتجاج لقراءة: (سورة هود: الآية 32)، (فَأَكْثَرْتَ جِدَلْنَا) ، ولولا أنّ القراء لا ينسبون في هذه الطّريق لنبهت على كثير منه؛ بل إذا كان منتحلو هذا العلم والمترسّمون به قلّما تطوّع طباعهم لهذا الصّرب منه، فما ظنّك بالقراء لو جُسموا النّظر فيه والتّقرّي لغزوره ومطاوويه؟

ولعزوف ابن جنيّ عن الإسهاب والإمعان في الاستطراد نراه في مقدّمة المحتسب يفضل كتاب أبي حاتم السّجستانيّ في الشّواذ على كتاب قطرب «من حيث كان كتاب أبي حاتم مقصوراً على ذكر القراءات، عارياً من الإسهاب في التّعليل والاستشهادات التي انحطّ قطرب فيها، وتناهى إلى متباعد غاياتها». على أنّ أبا الفتح- أحسن الله إليه- لم يلتزم الاقتصاد في الاستشهاد في كلّ مقام، ولا سيّما حين تكون القراءة غريبة، يدعو ظاهرها إلى التّنكير لها والتّعجب منها. فقد استشهد في قراءة: (اهدنا صراطاً مستقيماً) بعشرة شواهد، بعضها من شعر المولدين، واحتجّ لقراءة: (وَلَا أَدْرَأُكُمْ بِهِ) فأطال الاحتجاج ما شاء الله أن يطيل، ثمّ ختمه بقوله: وهذا وإن طالّت الصّنعة فيه أمثل من أن تُعطى اليد بفساده.

وعبارة المحتسب مرسلة متدقّقة، فيها طلاوة بادية، وعليها مسحة ملازمة من عذوبة الفنّ وأناقته، مبسوطة في غير حشو ولا فضول، يشبع فيها الازدواج، ويطول الفصل، جزلة الألفاظ، لا تخلو أحياناً من بعض الغريب الذي يحتاج في الكشف عن معناه الذي يقتضيه المقام إلى فضل تأوّل وإمعان، وفي مقدّمة الكتاب أمثلة له متفرّقة.

أمّا شواهد المحتسب فكثيرة؛ لكن يشبع فيها التّكرار؛ لتكرر مقتضيات الاستشهاد بها، وجملتها من الثّبعر، وفيها قليل من حديث الرّسول وكلام البلغاء والأمثال السّائرة، وطريقته في إبرادها لا تخالف طريقة العلماء الآخرين؛ فهو ينسب بعضها

على نهاية العمر، قال الشريف الرضي: كان شيخنا أبو الفتح النحوي عمل في آخر عمره كتاباً يشتمل على الاحتجاج بقراءة الشواذ. وأكثر شواهد مما يتردد في كتب اللغة وعلومها، وبينها طائفة من أشعار المؤدبين، يأتي بها للاستئناس والنمثيل، أو لإيضاح المعنى وتأييده.

- القراءات القرآنية الصحيحة والمشهورة والشاذة أيضاً قد فتحت أفقاً رحبة واسعة للدرس اللغوي، لما فيها من محاسن علوم اللغة العربية وآدابها نحواً وصرفاً ونثراً وشعراً، وتجليه غوامضها بصورة لا تكاد تجتمع في كتاب إلا في كتب الاحتجاج لتلك القراءات، ويأتي كتاب المختسب لابن جني في طليعتها، فقد صنّفه ابن جني في أواخر حياته، وعرضه منه الاحتجاج للقراءات الشاذة، ويقصد بالشاذ ما سوى القراءات السبع وإن كان صحيحاً أو مشهوراً، ونهج فيه على غرار احتجاج شيخه أبي علي الفارسي (ت: 377هـ) للقراءات السبع في كتابه (الحجة في علل القراءات السبع).

- تجرّد ابن جني للقراءات الشاذة ينوب عن شيخه- أبي علي الفارسي- في الاحتجاج لها، ويؤدّي حقّها عليه، كما أدّى شيخه حقّ القراءات غير الشاذة عليه؛ إذ كانت داعية الاحتجاج للنوعين ثابتة، والاستجابة لها لازمة؛ بل لعلّ داعية الاحتجاج للشاذ أثبتت، والاستجابة لها ألزم.

- شواهد المحتسب كثيرة؛ لكن يشيع فيها التكرار؛ لتكرّر مقتضيات الاستشهاد بها، وجملتها من الشعر، وفيها قليل من حديث الرسول وكلام البلغاء والأمثال السائرة، وطريقته في إيرادها لا تخالف طريقة العلماء الآخرين؛ فهو ينسب بعضها ولا ينسب بعضها الآخر، ويرويها في أكثر الأمر أبياتاً كاملة، وفي أقلّه أجزاء من الأبيات، يبلغ أحدها شطر البيت، وقد يقلّ عنه أو يزيد عليه، وربما روى الشاهد مع بعض صلتها، فإذا هو معها بضعة أبيات

- شدّد ابن جني على قيمة التلويّنات الصوتية وجعلها في مستوى دلالات المقام، فأما إن عريت من الدلالة عليها من اللفظ أو من الحال فإنّ حذفها لا يجوز. وذلك ما يفهم من تخريجات ابن جني لكثير من قضايا القراءات في كتابه «المحتسب في تبين وجوه القراءات والإيضاح عنها».

- وقف ابن جني على طول الأصوات وقصرها، وبيّن أنّها من الوظائف الدلالية المهمة؛ حيث يتمّ تحويل المعنى وقلبه تماماً، فقد اهتمّ بذكر طول الأصوات وقصرها لقوّة المعاني المعبر بها، كما ذهب ابن جني إلى أنّ الأصوات مرهونة بما تحمله من دلالات، وأنّ المعاني تتلعب بالألفاظ، وأنّ الأصوات تابعة للمعاني، فمتى قويت قويت، ومتى ضعفت ضعفت.

- يقوم التنعيم بوظيفة تمييزيّة واضحة بين الجمل الإنشائيّة الاستفهاميّة والجمل الخبريّة، وذلك عن طريق رفع الصوت، يقول ابن مهران النيسابوري: «مدّات القرآن على عشرة أوجه، ومدّ الفرق نحو: «الآن» لأنّه يفرّق بين الاستفهام والخبر، وقدره ألف تامّة بالإجماع، فإن كان بين ألف المدّ حرف مشدّد زيد ألف ليتمكّن به من تحقيق الهزمة.

- وطول الأصوات وقصرها من الوظائف الدلالية المهمة للتنعيم حيث يتمّ تحويل المعنى وقلبه تماماً، وهذا ما نفق عليه في قول ابن جني، وعلى ذكر طول الأصوات وقصرها لقوّة المعاني المعبر بها.

- الحكاية هي بيان المحكي صوتاً مناظراً لأصوات الطبيعة، وهذا ممّا ابتدعه الخليل وسار عليه سيبويه ووسّعه ابن جني.

- الإشباع من الأوزان المخروقة فعلّ التي تصبح فعيل. أما الندبة فهي موطن آخر لرفع الصوت، ففيها دلالة على الحزن والضجر.

- كان المحتسب في الاحتجاج لشواذ القراءات، ألفه أبو الفتح وقد علّت به السنّ، وأشرف

### المصادر والمراجع:

- 1 - ابن جني، سر صناعة الإعراب، دار الكتب العلمية، بيروت، 1421هـ/ 2000م.
- 2 - الفراهيدي، الخليل بن أحمد، معجم العين، تحقيق: عبد الحميد هنداوي، دار الكتب العلمية، بيروت، 1424هـ/ 2003م.
- 3 - ابن جني، سر صناعة الإعراب.
- 4 - سيبويه، الكتاب.
- 5 - سيبويه، الكتاب، 3: 548. ابن جني، سر صناعة الإعراب، 1: 8. الخوارزمي، مفاتيح العلوم، مؤسسة هنداوي، القاهرة، 2020م، 94. الإستراباذي، محمد بن الحسن الرضي، شرح شافية ابن الحاجب، دار الكتب العلمية، بيروت، 1395هـ / 1975م، 3: 258 - 259. هنري فليش، التفكير الصوتي عند العرب في ضوء سر صناعة الإعراب، تعريب وتحقيق: عبد الصبور شاهين، بحث في مجلة مجمع اللغة العربية بالقاهرة، العدد (23)، 1968م، 58. غانم قدوري الحمد، الدراسات الصوتية عند علماء التجويد، دار عمار، عمان، الطبعة الثانية، 1428هـ/ 2007م، 77- 78.
- 6 - ابن جني، الخصائص، تحقيق: محمد علي النجار، الطبعة الثانية، دار الهدى للطباعة والنشر، القاهرة.
- 7 - أحمد محمد قدور، أصالة علم الأصوات عند الخليل من خلال مقدمة العين، دار الفكر، دمشق، الطبعة الثانية.
- 8 - السبوطي، جلال الدين، الإتقان في علوم القرآن، تحقيق: محمد أبو الفضل إبراهيم، وزارة الشؤون الإسلامية والأوقاف والدعوة والإرشاد، السعودية.
- 9 - ابن جني، المحتسب في تبين وجوه القراءات والإيضاح عنها.
- 10 - سامي عوض - عادل علي نعامه، «دور التنعيم في تحديد معنى الجملة العربية».
- 11 - الجبلي، حازم، أثر المحتسب في الدراسات النحوية، مطبعة الوفاء، دمشق.
- 12 - ابن الجزري، شمس الدين أبو الخير، النشر في القراءات العشر، تحقيق: علي محمد الضبّاع، المطبعة التجارية الكبرى (تصوير دار الكتاب العلمية) عدد الأجزاء (2).
- 13 - الرضي، الشريف، حقائق التأويل، تحقيق وشرح: محمد رضا آل كاشف الغطاء، دار المهاجر للطباعة والنشر والتوزيع، بيروت.

## МЫСЫРДАҒЫ МӘМЛҮК ҚЫПШАҚ БИЛІГІНІҢ ИСЛАМИ ЗАҢДАСТЫРЫЛУЫ

Сәки Қайрат Ұзақұлы

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

Байбарыстану орталығының директоры

Алматы қ., Қазақстан

إضفاء الشرعية الإسلامية على سلطة ممالك القبحاق في مصر

خيرات سكي

مدیر مرکز بیبرس للدراسات

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك

الماتي، كازاخستان

## ISLAMIC LEGITIMIZATION OF THE REIGN OF THE MAMLUKS KIPCHAKS IN EGYPT

Kairat Saki

Director of the Center for Baybars Studies

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak

Almaty, Kazakhstan

## ИСЛАМСКАЯ ЛЕГИТИМИЗАЦИЯ ВЛАСТИ МАМЛЮКОВ КИПЧАКОВ В ЕГИПТЕ

Саки Қайрат Узақұлы

Директор Центра Байбарсоведения

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак

г. Алматы, Казахстан

**Аңдатпа:** Байбарыс сұлтан бастаған мәмлүктер өздерінің билігін заңдастыру үшін дінді саяси мақсатқа пайдаланды. Олар әскери емес саланы жергілікті дін адамдарының басқаруына бере отырып, беделді шейхтерді бақылауда ұстауға ұмтылды. Байбарыс

сұлтан 1261 жылы Каирде халифаны қайта таққа отырғызып, мәмлүк қыпшақ билігін Египетте ғана емес, бүкіл мұсылман әлемінде заңдылық тұрғысынан бекітті. Оның үстіне крестшілер мен елхан империясына қарсы жан аямай күресуі олардың мұсылмандар алдындағы беделін көтерді.

Қыпшақ мемлекетіне барынша түркілік сипат беруге тырысты. Дешті-Қыпшақпен байланысты жандандырып, жауынгерлік дала дәстүріне, ана тіліне адалдығынан танбады. Қырымнан жылына екі кеме қыпшақ бозбала мен бойжеткендерді алып өтумен бірге түркі жылқысы, бүркіт, байтөбет, тазы, қос өркешті түйе әкелетін.

Қыпшақ мәмлүктер кезінде Египет түркі мемлекеті империяға айналып, оның ислам дінінің төрт мәзһабын теңестіруі әр мәзһабтың білгірлеріне, ғұламаларға деген сұраныс тудырды. Каирге Түркістаннан шыққан ғұламалар, шейхтер келе бастады.

**Түйін сөздер:** мәмлүк, халифа, Байбарыс, заңдылық, мәзһабтар.

**الملخص:** استطاع المماليك بقيادة السلطان بيبرس إضفاء الشرعية على سلطتهم، لقد سعى إلى إبقاء الشيوخ المؤثرين تحت السيطرة، ووضع المجال غير العسكري تحت سيطرة المتدينين المحليين، فقد أعاد السلطان بيبرس عرش الخلافة الإسلامية في القاهرة عام ١٢٦١ هـ، وأظهر قوة القبجاق ليس فقط في مصر لكن في جميع أنحاء العالم الإسلامي. علاوة على ذلك، فإن نضال المماليك ضد الصليبيين وإمبراطورية إلخان رفع هيبته أمام المسلمين. سعى القبجاق إلى إعطاء الدولة طابعاً تركيا أكثر، لقد أعادوا إحياء العلاقات مع ديشت القبجاق، وظلوا أتباعاً مخلصين للتقاليد العسكرية للسهوب العظيمة، لغتهم الأم جلبت سفينتين سنوياً من شبه جزيرة القرم فتيان وفتيات القبجاق إلى مصر. تم إحضار الخيول التركية والنسور الذهبية والكلاب السلوقية والجمال ذات الحذب المزدوج. خلال فترة المماليك في القبجاق، أصبحت القاهرة عاصمة الإمبراطورية، وتسببت معادلة المذاهب الأربعة الإسلامية في طلب الخبراء والعلماء في كل مجال، وبدأ العلماء والشيوخ من تركستان يتدفقون إلى القاهرة. **الكلمات المفتاحية:** المماليك، الخليفة، بيبرس، الشرعية، المذاهب.

**Abstract:** The Mamluks, under the leadership of Sultan Baybars, were able to legitimize their authority. They sought to keep influential sheikhs under control, placing the non-military sphere under the control of local religious figures. Sultan Baybars restored the Islamic caliphate in Cairo in 1261, demonstrating the power of the Kipchak not only in Egypt but throughout the Islamic world. Moreover, the Mamluks' struggle against the Crusaders and the Ilkhanate Empire elevated their prestige among Muslims. The Kipchak sought to give the state a more Turkish character. They revived relations with the Desht-i Kipchak and remained loyal followers of the military traditions of the Great Steppe, their native language. Two ships annually brought Kipchak boys and girls from the Crimean Peninsula to Egypt. Turkish horses, golden eagles, saluki dogs, and double-humped camels were also brought.

During the Mamluk period in Kipchak, Cairo became the capital of the empire, and the equal status of the four Islamic madhhabs (schools of thought) led to a demand for experts and scholars in every field. Scholars and sheikhs from Turkestan began to flock to Cairo.

**Keywords:** Mamluks, caliph, Baybars, legitimacy, madhhabs.

**Аннотация:** Мамлюки во главе с султаном Байбарсом использовали религию в политических целях, чтобы узаконить свою власть. Они стремились держать под контролем влиятельных шейхов, отдавая невоенную сферу под управление местных религиозных людей. Возвращение султаном Байбарсом на престол Халифа в Каире в 1261 году утвердил кипчакскую власть с точки зрения легитимности не только в Египте, но и во всем мусульманском мире. Более того, самоотверженная борьба мамлюков с

крестоносцами и империей ильханов подняла их авторитет перед мусульманами. Кипчаки стремились придать государству более тюркский характер. Оживили связи с Дешт-и-Кыпчаком, оставались верными приверженцами боевой традиции Великой степи, родному языку. Два судна в год из Крыма, доставляли в Египет кипчакских юношей и девушек. Привозили тюркских лошадей, беркутов, байтобетов, борзых, двугорбых верблюдов.

Во время мамлюков кипчаков Каир стал столицей империи, а приравнивание четырех мазхабов ислама вызвало спрос на знатоков, ученых каждого направления. В Каир стали стекаться ученые, шейхи из Туркестана.

**Ключевые слова:** мамлюк, халиф, Байбарс, легитимность, мазхабы.

**Кіріспе.** Түркі мәмлүктер бөтен этникалық, лингвистикалық ортада еріксіз бола жүріп, мемлекеттік басқару тетігіне қалай қол жеткізе алғандығының алғышарттарын тарихшы Ибн Хасул (1058 жылы қ.б.) өзінің «Китаб тафдил әл-атрак ала саир әл-аджнад» (Түркілердің басқа ұлт жауынгерлерінен артықшылығы туралы кітап) атты шығармасында жан-жақты негіздеп береді. Осы тарихшының сөзіне қарағанда, ислам әлеміне соғыс тұтқындары ретінде сатылып әкелінген түркілер: *«Ішер аста, киер киімде, мінер атында иесімен тең жүрмесе, ырза болмайтын. Басқа сатылып алынған құлдар мен тұтқынға түскендер секілді жер сытыру, жылқы күту және т.б. сол секілді өздері істеуге ұят санаған жұмыстарды мүлде істемейтін. Ал бас бостандығын алған түркілер әскери қызметке алынған соң әскербасы, топ басы, басқа да бұйрық беретін, басқаратын жұмыстарға ұмтылатын, басқа істерді қабыл алмайтын»*. (Ибн Хасул, 2019: 41)

Түркілер мұсылман қоғамында ешқашан дәрежесі төмен жұмысқа не іске бармағандықтан, олардың тектілігі, мықтылығы туралы аңыз-әңгімелер кеңінен тарап, Ұлы Дала ұландарының айрықша болмысы төңірегінде ерекше түсінік қалыптасады. Аббасид халифалары кезінде түркілер өздерінің санының аздығына, көбінесе еріксіз әкелінгендігіне қарамастан, мұсылман қоғамындағы

маңызды ұлттардың қатарына кіреді. Сондықтан түркілерден құралған әскер мен түркілерден тұратын әскербасылар Халифаттың иерархиясында өздеріне лайық орын алады. Халифа оларды әртүрлі ұлттан құралған Халифаттың түрлі түкпірлеріндегі тәуелсіздік жолындағы қозғалыстарды басу үшін де қолданады. Осыған байланысты олардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлі артып, олардың қатарынан уәзірлер, уәлилер және тағы басқа да жоғары лауазым иелері шыға бастайды. Сол себепті кез келген империялар секілді Халифат та ыдырағанда одан бөлініп шыққан әмірліктердің басында, негізінен, түркілер тұрады.

### Материал мен әдістер

Осы мақаланың дереккөз негіздері ретінде ортағасырлық тарихшылардың шығармалары алынды. Мақаланы жазуға объективтік, тарихилық, жүйелілік, салыстырмалық және талдау мен жинақтау, даму сияқты ғылыми таным принциптері басшылыққа алынды. Осы методологиялық негіздерді қолдану барысында мәмлүктер сақтаған ұлттық ерекшеліктер басты назарда болды.

### Нәтижелер мен талқылау

Мәмлүк қыпшақ мемлекеті деген атпен белгілі болған мемлекеттік құрылым 1250-1382 жылдар аралығында 132 жыл өмір сүрді. Бұл мемлекетті бір топ дарынды сұлтан басқарды. Құтыз сұлтан 1260

жылы Айн Джалут шайқасында Хулагу хан әскерін талқандап, мұсылман туын жықпай ұстап қалса, Байбарыс (Сәки, 2022: 34-39) сол дәстүрді жалғастырып, 1292 жылға қарай крестшілер қамалдарының жойылуын, өздерінің теңіз асып қашуын қамтамасыз етіп кетті. Египет мәмлүк империясының тоғыз жолдың торабында жатқан басты аумағына, ал Каир соның басты қаласына айналады.

Тарихи тұрғыдан алғанда Египет халқы мемлекет пен дінді бөліп қараған. Оның себебі билік пен дінге ондай көзқарас олардың өткен заман барысында жинаған тәжірибесінің қорытындысы деп бағаласа болады. Мысалы, Египеттегі фатимидтер билігі тұрғындардың көпшілігі сүннит екендігіне қарамастан шиға билігі болған. Сүнниттердің шиғаға қатысты көзқарасы белгілі. Ал Тулун, Ихшид, аюбидтер билігі жат жұрттық түркі билігі болды. Осындай тәжірибеден тұрғындар мемлекет пен дін ұғымын бір-бірінен бөлек алып қарайтын.

Тарих сахнасына қыпшақ-бахри деген атпен шыққан түркі жауынгерлері құрған мемлекет бұрынғы қабылданған түсінікке сай келмеді. Қыпшақ мәмлүктерінің билігі олардың шымбайына батты. Олардың жауынгерлік қабілеті басшыларының лидерлік қасиетіне қарамастан жергілікті кейбір дін адамдары бұрын «құлдық қамытын кигендіктен» мұсылман халқын басқаруға заңды құқықтары жоқ деп санады. Олар жатжұрттықтарды күштері жетсе төңкеріп-ақ тастағылары келді.

Құлдық мәселесі 1230 жылдары мәмлүктер билікке келмей тұрып ауық-ауық көтерілетін сұрақ болатын. Тұрғындар араб емес билікке қарсылық көрсетті: *«Мәмлүктер мемлекеттегі тұрғындар арасын бөліп тұрған кедергіні сезетін. Жергілікті халық*

*оларға бұрынғы құлдар деп бас кезінде оларды қабыл алмады»* (Саид, 2018: 45). Ибн Шаһин: *«Мәмлүк бектері мен сұлтандары өздерін дінді қорғаушылар ретінде көрсетуге тырысты; олар үлкен мешіттер, жұма мешіттерін, медреселер салды, қайырымдылық, діни және мәдени қайырымдылықты көбейтті, дін адамдарын қазы, сол жерлерде дәріс оқытқызды»*, (Саид, 2018: 199) – деп мәмлүктер құлдық таңбасын жоюға тырысты деп көрсетеді.

Құлдық мәселесі 1230 жылдары мәмлүктер билікке келмей тұрып, үлкен саяси дағдарысқа әкелген күрделі сұрақ болатын. Билік басындағы мұсылман, бірақ басқа этникалық қауымдастықтың өкілдерімен, оның үстіне құлдық таңбасы тиген қарулы қатал адамдармен ынтымақтастық орнатқан дін адамдарының жергілікті қоғам алдындағы жауапкершіліктері зор еді.

Атақты қазы, факих, тәпсірші, лингвист–имам әл-Изз бен Абдусаламның (1181-1262) «ғұламалардың сұлтаны», «бектерді сатушы» және «шайхы ислам» деген лақап аттары болған. (Аз-Зухейли, 1992: 41-42). Ол құқықтық сұрақтар бойынша билеушілерге кеңес беруімен және егер олар ислам заңдарына қайшы келсе, оларға қарсы тұруымен танымал еді.

«Бектерді сатушы» деген лақап атына байланысты аңыз бойынша ол Дамаск билеушісімен араздасып, Египетке көшіп кетеді. Каирге келген имам әл-Иззге аюбид сұлтаны Нәжмүддин құрмет көрсетсе де, ғұлама бұл елдегі жүйенің дұрыс емес екеніне байланысты мәшһүр пәтуасын шығарады.

Ол пәтуа күшейіп келе жатқан мәмлүк бектеріне қатысты еді. Мәмлүктер аюбид мемлекетінде сол кезеңде ірі

мансаптарға тағайындала бастаған еді. Шейх мәмлүктер бас бостандықтарын алмаған, сондықтан басқару мансаптарын иеленуге құқықтары жоқ деген пәтуа шығарады. Сонымен не керек, бектер өре түрегеледі, тіпті шейхты өлтірмек те болады. Соңында сұлтан бектердің наразылықтарына қарамай бектердің бас бостандықтарын беру процедурасын жасауға мәжбүр болады (Аз-Зухейли, 1992: 182).

Іс жүзінде, шейх әл-Изз бин Абдусалам Египетке 1236 жылы келеді, түркі бектеріне қатысты пәтуасы шамамен сол жылдары шығады. Ал мәмлүктер билікке 1250 жылы, Байбарыс сұлтандыққа 1260 жылы көтеріледі. Бұл кезге қарай мәмлүктерге қарсы дауыстар барынша бәсеңдеген еді. 1262 жылы дүниеден озған шейх әл-Изз бин Абдусалам 1260 жылы Байбарысқа адалдық туралы ант береді. Бір атап өтерлік тұсы, Байбарыс шейхтің жаназасына қатысқан.

Сондықтан қыпшақ сұлтандары, біріншіден, тұрғындардың діни сезімдеріне әсер ету арқылы биліктерін заңдастыра алатындығын тез түсінді. Ғұламалар, шейхтер, сопылар, жалпы дін өкілдеріне байсалды көзқараспен қарау билікті заңдастыруға септігін тигізеді деп есептеді.

Екіншіден, қыпшақ мәмлүктер заманы көшпелі түркі атының дүркіреп тұрған кезі болатын. Жеме-жемге келгенде көшпелілер 1258 жылы Халифат астанасы Бағдат қаласын күшпен алып, халифаны кілемге орап, тепкілеп өлтіріп, ешқандай заңдастырусыз өз билігін орнатқан еді.

Оның үстіне Алдыңғы Азия мен Шам, Месопотамияға түркі тайпаларының толқын-толқын көші, түркілерге қарсы крест жорықтарының басталуы,

көшпелілердің соққысынан көпұлтты Халифаттың ыдырауы бұл аймақта бұрын болып көрмеген саяси, діни, әлеуметтік, демографиялық сілкіністер мен өзгерістерге әкелді. Ф. Кардини бұл жөнінде: *«Ислам әлеміндегі үстемдік арабтардан түркілерге көшкен еді. Араб тілі ислам дінінің қасиетті тілі ретінде қала берді, бірақ кейбір функцияларын парсы тіліне беруге мәжбүр болды. Құнарлы жерлердегі қалаларда тұратын саны шектеулі арабтар мен көшпелі тайпалар есепке алынбайтын. «Араб» сөзі «бәдеуи» сөзінің синониміне айналған еді»,* (Кардини, 1981: 147) – деп көрсетеді.

Мәмлүк қыпшақ сұлтандары заманында Египет пен Шам халқының түрлі әлеуметтік тобы мен табы саяси жағынан сұлтанға, діни жағынан халифаның сөзіне қарап тұрды. Сол кездегі түсінік бойынша сұлтан мен халифа жоғары тапты, мәмлүк бектері мен әскері екінші тапты, урбан (көшпелі араб) атауымен бәдеуи тайпалары үшінші тапты білдірген. Тіпті кейбір мұсылман ойшылдары мұсылман қоғамы ғұламалар мен әмірлерден тұрады және сол қоғам осы екеуінің күшімен орныққан деп санады. Әмірлер – мемлекет адамдары, ғұламалар – дін адамдары. Осы екі топтың қарым-қатынасы – қоғам мен адамдар арасындағы қалыпты байланыстың кепілі.

Мәмлүк сұлтаны – мемлекет басшысы, саяси тұлға, ал дін адамдары, қазылар – қасиетті Құраннан, пайғамбар (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) сүннетінен бастау алатын шарифат өкілдері. Сұлтан бастаған, негізінен, әскери іспен айналысатын әлеуметтік топты қылыш иелері, ал діни, әкімшілік істермен шұғылданатындарды қалам иелері немесе сәлде кигендер деп атайтын.

Қылыш иелері жергілікті халықтың оқыған бөлігін мемлекеттік басқаруға

тартып, оларға діни, әкімшілік жұмыстарын бергенімен жалпы халықпен араласып кетуге, қыз алуға бармайтын. Бастапқыда қара халық «құлдық қамыты тиген» деп қыпшақ билеуші тобын мойындамайтын, менсінбейтін. Осындай тығырықтан шығуда дін адамдары, қазылар, имамдар, шейхтер өздерінің пәтуалары, шариғат үкімдері, уағыздары, құтпалары арқылы екі тараптың ортақ консенсуске келуіне септігін тигізді.

Хатшылық диуанында (кеңсесінде) маңызды мансаптардың қатарына құпия хатшы жұмысы жататын. Тарихшы Ибн Халдун: «Құпия хатшы мансабын түркі мемлекетінде дін адамдары иеленетін. Түркі дауадар (сұлтан кеңсесінің меңгерушісі) арабшаға жетік, есепке жүйрік дін өкіліне мұқтаж еді», (Ибн Халдун, 1981: 247) – деп көрсетеді.

Уақыт өте келе қыпшақ мәмлүк сұлтандары өзінің әскери күші, бектері мен жауынгерлеріне және дін өкілдерінің мызғымас беделі мен шариғатқа арқа сүйеді. Халифат туын қайта көтеру олардың осы екінші факторға үлкен мән бергендігін көрсетеді. Байбарыстың 1260 жылғы Халифатты қалпына келтіруі дін ғұламалары мен шариғат заңгерлері тарапынан қызу қолдауға ие болған еді. Оның үстіне қыпшақ сұлтандары кезіндегі діни құрылыс саласындағы бұрын-соңды болмаған дүмпудің жергілікті мұсылман қауымында рухани әсері өте күшті болды.

Дін өкілдерінің қыпшақ сұлтандары кезіндегі орны мен ықпалы туралы айтқанда олар мұсылман қоғамының мінез-құлқы, жан дүниесіне қатысты рухани, діни, моральдық жағын тәрбиелеу, түзу жолға салу, әділет орнату, зұлымдыққа жол бермеуге қатысты сұрақтарға сөзбен де, іспен де жауап беруі тиіс болатын. Сол заманда айбатты қыпшақ сұлтандары алдында ақиқатты қайықпай

айта алатын санаулы дін өкілдерінің болуы дін мен билік арасындағы үйлесімді халық пайдасына қарай шешті.

Ғұламалар мемлекеттік құрылымда жоғары діни мансапқа көтеріліп, жергілікті қоғамда ерекше орын алған. Сұлтандар саяси шешімнің шариғатпен үйлесуін қамтамасыз ету үшін дін адамдарына жүгінетін. Сәлделілер деп аталған дін адамдары шариғат талаптарының мүлтіксіз орындалуын қадағалайтын. Оқығандар, жазу, есеп, шариғатты білетіндер қалам иелері қатарына өте алатын.

Мысырлық христиандар копттар хатшылық, есеп істерінде мұсылмандарға бәсекелес бола алды. Олардың көпшілігі сұлтан диуандарында ұзақ жыл қызмет істеп, өз діндерінен бас тартқан жоқ. Ал қазылық, шариғатқа сәйкес хисба (дау-тартысты шешу), уақыпты, қаржы басқару, пәтуа шығару, медреседе оқытушылық, құтпа айту, мешіттерде имамдық, сопы үйлерінде машайық секілді діни істерге қатысты мансаптарға тек ғұламалар тағайындалатын.

Дін адамдары үшін ол кезде ең құрметті мансап қазылық жасау, әділ төрелік ету болатын. Бас қазыны сұлтан тағайындайтын. Ол шариғат негіздерін терең білетін, асқан әділет сезімі бар, сұрақты жан-жақты қарастыра алатын, шындыққа жеткенше сабыр сақтайтын, шешімдерінде ақиқатты басшылыққа алатын, сенімді, жеке пайдаға ұмтылмайтын, Алладан қорқатын адам болуы керек.

Байбарысқа дейін бұл мансапқа шафиғи қазылары ғана тағайындалатын. Енді мәмлүк империясының түкпір-түкпіріндегі елді мекендерде әр мұсылманға өзінің мәзһабының қазысына жүгіне алатын мүмкіндік туды.

Сот-қазылық ісінің маңыздылығына қарай қазылар мемлекеттен ай сайын 50

алтын динар көлемінде жақсы жалақы алатын болған. Қазылардың ішінде міндеттерін Алланың жүзі үшін атқарған аскеттер де кездеседі. Мысалы, бас қазы ханбалит Шамсуддин әл-Мақдиси (1283 жылы қ.б.) дегенге білім, жұмыс жағынан теңдес қазы болмаған. 12 жыл қазы қызметін атқарып көк тиын алмаған. Байбарыс оны қатты сыйлаған.

Ғұламалар билеуші топ өкілдерімен кездесуге аса құлықты болмаған, алайда халық мүддесін қорғайтын мәселелердің шешімін табуда жиынға қатысуға ерекше мән берген. Имам ас-Субки: *«Дін мен ақиқат үшін сұлтан алдына бара берсе болады»*, (Ас-Субки, 1986, 68) – деп көрсетеді.

Билік басындағы мұсылман болса да басқа этникалық топтың өкілдерімен, оның үстіне құлдық табы тиген қарулы катал адамдармен ынтымақтастық орнатқан дін адамдарының жергілікті қоғам алдындағы жауапкершігі зор еді. Құран аяттары мен хадистерді түсіндіретін факиһтар, пәтуа шығарып, құтпа-уағыз айтатындар, оқытушылар мен мұғалімдер қоғамның жай-күйін сергек қадағалап, туындаған сұрақтарға жауап беруі тиіс болатын.

Ғұламалардың ақсүйегі, бас қазы, шафиғи шейхы, ғұлама Ибн Бинт әл-Ағазз (Аз Зухейли, 1992: 154) деген атпен белгілі болған Таджуддин Ибн Бадр 1207 жылы туған. Әкесі ерте қайтыс болып, аюбид мемлекетінің министрі болған нағашы атасы әл-Ағазздың қолында өседі. Ибн Бинт әл-Ағазз деген лақап аты әл-Ағазздың қызының баласы дегенді білдіреді. Ақылды болып өскен балаға сол уақыттың белгілі ғалымдары дін ілімдерін оқытады. Пәтуа шығару мен дәріс беруге ерте араласады, жазу мен есепке де жүйрік болады. Қаржы үйінде тәжірибе жинап, Египет сұлтаны Наджмуддин

Аюптың (1239-1249) диуан (кеңсе) істеріне жауапты адам болып істейді.

1256 жылы Таджуддин Ибн Бадр алғаш рет қазы болып тағайындалады. Бұл қазы бір іс бойынша қандай адам сұраса да шарифатқа қайшы келсе, көмектесуден бас тартатын. Сол мінезі үшін халық оны ұлықтайтын, Байбарыс та оны сыйлайтын. Байбарыс оған қыпшақ мемлекетіндегі шарифатқа қатысты барлық істі тапсырып, мен өлгенше не өзің өлгенше жұмыстан кетпейсің деп айтады екен. Өмірінің соңына дейін 1266 жылы қайтыс болғанша Байбарыспен тығыз қатынаста болып, көп жағдайда оған еріп жүретін болған. Шейх бас әмірлер көрсін деп Байбарысқа әдейі еріп жүреді екен. Себебі ол үнемі сұлтан қасында жүргендіктен бас бектер өктемдік жасауға бармайтын.

Біз осы шейхтің өмірінен қыпшақ мәмлүк билігі кезінде жоғары діни мансапқа қол жеткізген, жергілікті қоғамға әсері орасан зор, кіршіксіз беделі мен шексіз абыройы бар дін өкілдері, іс-әрекеттері жергілікті діни білім алғандардың қаймағы саналған ғұламалар таразы басын теңестіретін ықпалды билеушілер мен халық арасын байланыстыратын тұлғаға айналғанын, олар қылыш иелеріне сұлтан арқылы ислам айбынын көрсетуге тырысқанын көреміз.

Сопылық тариқаттардың шейхтері, кезбе шейхтер, зиратта тұратын шейхтер өздерін дәріптейтіндер мен сондарынан еретіндерге орасан зор әсер ете алатын еді. Сондықтан Байбарыс сұлтан олардың халықты билікке қарсы көтеріп жібере алатын әлеуеттерінен қауіптенетін. Сондай тұлғалардың қатарына әл-Бәдеуи, әл-Қаббари, ан-Науауи секілді тәуелсіз шейхтер жатты. Мысалы, елхан Абақа ханға қарсы аттанып бара жатқан Байбарыс Дамаск қаласына әскерімен келіп тоқтайды. Әділет үйінде Дамаскінің игі

жақсыларымен сұхбаттасып отырғанда үстеріне шейх имам ан-Науауи (1233-1278) деген атпен белгілі ғұлама, хадистанушы кіреді.

Шейхке құрмет көрсетіп, барлығы тұрып қарсы алады. Сұлтан одан не шауасы бар екенін сұрағанда, шейх: *«Сен халықтан көмек сұрап, олар көтере алмайтын салмақ салыңсың. Сол туралы ақылдасқалы келдім. Сен әр мәмлүкті жиырма мың дирһемге сатып алып, олардың белін асыл тас қондырылған кемермен белбеулейсің, алтынмен апталған ер-тоқымға отырғызасың. Егер бір қазы сенің халыққа салған салығыңды мақұл деп тауып, пәтуасын берсе, онда оның Алла мен пайғамбарға қарсы келгені»,* – дейді. Сонда Байбарыс: *«Шейх, алақаныңды жай, сенің отбасыңды салықтан босатамын»,* – дегенде, шейх: *«Мен өзім үшін емес, Алланың жолы мен мұсылмандардың ақысы үшін келдім»,* – деп, кездесу орнынан шығып кетеді.

Кейбір нұсқаларда: *«Мен сенің Бундуқтар бектің құлы болғаныңды, тақыр кедей болғаныңды білемін, кейін Алланың таңдауы саған түсіп, патша болдың. Барлығы алтын белбеу таққан мың мәмлүгің, өзінде 200 кәнизак бар деп естідім. Әр кәнизактың алтын әшекейлерге ақысы бар. Осылардың барлығын жаратып, мәмлүктерің алтын белбеусіз, жүннен жасалған белдікпен қалса, кәнизактарың алтын әшекейсіз қалса, мемлекеттің қазына үйінде қаржы қалмаса, айтқаныңа келісер едім. Елден жиһад жолына қаржы жина деп пәтуа берер едім»,* (Ад Дикр, 1984: 108) – деп айтқанымен белгілі.

Көріп отырғанымыздай, түрлі сопылық тариқаттар болған, оның басшылары айтарлықтай дербестікке, ой-пікір бостандығына ие болған. Тәуелсіз шейхтер әл-Бәдеуи, әл-Қаббари және сопы шейхтер мәмлүк мемлекетінің басшыла-

рына қарсы батыл сөйлей алатын болған.

Соған қарамастан, қыпшақ сұлтан-дары мемлекеттеріне түркі сипатын беруге тырысқан. Байбарыс құл базарларынан қыпшақ, түркі жастарын тұрақты түрде сатып алған, көшпелі түркілерге Палестинаның шұрайлы жерлерін кесіп берген. Қыпшақ мәмлүктер құрған мемлекет іс жүзінде Түркі мемлекеті еді. Ортағасырлық тарихшылардың барлығы даулат ат-түрік – түркі мемлекеті деп атаған. Аталған кезең туралы жазған Мысыр тарихшылары еңбектерінде «түркі мемлекеті, түркі әскері» секілді сөз тіркестерін қолданған. Мысалы, тарихшы ан-Нуайри: *«Түркі мемлекеті Мысыр жерінде құрылып, кейін Шам, Алеппо мен Евфрат өзеніне дейінгі жерлерге қанат жайды. Жерорта теңізі жағалауындағы қамалдар, исмаилиттер бекіністері қарады. Рұм мемлекетіне дейін жетті. Оған Йемен және Хиджаз қарады»,* (Ан-Нуайри, 2004: 3) – дейді.

Байбарыс және қыпшақ мәмлүктер өздерін құл санамаған. Нағыз құл алдымен жалшы болған, ал мәмлүк азат отбасында өмірге келіп, кейін тағдыр тәлкегіне ұшырап, тұтқынға түскен немесе жастай құл базарында сатылған, бірақ біреудің жалшысы болмаған еріксіз. Еріксіз аталғанымен құлдық психологияны бойына сіңірмеген, дарытпаған еріксіз.

Олар өздері туралы не дейді? Мәмлүктер арасынан шыққан тарихшы мәмлүк Байбарыс ад-Дауадар (1325 жылы қ.б.): *«Түркілер – Алланың ілімінде айтылғандай, дүниедегі ең ақылды, ең батыр халық. Алланың құдіретімен олардың бір тайпа елі жұрттарынан емес, адасып жүрген жерлерінен тура діннің негіздерін орнатуға осы жаққа көшірілген»,* (Дауадар, 1983: 45) – деп, түркілердің Египетте пайда болуын негіздеп берген.

Дей тұрғанмен түркі мемлекеті мәмлүк билігін құқықтық жағынан негіздеуге бағытталған саяси идеологиялық жұмыстар жүргізіп отырған. Оны біз Байбарыстың Халифатты Каир қаласында орнатуынан, төрт мәзһабты теңестіруінен, ислам жауларына қарсы күрестің авангардында болғанынан көреміз.

Осы орайда, тарихшы Ибн Тәңірберді: *«Байбарыс мемлекет басқару ісінде Шыңғыс ханның «Ясасын» және түркінің «Турасын» басшылыққа алатын. Тура түрікіше жол, бағыт дегенді білдіреді»*, (Ибн Тағриберды, 1992: 162) – деп көрсетуі көп нәрсені аңғартатынын атап өтуіміз керек.

Сұлтан мен бектер мысырлық қоғамдағы жергілікті халықтың түрлі әлеуметтік тобынан оқшауланған жоғары

тап еді. Олар өздерінің құқықтық статусын заңдастырғанмен, тұрып жатқан жерге бөтендігін сезгендіктен дін арқылы жергілікті халықтың көңілінен шыққысы келді. Дегенмен мәмлүктер әскери мектепте жан-жақты діни білім алып, Құранды, хадистерді және діни әдебиеттерді оқығандар еді. Олар сырт көзге өздерін тақуа, діншіл етіп көрсетіп, діни құрылысқа және уақып жасауға қаржы аямады (Ибрахим, 2014: 134). Билік басындағы сұлтан мен бектер дін қорғаушылары ретінде жаратушының ризашылығы мен халықтың қолдауына қол жеткізу үшін мешіт, жұма мешіт, үлкен медреселер, ханқа, рибат, зауия салумен қатар кедейлерге қайырымдылық көрсетуді қоса жүргізді.

### Әдебиеттер

1. Аз-Зухейли. (1992). Әл-Изз бин Абдусалам. Димашк, Дару-л-қалам, – С. 360.
2. Аз-Зухейли. (1992). Әл-Изз бин Абдусалам. Димашк, Дару-л-қалам, – С. 360.
3. Аз-Зухейли. (1992). Әл-Изз бин Абдусалам. – Димашк, Дару-л-қалам, 1992. – С. 360.
4. Ад-Дикр А. (1984). Әл-Имам ан-Науауи. – Димашк. – С. 215.
5. Ас-Субки. (1986). Муиду-н-наам уа мубиду-н-накам. – Бейрут, – С. 80.
6. Ан-Нуайри. (2004). Ниһая әл-араб фи фунун әл-адаб. Т 30. – Бейрут, – С. 360.
7. Байбарс Дауадар. (1987). Ат-тухфату ал-мулукия фи ахбар ад-даула ат-туркия. – Әл-Қаһира, – С. 291.
8. Ибн Хасул. (2019). Китаб тафдил әл-атрак ала саир әл-аджнад // Қолжазба. – 54 б. [https://archive.org/details/20190828\\_20190828\\_0825/page/n27/mode/1up?view=theater](https://archive.org/details/20190828_20190828_0825/page/n27/mode/1up?view=theater)
9. Ибн Халдун. (1981). Әл-Муқаддима. – Бейрут, – С. 450.
10. Ибн Тағриберды. (1992). Ан-Нуджум аз-захира мин мулуки миср. Т 7. – Бейрут, – С. 469.
11. Ибрахим, Л. (2014). Әл-Хайату ас-сақафия фи миср фи-л-асри-л-мамлуки. – Либа, – С. 350.
12. Кардини, Ф. (2007). Европа и Ислам. История непонимания. – СПб., – С. 332.
13. Сәки, Қ. (2022). Сұлтан Байбарыс. - Астана, Фолиант, – 352 б.
14. Саид, Н. (2018). Ад-дин уа-д-даула. – Әл-Қаһира, әл-һайа, – 560 б.
15. Саид, Н. (2018) Ад-дин уа-д-даула. – Әл-Қаһира, әл-һайа, – 560 б.

### References

1. AZ-Zuhaili. (1992). Al-Isz bin Abdusalam. Dimashk, Daru-L-pen, - P. 360.
2. AZ-Zuhaili. (1992). Al-Isz bin Abdusalam. Dimashk, Daru-L-pen, - P. 360.
3. AZ-Zuhaili. (1992). Al-Isz bin Abdusalam. - Dimashk, Daru-L-pen, 1992. - p. 360.

4. Ad-Dikr A. (1984). Al-Imam al-Nawawi. - Dimashk. - P. 215.
5. An-Nuairi. (2004). Nihaya Al-Arab Phi Funun Al-Adab. T. 30. - Beirut, - S. 360.
6. Baibars Dauadar. Let Me Know. (1987). At-tuhfatu Al-mulukiya fi akhbar al-dawla al-Turki. – Al-Kahira, p. 291.
7. Cardini, F. (2007). Europe and Islam. History of neponymy. - SPB.,- P. 332.
8. Ibn Hasul. (2019). Kitab tafdil Al-atrak Ala Sair Al-Ajnad // manuscript. – 54 p.  
[https://archive.org/details/20190828\\_20190828\\_0825/page/n27/mode/1up?view=theater](https://archive.org/details/20190828_20190828_0825/page/n27/mode/1up?view=theater)
9. Ibn Khaldun. (1981). Al-Muqaddimah. - Beirut, - P.450.
10. Ibn Taghriberda. (1992). Al-Nujum-the reserve of a thousand Egyptian possessions. Volume 7. - Beirut, - p. 469.
11. Ibrahim, L. (2014). There are verses in the Quran indicating that the Prophet (peace and blessings of Allaah be upon him) was the Imam and Caliph after the Prophet Muhammad (peace and blessings of Allaah be upon him). - Libya, - P. 350.
12. Kitchen-Subki. (1986). Muidu-n-Naam WA mubidu-n-Naam. - Beirut, - P. 80.
13. Saki, K. (2022). Sultan Baibars. - Astana, Folio – - 352 P.
14. Said, N. (2018). “I don’t know,” he said. - Al-Qahira, al-Haya, - 560 P.
15. Said, N. (2018) Al-Din WA-d-Daula. - Al-Qahira, al-Haya, - 560 P.

## ИСЛАМ ОЙШЫЛ ЖӘНЕ ҒАЛЫМ МҰХАММАД ӘЛ-ҒАЗАЛИДЫҢ ҚҰРАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

**Адилбаев Алау Шайкимович**  
 Философия ғылымдарының PhD докторы,  
 қауымдастырылған  
 профессор (доцент),  
 Нұр-Мұбарак Египет ислам  
 мәдениеті университеті  
 Қазақстан, Алматы қ.

**Абдыкаимов Эркин Медербекович**  
 Исламтану мамандығының магистры  
 Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті  
 университеті,  
 Қазақстан, Алматы қ.

## المفهوم القرآني للمفكر الإسلامي محمد الغزالي

**عبد القيوم وف إركين ميدريبيكوفيتش**  
 ماجستير في قسم الدراسات الإسلامية  
 الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك  
 ألماتي، كازاخستان

**أديلبايف علاء شايكيموفيتش**  
 الدكتور في العلوم الفلسفية، أستاذ مشارك  
 الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك  
 ألماتي، كازاخستان

## THE QURANIC CONCEPT OF THE ISLAMIC THINKER AND SCIENTIST MUHAMMAD AL-GHAZALI

**Adilbayev Alau Shaykimovich**  
 PhD Doctor of Philosophical Sciences, Asso-  
 ciate Professor,  
 Egyptian University of Islamic  
 Culture Nur-Mubarak  
 Almaty, Kazakhstan

**Abdykaimov Erkin Mederbekovich**  
 Master's at the Department of Islamic Stud-  
 ies, Egyptian University of Islamic Culture  
 Nur-Mubarak  
 Almaty, Kazakhstan

## КОРАНИЧЕСКАЯ КОНЦЕПЦИЯ ИСЛАМСКОГО МЫСЛИТЕЛЯ И УЧЕНОГО МУХАММАДА АЛЬ-ГАЗАЛИ

**Адилбаев Алау Шайкимович**  
 PhD доктор философских наук, доцент,  
 Египетский университет исламской  
 культуры  
 Нур-Мубарак  
 г.Алматы, Казахстан

**Абдыкаимов Эркин Медербекович**  
 Магистрант кафедры исламоведения,  
The Baptist movement arose in the 17th century, initiated by John Smith (1554-1612), an Anglican clergyman and preacher.

Smith, a separatist who earned a master’s degree from Cambridge University in 1593, became a pivotal figure in this development. Following the Reformation, though the authority of the papacy waned in England, the monarchy asserted control over both secular and ecclesiastical matters, effectively politicizing the Anglican Church. This church, established as the royal church, represented a middle ground within Protestantism. At this juncture, the Puritans, who later evolved into the Baptists, emerged to promote justice and wholly eliminate «papism» from the church (Mitrokhin, 1969: 5). K. Henry, a professor at Cornell University, in his publication “A Brief History of Baptism,” asserts that “the Reformation had a profound effect on the populace of England, leading to the emergence of Baptism in the early 17th century as a reaction from the Puritans against Catholic authority” (Henry, 1967: 43). In this context, many scholars express the view that the ultimate goal was to eradicate any lingering vestiges of papism. The roots of Baptism can be traced back to the Puritans, who adhered to a distinctive Christian perspective.

In one of his addresses, John Smith expressed his disapproval of the Baptists’ stance by stating, “The heirs of the Apostles tread the path of righteousness. The Catholic and Anglican churches severed that line of succession long ago. Those priests and congregations aligned with secular authorities are labeled as heretics. Hence, we must revive the genuine faith and reorganize the church,” he asserted, aligning himself with Paul’s interpretation rather than traditional Judeo-Christian theology, which he found unappealing in the context of Catholic governance. He argued that adults who have veered away from the truth and fallen into heresy should undergo conscious baptism, as infant baptism contradicts the Gospel. He

further contended that Christians are sinners for their unfaithfulness to God and their capitulation to papal authority. Consequently, he advocated for a call to righteousness for the wayward congregation. “Besides persecuting these extreme heretics in the eyes of the English crown, they enforced two conditions: to either repent or leave the nation” (Mitrokhin, 1997: 153). John Smith criticized the connection between religious institutions and political authority, yet he embraced the doctrine of the Trinity. His idea of the autonomy of religious thought and the church served as a challenge to the insincerities found in religious teachings, as he endeavored to elucidate the principles of justice and holiness in faith. It is noteworthy that the intention behind Smith’s notion of «Apostolic Succession» should capture the interest of scholars. The revival of apostolic tradition stands as a core belief for Baptists. Albert Wardin, the former president of the Southern Baptists of the United States, shared his distinctive perspective in the article titled “How Original Was the Baptist Movement in the Russian Empire?” He pointed out, “Baptists are not a cult with some special revelation.” This movement aims to align itself closely with the beliefs and practices of the Apostolic Church while spreading the Gospel of Jesus Christ to everyone, regardless of their nation (Vardin, 2009:160). This concept raises compelling and scholarly questions that warrant exploration from a theological standpoint. For instance, various topics such as the commonalities and distinctions between the Apostolic Church and Baptist traditions, as well as aspects of faith and outreach efforts, present rich avenues for investigation.

In 1606, John Smith and his companions distanced themselves from the predominant church, seeking refuge in Holland where they could practice their faith freely.

During this period, Smith encountered the beliefs of the Armenian and Mennonite congregations. He wholeheartedly embraced and articulated the concept that individuals should receive baptism in adulthood. Furthermore, influenced by the humanist movements that followed the Reformation, he envisioned the possibility of uniting his fellow evangelical Christians into a single congregation, with Jesus as its leader. As Shakespeare noted in 1907, “John Smith’s belief was that Christianity was for all mankind, and that whoever would be saved would be saved,” which stood in contrast to the traditional Judeo-Christian perspective that considered Jesus solely as a savior for the Jewish people, (Shakespeare, 1907:147), opposing the Judeo-Christian belief that Jesus was only for the Jews.

A faction of Baptists, led by Thomas Helvis and John Merton, returned to England and established a congregation known as the «General Baptists.» This movement held beliefs that emphasized Jesus’ sacrifice on the cross as the means by which he bore the sins of humanity. Salvation, they argued, requires an individual to willingly accept Jesus as divine; only then can they attain salvation. It is believed that individuals have the power to determine their own destiny, enabling them to either secure or forfeit their salvation. In 1612, Helvis and Merton’s followers went back to London, where they introduced their tenets, referred to as the «Declaration of Faith.» According to this declaration, Christians who worship outside the church are seen as individuals seeking repentance, trusting that Christ can transform their lives and yield positive outcomes. The declaration further posits that the true spiritual church exists invisibly, comprised solely of the spirits of virtuous and perfect individuals. G. Robert Torbet notes in «History of Baptism» that during the period from

1612 to 1626, the growth of Baptists in England was limited, with only five churches and around 150 followers reported (Robert, Torbet, 1993: 40). In his book «Religion in Secular Society: A Sociological Analysis,» American scholar R. Wilson highlighted the urgency of the situation, noting that «the number of Baptists in England in 1965 barely reached 267 thousand» (Wilson, 1966: 235). Many express their weariness with the hypocrisy and materialism exhibited within the church. In retaliation, they present a manifesto that aligns with justice and truth. Their aim is to free individuals from the misconception that religion and the church serve as avenues for personal gain, as well as the limited view that pleasing God and serving the church should result in tangible benefits to one's life. L.M. Mitrokhin, in his publication «Baptism and Scientific Knowledge,» mentions that «the Baptists' declaration asserts their commitment to two specific principles”:

1) A person should be baptized and accepted into the church when they reach a mature age, not in infancy;

2) Baptists called for their independence and autonomy from the politicized ecclesiastical authority, which emerged when the Anglican Church supplanted the papacy and endeavored to dominate both secular and religious power. They sought freedom of conscience and self-governance from the ruling authorities (Mitrokhin, 1969: 5). In England, Baptists faced persecution until 1689; however, the enactment of the “Act of Toleration” in that year allowed them to practice their faith openly. Overall, the growth of the Baptist movement in England was gradual. By 1965, the number of registered Baptists had reached 267 thousand (R. Wilson. 1966. 35).

The second faction of Baptistism took shape in North America around 1633. By

1639, Roger Williams established the first congregation. Initially, membership growth was gradual, but in 1707, the Philadelphia Association was formed, which spurred rapid missionary work both domestically and internationally. For instance, the number of adult Baptists rose from 35,000 in 1784 to 700,000 by 1850, reaching 4 million by 1900. «In 1944, the number of African American Baptists also rose, amounting to 6 million 433 thousand,» notes Lohuston (1956: 4). Furthermore, «official global statistics in 1962 indicated that the total number of Baptists was 24.3 million, with 21 million residing in America,» according to Mitrokhin (1969: 6). By 2010, the percentage of Baptists in the U.S. population was 51.5%, approximately equating to 159.85 million individuals. As of 2023, the United States had a population of approximately 331,449,281 individuals. Among them, around 170 million people, or 55%, identified as Baptists. According to Blatlock (2005: 50), there are 38 distinct Baptist denominations across the country. It is important to note that Baptists typically do not include minors in their demographic counts. This religious movement has roots in a faction known as the «Particularists,» who adhere to Calvinist teachings. The Particularists believe that salvation is reserved for those whom God has chosen. Consequently, the atonement offered by Jesus is not intended for everyone but specifically for the elect—those who have faith in Him. The Holy Spirit is believed to guide and set apart these individuals. Particularists tend to be meticulous in their religious observances. Baptism is a common practice in America, with several U.S. presidents historically being affiliated with this movement.

Contemporary scholars assert that there was a period free of conflict during the tenure of the four Baptist presidents, attributing

their lack of involvement in warfare to their religious beliefs. W. Stein concisely encapsulates this notion in his book “Baptism and Modernity,” stating, “Among the ‘brethren in Christ’ are notable figures such as millionaire Rockefeller and Harry Truman, the ‘father of the atomic bomb,’ among others” (Stein, 1969: 4). However, we contend that Truman’s decision to authorize the bombing of Hiroshima and Nagasaki in 1945 stemmed not from religious convictions, but from a strategic objective to quell Japan’s imperial ambitions and expedite the conclusion of the war. It was widely held that failure to cease hostilities would result in further loss of life. In contrast, Southern Baptists were instrumental in perpetuating slavery and systemic racial inequality. This subject warrants further investigation to comprehend the evolution of Protestant attitudes in America, their perspectives on slavery, and the intertwining religious and political contexts of that era.

Once it gained traction within the Russian Empire, a branch of Evangelical Christianity closely related to Baptist traditions emerged in St. Petersburg, with its influence still evident in Kazakh regions today. The study of Baptism holds significance in our country for several reasons: John Smith’s theological perspectives offer intriguing and innovative concepts for both religious studies and the broader faith community. Smith emphasized the importance of restoring both the essence of truth and Christian morals to religious discourse. I believe his assertions highlight key ideas such as humanism and philanthropy. Therefore, we find it valuable to further explore John Smith’s thoughts on philosophy, politics, and religion in greater depth.

Baptists have several differences from Catholics, for example:

- The church is founded on the Bible, and the Pope is not a saint in any sense. The Pope doesn’t accept that he is sinless;

- A baptized person has the right to understand the Bible in his own way, without the intervention of the Pope. He has the right to communicate with God in his language;

- Rejection of the seven apocryphal writings;

- It rejects the Pope’s authority, sin forgiveness, and Catholic sacraments such as iconography, Mary’s deification, purgatory, and the secret church. It also opposes Catholic indulgences and anyone who desire to submit the human mind to anything else than the Gospel;

- Good works are the result of faith, but salvation comes via faith, not good acts;

- All Protestant churches are independent;

- It is prohibited to pray in an incomprehensible language. The worshiper must pray in their own language;

- Monasticism is not allowed: a priest must be married;

- The Holy Spirit proceeds from the Father and the Son. Jesus has two natures and two wills (This creed agrees with the Catholic faith).

An essential principle of baptism is its missionary aspect, which involves the task of baptizing all people. This notion is derived from the Gospel of Matthew, specifically where it states: “Baptize all nations in the name of the Father, and of the Son, and of the Holy Spirit,” along with the directive to “Teach them to observe all that I have commanded you” (Matt. 28: 19-20). Additionally, the Gospel of Mark emphasizes: “Go into all the world and proclaim the Gospel to every creature” (Mark 16: 15-16). Missionary endeavors are vigorously pursued by both Protestant and Catholic churches. In this context, the messages of the Gospel provide differing views regarding Jesus as a prophet sent to Israel, continuing the legacy of prophets like Moses and Jacob. Fur-

thermore, the Quran and the Gospel convey negative portrayals of Christianity within the scope of world religions, suggesting that it is inappropriate to link missionary efforts directly to Jesus. Essentially, Christ's mission was to redeem the children of Israel, while Christianity, as later articulated by the Apostle Paul, evolved into the concept of the Trinity and extended to other nations. Paul's unique theological development can be traced back to his journey to Damascus and his distinctive interpretation of the Gospel (Paul, 2018:417).

In one of his addresses, he remarked, "Jesus never claimed any of the things that Paul articulated, including declaring himself as God." Supporting this is Arthur Vandalay's assertion in "The Open Universe," where he notes, "Paul established what has come to be known as Christianity." This faith evolved into a global religion, and an early form of missionary activity commenced. The concept of baptism remains somewhat controversial in scholarly discussions. This is largely because Jesus' apostles focused their efforts solely on the Jewish populace, adhering to Jesus' words in the Gospel of Matthew: "But Jesus said: I was sent only to the lost sheep of the house of Israel" (15/25). They perceived Jesus' mission and sacrifice as being solely for the Israelites, and the first Jewish converts did not engage in outreach to other communities. Similarly, the Quran, in verse 49 of Surah Ali-Imran, states, "Allah sent him (Jesus) as a messenger to the Children of Israel," indicating a path for liberation that invites further theological exploration (Mamyrbayev, 2021: 25).

In 1965, the Second Vatican Council promulgated a decree concerning evangelization, focusing on the missionary activities of various churches. Historically, during the Middle Ages, the term evangelization was closely tied to spiritual matters. Nowadays,

it is primarily associated with the missionary endeavors of Christians, collectively known as the «people of God,» who make up the Catholic Church (Borbasova, 2009: 29).

The Evangelical Christian Baptist Church has been established in Kazakhstan since the migration of German Mennonites from the Samaria region of Russia through Saratov towards the end of the 19th century, continuing to the present. As of now, there are 186 recognized Evangelical Christian Baptist congregations actively functioning throughout Kazakhstan.

### Results and discussion

John Smith articulated that the church needs to restore its apostolic legacy and evolve a religious framework that remains apolitical, while still upholding the foundational tenets of the Reformation. He believed that European Christians acknowledged the esteemed teachings of the Apostle Paul, who reached out to Gentiles, viewing this as essential for preserving spiritual integrity, safety, and stability. In his view, the decline of the Christian faith stemmed from a deviation during the Reformation, which, in his opinion, became overly accommodating. Consequently, he asserted that believers had strayed from their authentic spiritual roots. This disconnection led to a fragmented Christian community, plagued by «misunderstandings,» which subsequently had to bear significant consequences for the pursuit of tranquility. John Smith was in full agreement with the perspective that individuals ought to undergo baptism in adulthood. Moreover, propelled by the currents of post-Reformation humanism, there emerged a vision to bring together their evangelical Christian companions into a single church, with Jesus as its leader. "John Smith believed in Christianity as a faith meant for all humanity, asserting that anyone who

desires to be saved shall indeed find salvation” (Shakespeare, 1907: 147), which laid the groundwork for expanded missionary efforts. This article explores the dichotomous split within the apostolic church, examining its teachings and the extent of Jesus’ prophetic mission, alongside the apostle Paul’s interpretation of universal salvation.

Following the rise of the Baptists, the main divisions emerged within the English and American communities. A faction led by Thomas Helves and John Merton established the «General Baptist» church in England, adhering to the «Declaration of Faith.» This belief system asserts that through his crucifixion, Jesus bore the sins of humanity, and individuals must willingly acknowledge Jesus as God to attain salvation. This group emphasizes that God has bestowed the responsibility of one’s fate upon each person. The other branch of Baptists, known as the «Individual Baptists,» originated in North America in 1633 under the guidance of Roger Williams, aligning with the doctrines of the «Philadelphia Association.» Initially, growth was gradual, but by 1707, a significant push for missionary efforts began both in the United States and internationally. The variances and foundational principles of these two Baptist orientations are often examined and compared..

Consequently, we explored the underlying factors that led to the formation of the Baptist Church, which has its roots in ancient Christianity, its resurgence during the Reformation, and the diverse methods of missionary activities in both England and the United States. In this context, an evaluation was conducted regarding the Baptists who arrived in Kazakhstan via Russian lands.

## Conclusion

In summary, the principles and objectives—religious, political, and social—of

Evangelical Christians-Baptists within the Protestant movement originated in the 17th century amid the ongoing Reformation. This movement arose as a reaction to the conformity imposed by the Catholic papacy and the Anglican Church. It has been observed that the «faith of individuals» was shaped by various factors, including political, religious, social, economic, and theological perspectives, which ultimately resulted in the emergence and fragmentation of over 1,000 distinct Protestant groups. Furthermore, the advent of the Baptist movement as a notable religious community was significantly influenced by the contemporary religious and political climate, as well as by tensions between the monarchy and the populace during that era.

The primary factors contributing to the emergence of John Smith, the founder of Baptistism, as well as the challenges he aimed to address, were examined. Various strategies for establishing divine justice and promoting humanism were outlined, alongside efforts to rejuvenate the church and advocate for the restoration of the “Apostolic Legacy” that had been severed by the Catholic and Anglican Churches. The dynamics of the relationship between church and state were scrutinized, with particular attention paid to how the politicization of religion has led to the erosion of its core principles.

The comparative analysis was conducted on the «Declaration of Faith» created by the Baptist movement in England in 1612 and the «Philadelphia Association» established by the Baptist community in the United States in 1707. This examination highlighted both the shared principles found in these documents and their unique features. One area that merits further exploration within these texts is the inclination toward financial gain associated with an individual’s faith in God and religious beliefs. The

declaration illustrates how a person's pursuit of profit can lead to a diminishment of their moral integrity concerning religion, consequently steering them away from genuine, selfless connections and towards more mercenary interactions.

This analysis delves into the distinctive characteristics of Baptist religious beliefs in the United States and conveys them to the audience. It presents statistical insights indicating a remarkable growth in the number of followers, escalating from 35,000 in 1784 to 170 million by 2023. Additionally, it highlights the agreement of U.S. President Truman, a Baptist himself, regarding the decision to utilize atomic bombs in Hiroshima and Nagasaki in 1945. The discussion also touches upon the religious stances related to racial discrimination and the institution of slavery.

The findings of the anti-synthesis approach were revealed, drawing comparisons

between the Baptist denomination and the Catholic Church. The exploration of the baptismal significance within the Christian community was conducted by examining the teachings found in the Holy Bible and the Quran, with relevant findings presented. The SWOT analysis highlighted the strengths, historical context, and foundational ideas related to the early Baptist movements, alongside John Smith's perspectives, which are both innovative and beneficial for national scholarship and faith communities. A noted concern is the influence of Baptist Church activities on the conventional religious perceptions in our nation. Additionally, a notable deficiency exists in domestic religious studies, representing a weakness in the field. We propose that a broader exploration of this topic will facilitate a clearer identification of both primary and secondary objectives of Evangelical Christian Baptists recognized in our country, grounded in scientific inquiry.

### References

1. Antonov, N. V. (2007). Judaism ot A do Ia, Vostok - Zapod, - 276 (in Russian).
2. Borbasova, Q. M. (2009). Missionary work among Evangelical Christians in Kazakhstan. QazUU Habarshysy. #2(33) 20-24. - Almaty (in Kazakh).
3. Blatlock, J. C. (2005). Baptist Groups in America. Jacksonville, Texas: Baptist Missionary.
4. Dwiraharjo, S., Putrawan, BK, Angel, JD, Noviana, R., Bulan, SE, & Carey, STTMW (2023). Efforts to Unite Diversity in an Indonesian Baptist Church Context: An Ecumenical Perspective based on John 17: 20-21. Pharos Journal of Theology No. 1 ( 104 ) . - 20-21.
5. Henry, C. V. (1967). A Short History of Baptists. - The Hudson Press. - 488.
6. Kowalski, M. (2021). Baptism – the Revelation of the Filial Identity of Jesus and the Christian. – The Biblical Annals, #11(3) – Poland.
7. Lohuston, RF. (1956). The Religion of Negro Protestants. - New York. - 278.
8. Mitrohin, L.M. (1997). Baptizm story I sovremennost' (philosophical-sociological essays) SPB.: RHGI, – 480 (in Russian).
9. Mitrohin. L.M. (1969). Baptizm I nauchnaya znanya. - Moscow. "Znanie", - 60 (in Russian).
10. Munkyz ibn Muhmud As-Sakkar. (2009). Bog edinyi ili Troica. Pervoe russkoe izdanie, – 302 (in Russian).
11. Mamyrbayev, D.Zh. (2021). Kazaktar hristi y an bolgan ba? Boyauli dinder. Almaty, Daiyr baspasy, – 170 (in Kazakh)

12. Payne, E. A. (1944). The Free Church tradition in the life of England. London: SCM Press, – 158 (in English).
13. Paul, N. A. (2018). Encounter, Dissonance, and Reflection in the Dialectical Development of Paul's Theology. Faculty Publications - College of Christian Studies. No. 3 (24) - Newberg.
14. Robert, G. Torbet, A. (1993). History of the Baptists . - Judson press. - 575.
15. Shakespeare. J. H. (1907). Baptist and Congregational Pioneers. - London. - 220.
16. Shtein, B. (1969). Baptizm I sovremennost' (Material v pomosh' lektoram, vystupaiushim na atheisticheskie temy). - Alma-ata. Obshestva «Znanie» KazSSR , - 35 (in Russian).
17. Tolstoi, L. N. (1919). Hristyanstvo pervih vekov, Mysli o veri. Moscow, Izd. O bshestva Istennoy Svabody, – 31 (in Russian).
18. Vardin, A. (2009). Theological Reflections: Euro-Asian Journal of Theology. #10 – 184 (in Russian).
19. Wilson, R. (1966). Religion in Secular Society, a Sociological Comment. – London , – 235 (in English)
20. Wilson, R. (1966). Religion in Secular Society, a Sociological Comment. - London. - 235.
21. Zwingli, U. (2016). Ulrich Zwingli (1484-1531): selected works. University of Pennsylvania Press. – 123.

<https://orcid.org/0000-0003-3705-7097>, e-mail: Kairat\_1966@list.ru  
<https://orcid.org/0009-0003-8510-8642>, e-mail: zhandos0190@mail.ru

## ҚАЗІРГІ ДІНТАНУДАҒЫ КОГНИТИВТІ БАҒЫТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**Затов Қайрат Айтбекұлы**  
 PhD доктор, профессор  
 Нұр-Мұбарак Египет ислам  
 мәдениеті университеті,  
 Алматы қ., Қазақстан

**Тологон Жанболат**  
 Магистр  
 Нұр-Мұбарак Египет  
 ислам мәдениеті  
 университеті,  
 Алматы қ., Қазақстан

**Ишмаханов Жандос  
Жетесович**  
 Магистр  
 Нұр-Мұбарак Египет ислам  
 мәдениеті университеті,  
 Алматы қ., Қазақстан

## تشكّل وتطوّر التّوجّه المعرفيّ في علم الأديان الحديث وآفاقه المستقبلية

**Затов Қайрат Айтбекұлы**  
 доктор, профессор  
 الجامعة المصرية للثقافة  
 الإسلامية نور مبارك  
 ألماتي، كازاخستان

**Тологон Жанболат**  
 ماجستير  
 الجامعة المصرية للثقافة  
 الإسلامية نور مبارك  
 ألماتي، كازاخستان

**Ишмаханов Жандос  
Жетесович**  
 ماجستير  
 الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية  
 نور مبارك ألماتي، كازاخستان

## THE FORMATION AND DEVELOPMENT PROSPECTS OF THE COGNITIVE APPROACH IN CONTEMPORARY RELIGIOUS STUDIES

**Zatov Kairat Aitbekovich**  
 PhD Doctor, Professor  
 Egyptian University of  
 Islamic Culture Nur-Mubarak  
 Almaty, Kazakhstan

**Tologon Zhanbolat**  
 Master  
 Egyptian University of  
 Islamic Culture  
 Nur-Mubarak  
 Almaty, Kazakhstan

**Ishmakhonov Zhandos  
Zhetesovich**  
 Master  
 Egyptian University of Islamic  
 Culture Nur-Mubarak  
 Almaty, Kazakhstan

## ФОРМИРОВАНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КОГНИТИВНОГО ПОДХОДА В СОВРЕМЕННОМ РЕЛИГИОВЕДЕНИИ

**Затов Қайрат Айтбекович**  
 PhD доктор, профессор,  
 Египетский университет  
 исламской культуры  
 Нур-Мубарак,  
 г. Алматы, Казахстан

**Тологон Жанболат**  
 Магистр,  
 Египетский университет  
 исламской культуры  
 Нур-Мубарак,  
 г. Алматы, Казахстан

**Ишмаханов Жандос  
Жетесович**  
 Магистр,  
 Египетский университет  
 исламской культуры  
 Нур-Мубарак,  
 г. Алматы, Казахстан

**Аңдатпа:** Мақалада қазіргі дінтанудағы тың бағыттардың бірі – дінді когнитивті ғылымдардың соңғы жетістігі тұрғысынан зерттеудің маңызды мәселелері қарастырылады. Эволюциялық психология мен нейробиологиядағы ашылған жаңалықтар мен зерттеу тәсілдерінің дінтанудың зерттеу объектісі мен пәнін жаңаша пайымдауға, дінтанудағы парадигмалы өзгерістерге ықпалы ашылады. Мақалада когнитивті дінтануда ерекше танылған П. Буайенің минимальді контринтуитивті ұғымдар теориясы, Э.Т. Лоусон мен Р. Макколидің ритуалдық формалар теориясы, Х. Уайтхаустың діндарлық модустар теориясы және агенттілікті анықтаудың гиперсенситивті механизмі туралы гипотезалар (Дж. Барретт) қарастырылады.

**Түйін сөздер:** эволюциялық психология, нейробиология, когнитивті дінтану, когнитивті зерттеулер, эволюционизм.

**المُلخَص:** تتناول المقالة أحد الاتجاهات الحديثة في علم الأديان المعاصر، ألا وهو دراسة الدين من منظور الإنجازات الأخيرة للعلوم المعرفية. وتناقش القضايا المهمة المتعلقة بكيفية مساهمة الاكتشافات والأساليب البحثية في علم النفس التطوري وعلم الأعصاب في إعادة النظر في موضوع ومادة علم الأديان بشكل جديد، وكذلك تأثيرها على التغيرات البارادايمية في هذا المجال.

كما تتناول المقالة نظريات أصبحت شائعة في علم الأديان المعرفي، مثل نظرية المفاهيم المضادة للبيدهة التي طورها باسكال بواين، ونظرية الأشكال الطقوسية لإدوارد ت. لوسون وروبرت مكولي، ونظرية أنماط التدين لهارفي وايتيوس، بالإضافة إلى فرضية آلية الحساسية الفائقة للوكالة لجستن باريت.

**الكلمات المفتاحية:** علم النفس التطوري، علم الأعصاب، علم الأديان المعرفي، الدراسات المعرفية، التطورية.

**Abstract:** The article examines one of the emerging directions in contemporary religious studies — the study of religion through the lens of the latest advancements in cognitive sciences. It highlights the significance of recent discoveries in evolutionary psychology and neurobiology and their impact on redefining the subject and object of religious studies, contributing to paradigm shifts within the field. The article explores key theories in cognitive religious studies, including P. Boyer's theory of minimally counterintuitive concepts, E.T. Lawson and R. McCauley's ritual form theory, H. Whitehouse's modes of religiosity theory, and J. Barrett's hypothesis of the hypersensitive agency detection device (HADD).

**Keywords:** evolutionary psychology, neurobiology, cognitive religious studies, cognitive research, evolutionism.

**Аннотация:** В статье анализируется теоретические и методологические проблемы религиоведения в свете новейших достижений когнитивных наук, освещается влияние открытия в области эволюционной психологии и нейробиологии на осмысление объекта и предмета религиоведческих исследований. Рассматриваются получившие широкое признание в научной среде теория контринтуитивных понятий П. Буайе, теория ритуальных форм Э. Т. Лоусона и Р. Макколи, а также теория модусов религиозности Х. Уайтхауса и гипотеза определение гиперсенсативных механизмов агентности (Дж. Барретт).

**Ключевые слова:** эволюционная психология, нейробиология, когнитивное религиоведение, когнитивные исследования, эволюционизм.

### Кіріспе

XX ғасырдың екінші жартысында дінтанулық зерттеулерде, әсіресе дінтану метатеориясы болуға үміттенген дін феноменологиясында орын алған методологиялық қиыншылықтар діни құбылыстарды талдауда жаңа зерттеу парадигмалары мен принциптерді қажет етті және сонымен қатар дінтануды теологиялық нарративтерден тазартып, ғылыми негізде құрылымдауға деген ұмтылысты қанағаттандыру қажеттілігі туындады. Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап классикалық дінтанулық концепциялардың субъективтілігі мен верификациялану мүмкіндігінің шектеулігі туралы пікірлер жиі айтылды. Бұл дінтанулық білімнің объективтілігі мен әмбебаптылығы мәселесін қайта қарау және эксперименталды негіздемелерін бекіте отырып, репрезентативтілігін қамтамасыз ету мәселелерін күн тәртібіне қойды. Когнитивті дінтану қазіргі эволюциялық психология мен нейробиологияның, лингвистика мен кроссмәдени және антропологиялық зерттеу нәтижелері мен тәсілдерін діни құбылыстар мен үдерістер логикасын ашуға бағыттап отырып, дінтанулық білімді концептуализациялауда жаңа көкжиектер ашады.

Тақырыптың негіздемесі және мақсаты мен міндеттері. Қазіргі когнитивті дінтануды түрлі зерттемелік гипотезалар мен концептуалдық көзқарастарды қамтитын «мегажоба» ретінде сипаттауға болады. Бұл «мегажоба» дүниетанымдық ұстанымдары мен дінге деген көзқарастарында түбегейлі айырмашылықтары бар зерттеушілерді ми құрылымының ақпараттарды қабылдау, өңдеу және тасымалдау қызметін пайымдау арқылы оның діни түсініктердің қалыптасуы, діни идеялар мен практикалардың таралуындағы рөлін ашуға бағыттады. Бірқатар

ғалымдар когнитивті дінтану саласындағы жаңалықтар ерте христиандық, ерте иудаизм сияқты діндерді зерттеуде қолданыс таба алады деп санайды (1). Когнитивті дінтанудың көрнекті өкілдерінің бірі – Дж. Барретт қазіргі теологтар үшін бұл саланың зор перспективаларды ашатынына күмән келтірмейді. Дж. Барреттің осы көзқарасы оны нейротеология бағыты өкілдерінің ұстанымына жақындата түседі. Ал Юджин Д'Аквили ми эволюциясы мен діннің дамуын өзара шартталған үдеріс деп қарастырады.

Ғалымдардың басқа бір тобы (Д. Спербер, С. Гатри, П. Буайе) ми қызметінен діни түсініктердің қалай туындайтынын түсінуге талпынады. Аталған зерттеушілер дінді ми эволюциясының қосалқы туындысы ретінде сипаттайды, олар діни идеялар мен сезімдердің жаратылыстан тыс агенттілігі бар деген тезисті қабылдамайды. Олар діни идеялар мен түсініктердің, символдар мен образдардың туындауы мен тасымалдануының танымдық механизмдерін түсіндіруге талпынады.

Мақалада аталған авторлардың когнитивті дінтанудың теориялық-методологиялық құрылымының қалыптасуына ықпалы баяндалады және оқырман қауымды осы саладағы зерттеулермен таныстыра отырып, қызығушылықты ояту мақсат етіледі. Бұл мақсатқа когнитивті дінтанудың қалыптасу тарихын саралау, ғалымдардың көзқарастары мен идеяларын талдау, дінтану ғылымының дамуына қосатын үлесін пайымдау және міндеттерін жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі.

### Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы талдау, абстрактіліден нақтылыққа

өту, теориялық модельдеу, диахронды және синхронды талдау әдістері құрайды. Сонымен қатар зерттеу барысында шетелдік зерттеушілердің тақырыпқа қатысты пікірлері ғылыми негіз және мақала дереккөзі ретінде келтірілген. Сондай-ақ мәтіндер герменевтикалық және салыстырмалы, стилистикалық зерттеу әдістерімен талданады. Зерттеу барысында когнитивті ғылымдардың зерттеу нәтижелерін дінтанулық білімнің дамуына зерттеу үшін логикалық талдау мен интерпретациялау әдісі қолданылады.

### Негізгі бөлім

Когнитивті дінтану XX ғасырдың соңғы ширегінде дін туралы ғылымдардың өзіндік бір зерттеу саласы ретінде пайда болды. Бұл бағыт – дінді тәжірибелік ғылыми негізде дамытуға деген талпыныстың көрінісі. XIX ғасырдағы дінтанудың этнологиялық-эволюциялық идеяларының кейбір қырын қайта жаңғырта отырып, когнитивті дінтану аталған ғылымды қазіргі жаратылыстану мен психологиялық зерттеулердің тың жетістіктері тұрғысынан зерттеп-зерделеуді мақсат етеді. XX ғасырдың ортасында қазіргі дінтануда, әсіресе сол уақытта дін туралы ғылымдардың жалпы методологиясы мен парадигмалық ұстанымдарын қалыптастыруға талпынған дін феноменологиясы бірқатар қиындықтарға тап болды. Дін феноменологиясындағы қасиеттілік, дұға, діни тәжірибе сияқты құбылыстарды таза ғылыми негізде түсіндіру мүмкіндіктері сәтсіздікке ұшырады. Дін феноменологиясы теологиялық ұғымдардың сыртқы құбылыстарын сипаттағанымен, ішкі мәнін ашуда қауқарсыздық танытты. Дін психологиясының әртүрлі бағыттары діни толғаныстан туындаған сезімдер мен күйлерді, діни әрекет мотивацияларын сипаттаумен шектеліп, осы

сезімдердің туындау үдерістерін толық түсіндіре алмады.

XX ғасырдың соңындағы технологиялық жетістіктер – позитронды-эмиссиондық томография, функционалдық магнитті-резонанстық томография медитация мен дұға кезіндегі ми бөліктеріндегі белсенділіктерді тікелей бақылауға мүмкіндік берді. Нейробиологтар діни-мистикалық толғаныстардың нейрондық субстраттарын табуға талпынды. Сонымен қатар ғалымдар діни ойлау мен құлшылық-ғибадаттарға қатысы бар іргелі когнитивті үдерістерді де анықтауды мақсат етті.

Діннің алғашқы когнитивті теориясын 1980 жылы антрополог С.Э. Гатри ұсынды (2). Ол дінді жүйеленген антроморфизм, ал анимизм мен антроморфизмді іргелі биологиялық интуицияның көрінісі деп түсіндірді. Ол өзіне түсініксіз құбылыстар мен оқиғаларды түсінуге ұмтылу адамға туа біткен қасиет, ал өзін қоршаған ортаны жанды немесе өзі тәріздес (антропоморфизация) деп түсіну оны тануға талпынудың алғашқы және жалпылама ұстанымы деп қарастырады.

Джастин Барретт когнитивті дінтанудың зерттеу аймағын: «Белгілі бір ортада қызметін жүзеге асыратын менталдық құралдардың біз «діни» деп атай алатын идеялар мен практикалардың таралуына қарсыласуын немесе қолдау көрсетуін түсіндіру», – деп анықтайды (Самарина, 2023:). Дж. Барретт дінді адамның когнитивті үдерістерімен сабақтастықта қарастырады және осы үдерістің дінді құбылыс ретінде түсінудегі маңыздылығын айқындауға талпынады.

1970 жылдары Н. Хомскийдің лингвистикалық теориясының ықпалымен ритуалдық іс-әрекеттердің әмбебап грамматикасын ашуға деген талпыныс орын алады. Э. Лоусон мен Ф. Стальдің осы

бағыттағы ғылыми жобалары өз сипаты бойынша когнитивті деп танылған ритуалдық қабілетті (religious ritual competence), яғни адамдардың ритуал құрылымын интуитивті түсіну қабілетін зерттеуге арналады.

2000 жылдары «когнитивті дінтану» (cognitive science of religion) терминін алғашқы болып Э. Лоусон мен Дж. Барретт қолданды. Ал когнитивті дінтанудың жеке-дара ғылыми бағыт болып қалыптасуын Р. Макколи мен Э. Лоусонның 1990 жылы жарық көрген «Дінді қайта пайымдау: таным мен мәдениетті сабақтастыру» («Rethinking Religion: Connecting Cognition and Culture») атты монографиясымен байланыстырады (4). Осы жылдары когнитивті дінтанудың негізін қалаған басқа да ғалымдардың еңбектері жарық көреді (Антрополог П. Буайенің «Дәстүр ақиқат пен коммуникация ретінде» («Tradition as Truth and Communication», 1990) және «Діни идеялардың табиғилығы: діннің когнитивті теориясы» («The Naturalness of Religious Ideas: A Cognitive Theory of Religion», 1994), С.Э. Гатридің «Бұлттағы бейнелер: діннің жаңа теориясы» («Faces in the Clouds: A New Theory of Religion», 1995) Х. Уайтхаустың «Культ ішінде: Папуа-Жаңа Гвинеядағы діни жаңашылдық пен сабақтастық» («Inside the Cult: Religious Innovation and Transmission in Papua New Guinea», 1995). Аталған ғалымдардың зерттеу объектілері мен тәсілдерінде, ұсынған теорияларында айырмашылықтар болды, бірақ олардың бәрінің сол кезде дінтануда кең таралған ұстанымдар мен көзқарастарға көңілі толмады. Сонымен қатар олар когнитивті ғылымдарда қалыптасқан теориялар мен тәсілдерді дінтану саласындағы зерттеулерге енгізу арқылы тың серпіліс әкелуді қалады. Когнитивті дінтану өкілдері мә-

дени релятивизм мен мәдени детерминизмді сынға алып, әртүрлі халықтардың діни түсініктері мен тәжірибелеріндегі қайталанатын тұсын кросс-мәдени талдауға назар аударды. Сондай-ақ олар мәдени және діни феномендерді сипаттауға қатысты түсіндірмелердің толықтырылуын талап етті. Когнитивистер адамдардың түсініктері мен жүріс-тұрысын тек мәдени-әлеуметтік факторлармен түсіндіретін көзқарастарды да сынады, өйткені олардың пайымдауынша, бұл ұстанымдар адам танымының маңыздылығын ескере бермейді. Адам танымының діни түсініктер мен адамның осы түсініктерге сай әрекет етуіндегі рөлін жеткілікті бағаламауды өздеріне дейінгі дінтанудың басты кемшін тұсы деп санаған когнитивті дінтанушылар таным үдерістерінің діни репрезентациялар мен тәжірибелердің қалыптасуына, игерілуіне және тасымалдануына (бір қауымдағы адамдар немесе ұрпақтар арасында) қалай әсер ететінін түсінуге талпынады. Дж. Барреттің пікірінше, дінді когнитивті зерттеумен шұғылданатын ғалымдардың қауымдастығы 1996 жылы ақпан айында Батыс Мичиган университетінің салыстырмалы дінтану кафедрасының ұйымдастыруымен өткен «Таным, мәдениет және дін» (Cognition, Culture, and Religion) атты конференцияда орын алды.

Когнитивті дінтанудың негізін қалаған ғалымдар діни құбылыстар мен тәжірибелерді түсіндіру спекулятивті ой-тұжырымдарға емес, эксперименталды ғылымның тәсілдері мен жетістіктеріне негізделуі тиіс деп санады. Олар діни деп аталатын ойлау мәнері мен іс-әрекеттердің каузальдық механизмдерін (себептерін) эмпирикалық-эксперименталдық негізде айқындауға талпынды.

Когнитивті дінтанудың институционалдық қалыптасуы екі мыңыншы жыл-

дары жүзеге асты. 2006-жылы Когнитивті дінтанудың Халықаралық ассоциациясы (The International Association for the Cognitive Science of Religion) құрылды. Көптеген елдердің ғалымдарының басын қосқан бұл ұйым 2020 жылы Когнитивті және эволюциялық дінтанудың халықаралық ассоциациясы деп өзгертілді. Осы жылдары Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде көптеген зерттеу орталықтары мен институттары ашылды. 2001 жылдан бастап «Таным және мәдениет журналы» (Journal of Cognition and Culture) шығарыла бастады, онда когнитивті дінтану саласындағы теориялық және эксперименталдық зерттеулер жарық көрді. 2013 жылы Когнитивті дінтанудың халықаралық ассоциациясы «Когнитивті дінтану журналын» (Journal for the Cognitive Science of Religion) шығара бастады. Аталған бағыт өкілдерінің еңбектері когнитивті ғылымдарға арналған басылымдарда және арнайы журналдарда басылады («Дін, ми және іс-әрекет» (Religion, Brain and Behavior), «Когнитивті тарихнама журналы» (Journal of Cognitive Historiography). 2000 жылдары «Дін туралы когнитивті ғылымдардың жетістіктері» (Advances in the Cognitive Science of Religion series), «Дін, таным және мәдениет» (Religion, Cognition and Culture) сияқты көлемді еңбектер және көптеген жинақтар жарық көрді.

Сонымен, когнитивті дінтану – діни түсініктер мен діни іс-әрекеттерді когнитивті және эволюциялық ғылымдар тұрғысынан қарастыратын дінтану бағыты. Когнитивті дінтану дінді танымдық әрекеттің формасы, адамның қоршаған ортаға бейімделуі немесе эволюцияның жанама өнімі ретінде қарастыра отырып, дін саласындағы бұрынғы антропологиялық және әлеуметтанулық зерттеулерді қайта пайымдайды.

Когнитивті дінтанулық зерттеулердің объектісі – әлеуметтік-психологиялық және танымдық құбылыс сипатындағы дін феномені. Зерттеу пәні – діни түсініктер мен идеялардың адам санасында репрезентациялануы (бейнеленуі), олардың іс-әрекетте (ритуалда) көрініс табуы, тасымалдануы және есте сақталуы, діни тәжірибе мен таным тетігі ретіндегі дін тілі.

Когнитивті дінтану зерттеудің көптеген әдіс-тәсілдерін, солардың ішінде теориялық және эксперименталдық тәсілдерді кеңінен қолданады. Теориялық тәсілдерге қосарланған диссоциация және сананың модульдік гипотезасын жатқызады (диссоциация – психологиялық қорғаныс тетігі, адамды ауыр эмоциялардан қорғайды, психологиялық патология да әкелуі мүмкін. Сананың модульдік гипотезасы – адам миы көптеген модульдерден тұрады және оның әрқайсысы арнайы ақпаратты өңдейді. Бұл теорияны америкалық философ, лингвист Дж. Фодор ұсынған).

Когнитивті дінтану дінді түсіндірудің жалпылама теориясын қалыптастыру қажеттілігіне назар аударады. Аталған бағыт өкілдерінің пайымдауынша, дін – мәдениеттің құрамдас бөлігі, сондықтан діни құбылыстардың алғышарттары танымдық тетіктермен айқындалады және кез келген зерттеудің мақсаты – діни құбылыстардың негізінде жатқан себептерді немесе үдерістерді анықтау. Танымдық үдерістерді зерттеу – дінді зерттеудің қажетті алғышарты болып табылады. Яғни когнитивті дінтанушылар дінді адамның танымдық әрекетімен, сана және ойлау ерекшеліктерімен байланыстырады. Олар кез келген теологиялық дискурстың ғылыми маңызын теріске шығарады. Теологиялық идеялар мен ұғымдар, догматтар – дінді ұстана-

тын адамның санасы мен ойлауындағы түсініктер. Сонымен, дінтанудағы когнитивті бағыт өкілдері тылсым әлемді, интеллигибельді мәндерді (құдай, әруак, періштелер мен жындар) мойындамайды және оларды адамның танымдық әрекетінің барысында туындаған түсініктер деп қарастырады. Сонымен қатар олар медитация, дұға мен құлшылық сияқты діни тәжірибе элементтерінің позитивті психологиялық-әлеуметтік маңызының бар екенін айтады.

Когнитивті дінтанудың дамуының бастапқы кезеңінде діни құбылыстарды түсіндірудің бірқатар гипотезалары қалыптасты. Олардың қатарына минимальді контринтуитивті ұғымдар теориясы, ритуалдық формалар теориясы, діндарлық модустары теориясы және агенттілікті анықтаудың гиперсенситивті механизмі туралы гипотеза кіреді. Осылардың ішінде, П. Буайенің діни түсініктер теориясы (кейін минимальді контринтуитивті ұғымдар теориясы деп аталды) кең танымалдыққа ие болды (5). П. Буайе когнитивті дінтану адамзат мәдениетінің басым бөлігінде көрініс беретін жиі қайталанатын діни түсініктерді түсіндіруі тиіс деп санады. Ол мәселе әмбебап діни идеялардың болуы жайында емес, қайталанатын тақырыптар мен тылсым туралы ұғымдардағы белгілер туралы болып отырғанына назар аударады. Мысалы, адамның өлімнен кейін тәнсіз өмір сүретіні туралы түсініктер көптеген халықтардың аңыз-әңгімелерінде кең таралған. П. Буайе діни дәстүрлердегі қайталанатын шектеулі тақырыптарды төмендегідей бірнеше: а) тылсым ұғымының мазмұны мен құрылымы; б) барлық адамдар үшін бірдей болып табылатын күнделікті шындықтың әртүрлі салаларына қатысты интуитивті күтілімдерді құрастыратын тар маманданған жүйелер негізінде

түсіндіреді. Интуитивті ой-тұжырымдар жүйесі объектілердің белгілі бір типтерін анықтап, оларды әртүрлі онтологиялық категориялар бойынша жіктеуге мүмкіндік береді. Орын алған жағдайлар, мысалы, коммуникация барысында берілген ақпарат немесе қоршаған ортамен өзара әрекетесу жүйелерді белсенді күйге көшіреді. Діни түсініктер, мифтердегі, ертегілердегі тылсым (сверхъестественное) туралы идеялар біріншіден, ұғыммен байланысқан онтологиялық категорияларға қатысты интуитивті күтілімдердің бұзылуын (мысалы, әртүрлі кедергілерден еш қиындықсыз өте алатын адам (рух, әруак), екіншіден, сәйкес онтологиялық категориямен байланысты фондық жорамалдарды жандандырады (рухтар адамдар сияқты көре алады, ниеттенеді, олардың да қалауы болады және т.б.). П. Буайе тылсым аз мөлшердегі контринтуитивті және интуитивті элементтердің балансына негізделген дейді. Контринтуитивті элементтер біздің табиғи күтілімдерімізді бұзып, өзіне назар аудартады, ал интуитивті элементтер олардың инференциальды (үрейлендіруші) мүмкіндігін күшейте түседі. Минимальды контринтуитивті ұғымдардағы әдеттегі мен әдеттен тыстың оптимальды ұштасуы олардың мәдениетте тасымалдануын қамтамасыз етеді. Олар адамның назарын өзіне аударады және есте жақсы сақталады.

П. Буайенің теориясы тылсым ұғымымен анықталатын құбылыстарды шектей отырып, әмбебапты когнитивтік үдерістердің мәдениетті белгілі бір сипатта бағыттайтынын ашады. Атап айтқанда, тылсым ұғымдарымен шектелген тақырыптардың көптеген мәдениеттерде кең таралғанын айқындайды. Яғни П. Буайенің пікірінше, когнитивті үдерістер негізінде адам ойлауында пайда болған тылсым (сверхъестественное) ұғы-

мымен анықталатын құбылыстар архаикалық мәдениеттердегі тылсым туралы (жан, рух, демон, құдай, әруақ және т.б.) түсініктердің қалыптасуы мен таралуына ықпал етеді.

Дін туралы когнитивті ғылымдарда кең таралған әрі ықпалды болған теориялардың бірі – Э.Т. Лоусон мен Р. Макколидің ритуалды форма теориясы. Н. Хомскийдің генеративті грамматикасына сүйене отырып, аталған ғалымдар ритуалдық қабілеттің, яғни адам санасында айқындалмаған ережелердің (неосознанный) табиғатын ашуға талпынады. Бұл ережелер діни ритуалдық іс-қимылдардың барысы туралы репрезентацияларды бағыттап, құрылымдап отырады.

Э. Т. Лоусон мен Р. Макколидің теориясында үш компоненттен тұратын: субъект (немесе агент), іс-әрекет және объект (немесе пациент) ритуалдар қарастырылады. Діни ритуалдарда агент объектіге әсер етеді және бұл әсерге күдіретті күш иелері – агенттердің қатысуы шарт. Ритуалдар басқа діни іс-әрекеттерден үш аспектіде ерекшеленеді: а) олар агенттердің көмегімен діни әлемде өзгерістерді жүзеге асырады; б) ритуалдар «өзіміз және бөтен» белгісімен байланысты болады, ритуалға бөтен адамдар қатыстырылмайды (мысалы, христиандықта бөтен адам уағыз тыңдай алғанымен, құпияларға мәселеге қатыстырылмайды); б) ритуалдар діни дәстүрдегі басқа ритуалдармен байланысты болады.

Э. Т. Лоусон мен Р. Макколи ритуалда күдіретті күш (сверхчеловеческий) агенттің рөліне ерекше мән береді. Ритуалдың негізгі себебі де – осы күдірет күш болып табылады. Адамның қатысуымен өтетін ритуалдарға қарағанда (неке қию, сүндеттеу, есім беру және т.б.), күдіретті күшпен байланысты қамтитын ритуалдар адамдарға зор эмоциялық ықпал етеді

(құрбандық шалу, қажылық және т.б.).

Аталған ғалымдар өз теориясының үш маңызды нәтижесіне тоқталады: а) олар ритуалға қатысушылардың ритуалға қатысты пікірінің маңыздылығын атап өткенімен, бұл пікірлер қол жеткізген білімге негізделмейді, интуитивті түрде пайда болады; б) бұл пікірлер ритуалдың мәні және маңызымен байланыспайды, мысалы, адам ритуалдың маңызын түсінбеуі мүмкін, бірақ белгілі бір шарттарды орындамайынша, ритуалдың өткізілмейтінін түсінеді. (Айталық, жас жұбайлар неке суын не үшін ішетіндерін білмеуі мүмкін, бірақ молданың қатысуынсыз неке қиылмайтынын біледі); в) теория ритуалға қатысушыларың компетенциялық моделі мен мәдени-рәміздік модельдер арасындағы алшақтықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Р. Макколи діннің пайда болуының когнитивтік алғышарттары мәдени даму барысында қалыптасқан түсініктерден әлдеқайда ерте туындаған деп санайды. Сондықтан когнитивті қозғаушы күштер кейінгі мәдени қатпарларға қарағанда қуаттырақ. Сонымен, Э.Т. Лоусон мен Р. Макколи жалпы алғанда діннің, атап айтқанда, ритуалдың пайда болуында мәдени факторларға қарағанда когнитивті тетіктердің маңызды рөл атқаратынын дәлелдеуге талпынады. Осыған сай діни түсініктер адам санасы мен ойлануында алдын ала болады, яғни олар – апостериальды білімнің салдары емес, адамға априори тән түсініктер болып табылады.

Х. Уайтхаус діндарлық модустары туралы теориясында ритуалдық практикалар және онымен байланысты діни жүйелердің діндарлықтың екі түрлі полюстарына немесе модустарына қарай ығысатындығына назар аударады. «Доктриналдық діндарлық модусында» (doctrinal mode of religiosity) ритуалдар

жиі қайталанатын, бірақ ритуалдарға қатысушылардың эмоциясына түрткі боларлықтай әсер етпейді. Жиі қайталаулар барысында ритуал туралы білімдер процедуралық есте сақталады, ал осындай ритуалдармен байланысқан сенім қағидаттарын ұдайы қайталау семантикалық есті іске қосады. «Образды діндарлық модусында» (imagistic mode of religiosity) ритуалдар өте сирек өткізіледі (6). Сирек қайталанатын ритуалдарды игеру мен тасымалдау басқа факторларға, атап айтқанда, оған қатысушылардың қарқынды эмоционалдық қозуына байланысты болады. Мұндай ерекше оқиғалар ұсақ-түйегіне дейін есте сақталады. Адам үшін маңызды әрі эмоционалды оқиғалардың нақты дәл есте қалуын «еске түсіру жарқылы» (flashbulb memory) деп атайды. Сирек орындалатын және эмоционалды қаныққан (көңіл күйге қатты әсер ететін) ритуалдар оған қатысушылардың есінде нақты оқиғалар туралы естеліктерді сақтап қалады.

Х. Уайтхаустың сатылы теориясында ритуалдарды сирек және жиі орындау ақпаратты өңдеудегі тармақталып кететін іргелі когнитивтік үдерістерге (семантикалық және эпизодтық ес), кодтау стильдеріне (тілдік/риторикалық/логикалық және икондық) және бір-бірінен әлеуметтік-саяси сипаттарымен ерекшеленетін діни жүйелердің екі типіне алып келеді. Діндарлықтың доктриналдық модусында діни ілім тілде кодификацияланады және арнайы білім алған діни қайраткерлер мен мәтіндер арқылы тасымалданады, сондықтан мұндай ілімдер қалың бұқара арасында тез таралады. Діни қағидаттар мен концептілер жиі қайталанатындықтан ортодоксиядан ауытқу бірден көзге түседі. Діндарлықтың образды модусында керісінше, ритуалдар айқын (эксплицит-

ті) білімде көрініс тапқан діни ілімді жариялай бермейді. Мұнда ритуалдарға қатысушылардың сирек және экстатикалық рәсімдерді өзіндік пайымдаулары өзара байланысқан концептуалды түсінікті (ортақ мазмұнды) қалыптастыра алмайды. Бұл өз кезегінде ортақ доктринаның қалыптасуына кедергі келтіреді, сондықтан мұндай діни жүйелер баяу таралады.

Ритуалдың когнитивті теориялары таным үдерісімен қатар, ритуалдың эмоционалдық аспектілеріне, есте сақталуы мен көрнектілігіне, қайталанатындығы мен тартымдылығына да назар аударады.

Қазіргі когнитивті дінтану – көптеген мәселелерді қамтитын ғылыми білім саласы. Діни ұғымдар мен діндарлықтың қалыптасуы, діни түсініктер мен іс-әрекеттердің адаптативтік (адамды қоршаған және әлеуметтік ортаға бейімдеу) қызметі, «халықтық» дін мен институционалданған діндердің айырмашылығы, дін мен моральдың байланысы, әлеуметтік таным мен тылсымға деген сенім арақатынасы мәселелері – осылардың бәрі когнитивті дінтанушылар тарапынан қызу талқыланатын тақырыптар.

Когнитивті дінтануда когнитивті зерттеулер эволюциялық идеялармен де сабақтасады, осыған орай діннің эволюциялық рөлі туралы мәселе де маңызды болып табылады. Дін әлде бір адаптативтік қызмет атқара ма немесе эволюция үдерісі барысында дінмен байланыспаған міндеттерді шешу үшін қалыптасқан когнитивті жүйенің қосалқы өнімі ме деген сұрақтарда шешімін табуды талап етеді. Сонымен қатар дін экзопатия ретінде де қарастырылады, яғни когнитивті қосалқы өнім ретінде пайда болған діни наным-сенімдер кейін адаптативті сипат алады.

Соңғы жылдары когнитивті дінтану басқа да зерттеу салаларымен, атап

айтсақ, дін психологиясымен, діннің қалыптасуындағы мәдени және биологиялық факторларды қарастыратын, діни дәстүрлердегі және діндарлық деңгейіндегі тарихи және мәдени вариацияларды (көп түрлілікті) түсіндіретін концепциялармен тығыз байланыста дамып келеді. Когнитивті дінтану саласы үшін нейрофизиологиялық зерттеулердің де маңызы артып келеді (дінді нейрофизиологиялық тұрғыдан зерттеудің басым бөлігі діни-мистикалық толғаныстардың нейрондық субстратын анықтауға бағытталған болатын). Нейробиологтар діни ойлау мен іс-әрекетке қатысы бар іргелі когнитивті үдерістерді анықтауға талпынады. Нейрофизиологиялық тәсілдер когнитивті дінтану аясында қалыптасқан гипотезаларды тексерудің қосымша құралына айналды.

### Қорытынды

Когнитивті дінтану ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалған ғылыми зерттеу саласы деп айтуға әлі ертерек. Оның ұстанымдары мен тұжырымдарына, идеялары мен көрнекті өкілдерінің көзқарастарына айтылған сын пікірлер де аз емес. Бірқатар авторлар бұл бағыттың іргетасын қалағандар өздерін дін антропологиясы мен психологиясы сияқты ғылым салаларында қалыптасқан дәстүрлерге қарсы қояды, ал бұл үдеріс когнитивті дінтанудың ұзақ уақыт оқшау дамуына алып келді деп санайды. Когнитивті дінтанудың іргелі теориялық принциптерінің бірі – психиканың әмбебап модульдылығы идеясы да пікірталас

тудырады. Когнитивті дінтанушыларды редуccionизм мен биологиялық детерминизмге бой алдырды деп айыптайтындар да кездеседі. Сол сияқты неге белгілі бір адамзат қауымдастықтары өз құдайына (құдайларына) иланып, басқалардікіне сенбейді деген сұрақтар туындайды. Көптеген зерттеулерге қарамастан когнитивті дінтану үшін іргелі болып табылатын гипотезалар әлі толық дәлелденген жоқ. Когнитивті дінтану теологтар тарапынан да сынға алынды. Протестанттық теолог Н. Мерфи когнитивті дінтану архаикалық мәдениеттегі діни тәжірибенің негіздерін дұрыс түсіндіргенімен, бұл нәтижелерді христиандыққа қатысты қолдануға болмайды деп санайды (7). Фин дінтанушысы И. Пюсияйнен: «Егер діннің мәні туралы ескі идеядан арылатын болсақ, бұл «діни» деп аталатын құбылыстарды адам психологиясы мен жүріс-тұрысының табиғи бір бөлігі ретінде түсінуге мүмкіндік береді», – дейді (Piusiainen.).

Когнитивті дінтану өкілдері дінді толық әрі жан-жақты түсіндіруді мақсат етпейді, діни дәстүрлердегі мәдени және тарихи вариациялардың қалыптасуын түсіндіруге талпынады. Сонымен қатар когнитивті дінтану ойлау мен танымдағы діни ұғымдар мен түсініктердің пайда болуы мен даму үдерісін ашуға ұмтылады, мәдени және экологиялық факторлардың іргелі когнитивті үдерістерге ықпалын да қарастырады.

Бұл зерттеу жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № BR24993035).

### Әдебиеттер

1. Bolshaya rossiiskaya enciklopediya <https://bigenc.ru/c/kognitivnoe-religiovedenie-f6b8c3>
2. Buaye, P. Obiesnyaya religiyu. Priroda religioznogo myshleniya. [http://loveread.ec/read\\_book.php?id=58603&p=90](http://loveread.ec/read_book.php?id=58603&p=90)
3. [https://www.researchgate.net/publication/261825441\\_Rethinking\\_Religion\\_Connecting\\_Cognition\\_and\\_Culture\\_by\\_E\\_Thomas\\_Lawson\\_Robert\\_N\\_McCauley/link/566863b208ae193b5fa0cce4/download?\\_tp=eyJjb250ZXh0Ijp7ImZpcnN0UGFnZSI6InB1YmxpY2F0aW9uIiwicGFnZSI6InB1YmxpY2F0aW9uIn19](https://www.researchgate.net/publication/261825441_Rethinking_Religion_Connecting_Cognition_and_Culture_by_E_Thomas_Lawson_Robert_N_McCauley/link/566863b208ae193b5fa0cce4/download?_tp=eyJjb250ZXh0Ijp7ImZpcnN0UGFnZSI6InB1YmxpY2F0aW9uIiwicGFnZSI6InB1YmxpY2F0aW9uIn19)
4. <https://metal-archive.ru/stati/20057-kognitivnoe-religiovedenie.html>
5. Piusiainen, I. Po tu storonu religii: kognitivnaya nauka I izuchenie chelovecheskogo povedeniya. <https://cyberleninka.ru/article/n/>
6. Piusiainen, I. (2013). Kognitivnoe religiovedeniye kak issledovatel'skaya programma // Religiovedcheskiye issledovaniya. – №7-8. – С. 123-125. <https://cyberleninka.ru/article/n/>
7. Samarina, T. S. Estestvennonauchnyi povorot v naukah o religii: neyroteologiya i kognitivnoe religiovedenie // Philosophya religii: analiticheskiye issledovaniya. – 2023. – Т.7. – № 2. – 13 s.
8. Shahnovich, M. M. (2006). Chto takoe kognitivnoe religiovedeniye. (cognitive religious studies)? // Materialy II Mezhdunarodnoi konferencii po kognitivnoi nauke 9-13 – SPb.
9. Shahnovich, M. M. Sovremennyye problemy kognitivnogo religiovedeniya. Nauchnyi analiticheskii obzor. <http://philosophy.spbu.ru/userfiles/science/reviews/religiovedeniya.pdf>
10. Sergienko, R. A. Kognitivnyi podhod k obyasneniyu prirody religii I religiznyih predstavlenii. <https://cyberleninka.ru/article/n/kognitivnyy-podhod-k-obyasneniyu-prirody-religii-i-religioznyh-predstavleniy>
11. Shushlukov, D. D. Kognitivnaya teoriya v sovremennoi teorii religii. <http://www.gramota.net/materials/9/2018/9/23.html>.
12. Uaithaus, H. Argumentyi, I. obzoryi: Divergentnye modusy religioznosti. [https://vk.com/wall-31607700\\_354044](https://vk.com/wall-31607700_354044)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕВРЕЙ ҚАУЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Абуталипова Айша Нуржановна  
Магистр, Мармара Университеті  
Ыстамбұл қ, Түркия

### تاریخ تشكّل الجالیّة اليهودیّة في كازاخستان

عائشة أبو طالب  
جامعة مرمرّة، ماجستير الآداب  
إسطنبول، تركيا

## THE HISTORY OF THE FORMATION OF THE JEWISH COMMUNITY IN KAZAKHSTAN

Abutalipova Aisha Nurzhanovna  
Master, Marmara University  
Istanbul, Turkey

## ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЕВРЕЙСКОЙ ОБЩИНЫ В КАЗАХСТАНЕ

Абуталипова Айша Нуржановна  
Магистр, Университет Мармара  
Стамбул, Турция

**Аңдатпа:** Иудаизмның Орта Азиядағы тарихы б.з.д. V ғасырдан бастау алады. Дегенмен Қазақстан аумағында еврей қауымдастығы XIX ғасырда қалыптаса бастаған. XIX ғасырдың бірінші ширегінде еврейлер Өзбекстаннан, Ресейден және Еуропадан саяси, әскери, эвакуация және коммерциялық себептермен Қазақстанға қоныс аударды. Қазақстанға қоныс аударған еврей қауымының ішінде Ашкеназ, Бұхара, Тау, Гүржі және Қырым еврейлері бар.

Бұл зерттеу мақалада Қазақстан аумағына қоныс аударған еврей қауымының қоныстану кезеңдері, мотивациялары мен себептері, діни ахуалы және көші-қоны талқыға түседі.

**Түйін сөздер:** иудаизм, Бұхара еврейлері, Ашкеназ еврейлері, көші-қон.

**الملخص:** تعود جذور تاريخ اليهودية في آسيا الوسطى إلى القرن الخامس قبل الميلاد. ومع ذلك، فإن المجتمعات اليهودية في الأراضي التي تشكل كازاخستان اليوم بدأت تظهر فقط في القرن التاسع عشر. في الربع الأول من القرن التاسع عشر، هاجرت المجتمعات اليهودية من أوزبكستان وروسيا وأوروبا إلى كازاخستان بسبب عوامل سياسية وعسكرية وإخلاقية وتجارية. من بين المجموعات اليهودية التي استقرت في كازاخستان يهود الإشكناز، البخاريون، يهود الجبال، اليهود الجورجيون ويهود القرم. يستعرض هذا المقال مراحل إعادة توطينهم، العوامل التحفيزية والسببية التي دفعت إلى هجرتهم، الديناميات الدينية، والخصائص المميزة لعمليات الهجرة لهذه المجتمعات داخل كازاخستان.

**الكلمات المفتاحية:** اليهودية، يهود كازاخستان، اليهود البخاريون، اليهود الإشكناز، إعادة التوطين و الهجرة.

**Abstract:** The history of Judaism in Central Asia can be traced back to the 5th century BCE. However, Jewish communities in the territory of present-day Kazakhstan only began to emerge in the 19th century. In the first quarter of the 19th century, Jewish communities migrated to Kazakhstan from Uzbekistan, Russia, and Europe due to political, military, evacuation, and commercial factors. Among the Jewish groups that settled in Kazakhstan were Ashkenazi, Bukharian, Mountain, Georgian, and Crimean Jews. This article explores the stages of their resettlement, the motivational and causal factors driving their migration, the religious dynamics, and the distinctive characteristics of the migration processes of these communities within Kazakhstan.

**Keywords:** judaism, jews of Kazakhstan, Bukharan jews, Ashkenazi jews, repatriation.

**Аннотация:** История иудаизма в Центральной Азии восходит к V веку до нашей эры. Однако еврейские общины на территории современного Казахстана начали формироваться лишь в XIX веке. В первой четверти XIX века еврейские общины начали переселяться в Казахстан по ряду факторов, включая политические, военные, эвакуационные и коммерческие причины. Эти миграционные потоки шли как из соседних регионов, таких как Узбекистан и Россия, так и из более отдалённых европейских территорий. Среди еврейских групп, мигрировавших в Казахстан, были ашкеназы, бухарские, горские, грузинские и крымские евреи. В данной статье рассматриваются этапы их переселения, мотивационные и причинные факторы миграции, религиозная ситуация, а также особенности миграционных процессов этих общин в Казахстане.

**Ключевые слова:** иудаизм, евреи Казахстана, Бухарские евреи, Ашкенази, репатриация.

## Кіріспе

Қазақстандағы еврей қауымы жас қауым болғанымен, Қазақстан аумағына қоныс аударған уақыттан бері бірнеше маңызды кезеңді басынан өткерді. Бірнеше қауымнан құралған Қазақстан еврейлері Кеңес өкіметінің қатаң діни саясаты кезінде діни шектеулерге тап болғанымен XIX ғасырдың соңынан бастап, яғни Кеңес Одағы құлағанға дейін өздерінің санын сақтап қалды. 1970 жылдардан бастап Қазақстандағы еврейлердің

көшіп-қонуына байланысты сандары азайса да елдегі өз қызметтерін жалғастырды. Қазақстандағы еврей қауымының қалыптасқан алғашқы кезеңдерде Ашкеназ және Бұхара еврейлері бөлек қауым ретінде өмір сүргенімен, уақыт өте келе бірлесіп әрекет ете бастады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы еврей қауымының пайда болу тарихы, қазіргі ахуалы және мемлекеттегі қызметтері – әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеушілердің кеңінен зерттеп жатқан

тақырыбы. Дегенмен жоғарыдағы тақырып орыс тілді ғылыми орталарда қолға алынғандықтан қазақ тіліндегі ақпараттардың жеткіліксіз екенін айта кеткен жөн.

Ғылыми деректерге сәйкес иудайзмның қазіргі Қазақстан аумағындағы тарихы жаңа болып саналғанымен, Қазақстандағы еврей диаспорасы өздігінен қалыптаспаған. Қазақстандағы еврей қауымдарының қалыптасуына КСРО кезеңінің саяси жағдайлары және Екінші дүниежүзілік соғыс едәуір әсер етті (Григоркевич, 2017: 43). Сондықтан бүгінгі Қазақстан аумағындағы еврей диаспорасы өз еркімен көшкен және көшуге мәжбүр болған еврейлерден құралған. Бірнеше қауымнан құралған Қазақстандағы еврейлердің көпшілігін Ашкеназ еврейлері құрайды. Сонымен қатар еврей қауымдарының ішінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Түркістан генерал-губернаторлығынан және Бұхарадан сауда мақсатында көшкен Бұхара еврейлері бар. Бұл қауымдардан бөлек Ресей империясы мен КСРО кезеңі және КСРО-дан кейінгі Қазақстанда жүргізілген халық санағының статистикаларына сүйенсек Қазақстан аумағында Қырым, Гүржі және Тау еврейлері де өмір сүріп келген. Мақаламызда Қазақстандағы еврей қауымының қалыптасу тарихын, олардың қандай қауымдардан құралғанын, діни ахуалын және көші-қон мәселесін қарастырамыз.

### **Қазақстан аумағындағы еврей қауымының қалыптасу тарихы**

Қазақстан аумағына қарай еврей қауымы өзгеріп отырады. Ресей империясынан көшіп келген саяси қуғындар Қазақстанның солтүстік және шығыс бөлігінде шоғырланған. Яғни солтүстік және шығыс Қазақстанда көбінесе Ашке-

наз еврейлері қоныстанған. Ал Оңтүстік Қазақстанға (Түркістан, Шымкент, Қызылорда, Алматы, Тараз, Қазалы) Бұхара еврейлерімен қатар Ресей империясынан көшкен еврей сарбаздары да орналасқан.

### **1. Бұхара еврейлері**

«Бұхара еврейлері» атауы – Орта Азия еврейлері деп те бөлінетін қазіргі Өзбекстан және Тәжікстанның аумағында мекендеген көне еврей қауымына берілген атау. Бұл қауымның Бұхара еврейлері деп аталуы жайында бірнеше пікір бар. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, «Бұхара еврейлері» атауын алғаш рет 1820 жылы Еуропадан келген саяхатшылар қолданған. Еврей-тәжік тілінде (Бұхара еврейлерінің ауызекі сөйлеу және әдеби тілі) сөйлейтін аталған еврей тобының көпшілігі Бұхарада шоғырланғандықтан Орта Азияға келген саяхатшылар осы атауды қолданған (Каганович, 2016: 19).

Бұхара еврейлері Қазақстан аумағына XIX ғасырдың бірінші жартысында орналаса бастаған. 1940 жылдардың басында Қоқан хандығының маңызды сауда орталығы қазіргі Түркістан қаласында Бұхара еврейлері тұрақты сауда-саттық қатынасын орнатқан. Бұхара еврейлерінің Түркістан аумағындағы әрі Ақ Мешіт қорғанындағы сауда қатынастары, Бұхара-Орынбор керуен жолы бойындағы Ресей империясы және Орта Азия арасындағы сауданың жаңғыруына себепші болды (Куповецкий, 2013: 208). 1851 жылы Бұхара еврейлері болып саналған Давуд Якубов және Якуб Калонтаров атты саудагерлер Райым бекінісінде сауда жасаған. 1853 жылы Қазалы қаласында да саудаларын жүргізген бұл екі саудагердің меншігінде 1862 жылы 13 дүкен болған. 1964 жылы қазіргі Шымкент және Түркістан қалаларының Ресей империясының қарамағына өтуімен ев-

рейлердің бұл өңірлерде сауда жасауына рұқсат етілді. Сол жылдары Түркістанда 3-4, Шымкентте 5-6 еврей отбасы тұрған (Куповецкий, 2013: 209). 1867 жылы Түркістан Генерал-губернаторлығының құралуымен Бұхара еврейлері уақытша Түркістан, Шымкент, Қызылорда және Қазалы қалаларына қоныс аударған. 1878 жылы Торғайда, 1880 жылы Таразда тұрақтаған. Бұхара еврейлері Сырдарияның көпұлтты қалаларында өздеріне арналған жеке аудандарда тұруды жөн көрген. Олар Түркістан, Шымкент, Қызылорда және Қазалы қалаларындағы еврей аудандарында өз ғибадатханаларын, ұл балаларға арналған хомулоларын (еврей балаларының діни білім алған білім мекемесі) және еврей зираттарын салған (Куповецкий, 2013: 209-210).

Қазақстан аумағындағы Бұхара еврейлерінің саны 1910 жылға дейін едәуір өссе де, бұл жылдардан кейін азайып кеткен. 1880 жылдардың ортасында Қазақстанда шамамен 700 Бұхара еврейі тұрған. 1889 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығында жылжымайтын мүлікке ие болу құқығы тек «жергілікті» (туземный) мәртебесіне ие Бұхара еврейлеріне ғана берілген. Бұл саясатқа қарамастан, 1890 жылдары Бұхара еврейлері Сырдария аймағына қоныс аударуды жалғастырған болатын. 1890 жылдардың ортасында Қазақстандағы Бұхара еврейлерінің саны шамамен 1300-ге ұласты. XX ғасырдың басында Ресей билігі Бұхара хандығы азаматтарын Ресейдің қарамағындағы аймақтардан шығару шешімін қабылдаған. 1910 жылдың басында Қазақстанда шамамен 2100 Бұхара еврейі өмір сүргенімен, аталмыш жылдың ақпан және сәуір айлары аралығында Бұхара еврейлерінен 160 отбасы Сырдария аймағынан көшуге мәжбүр болды. 1911-1912 жылдарда Бұхара еврейлерін

аймақтан шығару жалғасын тапқан. Нәтижесінде Түркістанда 145, Шымкентте 239, Қазалыда 247, Қызылордада 127 және Таразда 89 Бұхара еврейі қалған еді. Қысқаша айтқанда, Бірінші дүниежүзілік соғыстан бұрын Қазақстанда шамамен 800 Бұхара еврейі қалған болатын (Куповецкий, 2013: 210-212).

Жоғарыда Бұхара еврейлерінің Қазақстандағы негізгі кәсібі сауда-саттық екенін атап өткен болатынбыз. Олар Ресей аумақтарынан Орта Азия хандықтарына керуендермен металл, темір, болат, мыс бұйымдарын, мақта, тері, жүн және Ресейде өндірілген мата тасымалдаған. Орта Азиядан Ресейге киімдер, көрпелер, ас үй құралдарын, шай, кептірілген жемістер мен балғын жемістер тасымалдаған (Мачкевич, 2002: 140-142). Бұдан бөлек XX ғасырдың басында мақта саудасының таралуы нәтижесінде Бұхара еврейлері Қазақстанда фабрика ашқан болатын. Бұлардың ішінде Түркістанда мақта өңдеу фабрикасын ашқан Муллачаевті атап өтсек болады. Бұхара еврейлері XIX ғасырдың соңғы ширегінде саудада орыс, татар, өзбек сияқты этникалық топтармен бақталас болған. Мысалы, Түркістан қаласында Бұхара еврейлерінен Давыдов, Борухов, Машеев және Хантов әулеттері мата саудасында басқа этностардан асып түскенін байқауға болады (Мачкевич, 2002: 142).

1917 жылдың наурыз айында Уақытша үкімет қабылдаған шешімге сәйкес, Ресей азаматы немесе Бұхара әмірлігінің азаматы болған Бұхара еврейлеріне Ресей мен Түркістан генерал-губернаторлығының аумағында тұру және жылжымайтын мүлікке ие болу құқығы берілді. 1920 жылы жүргізілген КСРО-ның халық санағының мәліметтеріне сәйкес, «жергілікті» Бұхара еврейлерінің Қазақстандағы саны 850 адамды құраған (Куповецкий, 2013: 212-213).

Аталмыш еврей қауымының оқу орындары туралы мәліметтерге сүйенсек, Шымкент облысының мұрағат құжаттарының арасында Қазақстандағы Бұхара еврейлерінің жалғыз мектебі туралы мәліметтер бар. Бұл мектеп 1919 жылы Шымкентте ашылған болатын. Бұл мектепте арифметика, орыс тілі мен әдебиеті, иврит тілі, сауат ашу сияқты сабақтар берілген. Оқу бағдарламасы еврей-тәжік тілінде жүргізілген. Мұрағат деректеріне сүйенсек әрбір бұхаралық еврей отбасынан орта есеппен 5-6 бала мектепке барған. Бұл мәліметтерге қарай отырып Шымкент қаласында Бұхара еврейлерінің көп болғанын айта аламыз (Жилкина, 2005: 92-94).

1926 жылғы Кеңес Одағының халық санағы мәліметтерінен басқа, Бұхара еврейлерінің тұрғылықты мекені және саны туралы айтарлықтай мәлімет жоқ. Себебі Бұхара еврейлерінің көпшілігі халық санағы жүргізілген кезде Орта Азия немесе Бұхара еврейі деген атаумен емес, тек еврей деп жазылған болатын (Купевоцкий, 2013: 213). Мысалы, 2021 жылы өткен Қазақстан халық санағының мәліметтері бойынша еврей деп 4064 адам тіркелген болса, Орта Азия еврейі деп тек 7 адам тіркелген. Сол сияқты 2009 жылғы халық санағында 3485 адам еврей, 5 адам Орта Азия еврейі ретінде тіркелгені бұл дегенімізге дәлел болмақ (6).

#### **а. Бұхара еврейлерінің наным-сенімдері**

Бұхара және Ашкеназ еврейлерінің сенімдерінде айырмашылық болмағанымен, құлшылығын орындау жөнінен Бұхара еврейлері ерекшеленіп отырды. Бұхара еврейлері Тораның үкімдеріне бағынып, Парсы еврейлерінің дәстүріне қарай құлшылығын орындап отырған. Бірақ 1793 жылы Бұхараға қоныс аударған

Йосеф Маманның әсерімен Сефард еврейлерінің дәстүрін қолданысқа енгізген болатын (Loewenthal, 350). Деректерге сенсек, раввин Йосеф Маман (қ.ж. 1822) діннен алыстаған Бұхара еврейлерінің діни өмірін қайтадан жаңғыртқан болып саналады. Марокконың тумасы Маман, Бұхара еврейлері үшін Ыстанбұл, Бағдат және Ресейден діни кітаптар алдырған және Бұхарада иешивалар (Тора және Талмуд сияқты еврей діни мәтіндері оқытылатын мекеме) ашқан болатын (Fischel, 2007: 431). Осы кезеңнен бастап Италияда басып шығарылған Сефард діни кітаптары Бұхара еврейлерінің арасында тарала бастады. Йосеф Маманның әсерімен Бұхара еврейлері XIX ғасырдан бастап Сефард қауымының бір бөлігі ретінде таныла бастады (Arik, 2005: 230).

Бұхара еврейлері құлшылықтарын дәстүрлі иудаизмның ережелеріне бағына отырып орындайды. Алайда кейбір діни мерекелер мен рәсімдері басқа еврей қауымдарынан өзгеше өткізілді. Бұхара еврейлерінің діни рәсім мен мерекелерінің ерекшеленуіне себебі – олардың Өзбекстан және Тәжікстанның ықпалында болуы. Мысалы, олардың неке қию, жерлеу және сүндет рәсімдерінде көрші халықтар дәстүрлерінің ықпалы айқын байқалады. Бұл ықпалдарды қысқаша атап өтетін болсақ, Бұхара еврейлерінің үйлену тойы қарапайым өткізуді жөн көретін басқа еврей қауымдарына қарағанда салтанатты өткен. Бұдан бөлек, кидушинден (еврейлердің неке қию рәсімінің алғашқы кезеңі) бұрын қалыңдық пен күйеу жігіт үйлерінің ауласында жағылған отты айналған. Үйлену рәсіміне дейін отты айналудың дәстүрі Бұхара еврейлерінің көршілері тәжік халқының салттары арасында кездесетіні белгілі.

Бұхара еврейлерінің жаназа рәсіміне келер болсақ, марқұмның отбасы, жеті

күндік (шива) және отыз күндік (шилошим) аза тұту кезеңдеріне сәйкес әрекет еткен. Бұхара еврейлерінің жерлеу рәсімінде ерекше көрініс тапқан дәстүр юшва рәсімі. Бұл рәсім шива кезеңінде күн сайын, шилошим кезеңінде апта сайын, бірінші жылы ай сайын және одан кейін жыл сайын өткізіліп отырған (Соопер, 2011: 293). Ауқымдылығы жағынан Орта Азия халықтарының жаназа рәсімдеріне ұқсас Бұхара еврейлерінің жаназасы дәстүрлі еврей қауымдарының қарапайым рәсімінен ерекшеленеді.

## 2. Ашкеназ еврейлері

Қазақстанға қоныстанған Ашкеназ еврейлерінің көпшілігі жер аударылған саяси куғын-сүргінге ұшырағандардан құралған және олар көбінесе Қазақстанның шығыс және солтүстік өңірлеріне орналасқан. Қазақстандағы Ашкеназ еврей қауымдары жайлы жазылған алғашқы және құнды мәліметтер – XIX ғасырдың бірінші ширегінде жазылған құжаттар. Бұл мәліметтерде 1825 жылғы ақпаратқа сүйенсек Қазақстанның Семей өңірінде 12 еврейдің шоғырланғаны жайлы хабарлайды (Григоркевич, 2017: 43). Бұдан бөлек, 1825 жылғы деректерге сәйкес, Семейде ішімдік саудасымен айналысатын 17 еврей тұрғаны белгілі болған. Тарихшы Николай Абрамовтың «Усть-Каменогорск в 1861 году» атты еңбегінде қазіргі Өскемен қаласының аумағында 8 еврей ер адамның өмір сүретіні туралы мәліметтер бар. 1870 жылы Шығыс Қазақстандағы еврейлердің саны артып, 77 адамды құраған болатын (Свахина, 2005). Тарихшы Жанұзақ Қасымбаевтың Шығыс Қазақстан еврейлерінің саны жайында жазған мәліметтері болса жоғарыдағы ақпараттардан өзгешелік көрсетеді. Оның мәліметтері бойынша, 1885 жылы Өскеменде 21, Семейде 17, Аягөз-

де 2, Қапалда 27 еврей тұрған. Ал 1887 жылы Семейде 281, Өскеменде 133, Павлодарда 10 еврей тұрған болып саналады (Қасымбаев, 1990: 87-89). 1897 жылы жүргізілген Ресей империясының жалпы халық санағы бойынша Семей облысының қалалары мен ауылдарында 308 еврей, Степной облысында 2073 еврей өмір сүрген (Григоркевич, 2013).

Ресей империясы дәуірінде Шығыс Қазақстандағы еврейлер санының бір-бірінен өзгешеленуінің бірнеше себебі бар. Біріншіден, империя дәуірінде халық санағы жүйелі түрде жүргізілмегендіктен, деректерде қателіктер болуы әбден мүмкін. Екіншіден, ол кезеңде халық санағында адамның ұлты емес, діні ескерілген болатын. Осы себептен христиандықты қабылдаған еврейлер христиан ретінде тіркелуі ықтимал. Сондай-ақ ата-анасының бірі еврей болған аралас некелерде дүниеге келген балалар еврей ретінде тіркелмегенін еске салайық. Бұдан бөлек, кейбір еврейлер өз қауіпсіздігі үшін діндерін жасырған болатын (Григоркевич, 2013). Жоғарыда айтылған себептерге сәйкес бұл өңірдегі еврейлердің саны әр деректе әртүрлі болуы қалыпты жағдай екенін айта кеткен жөн.

Қазақстан аумағына куғын-сүргінге ұшыраған еврейлерден бөлек, Ресей империясында 25 жыл қызмет еткен еврей сарбаздары да орналасқан болатын. Бұл еврей сарбаздарының басқа куғын-сүргінге ұшыраған еврейлерден айырмашылығы, билік оларға және олардың отбасыларына қоныстанатын жерін таңдау құқығын берген (Свахина, 2013). Еврей сарбаздар 1867 жылы Алматы қаласына аорналас бастаған. Осыдан кейін 1897 жылы Алматыдағы еврейлердің саны 177 кісіге жеткен (Григоркевич, 2017: 43).

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1920-1930 жылдары жүргізілген репрессия са-

ясатының салдарынан көптеген еврейлер Қазақстанға жер аударылды. Мұның нәтижесінде, Қазақстандағы еврей халқының саны күрт өсті. 1939 жылы жүргізілген халық санағының мәліметтері бойынша, Қазақстандағы еврейлердің саны 12 600 адамды құраған (Каганович, 2011: 14). Алайда қуғын-сүргінге ұшыраған еврейлермен қатар, сол кезеңде Қазақстанда тұрып, тұтқындалып, атылған көптеген еврейлер де болған. 1999 жылы жарық көрген және 1930-1943 жылдары Сталин репрессиясына ұшыраған адамдардың есімдері жазылған «Книга Скорби. Расстрельные Списки» атты кітапта Павлодар қаласы еврейлерінің де есімдері кездеседі (Свахина, 2013).

Қазақстандағы еврейлер санының өсуіне Екінші дүниежүзілік соғыс та әсер етті. Өйткені 1941-1945 жылдары мыңдаған адам Кеңес Одағы қарамағындағы аймақтардан Қазақстанға эвакуацияланды. 1941 жылы Қазақ КСР-на эвакуацияланған 24.254 адамның 49%-ын орыстар, 40%-ын еврейлер, 8%-ын украиндар, 2%-ын литвалықтар және басқа ұлт өкілдері құраған (история память, 2019: 10). Соғыс жылдарында Қазақстанға эвакуацияланған еврейлердің арасында өнер әлемінің таңдаулы өкілдері және еврей зиялылары болды (Григоркевич, 2017: 43-44). 1940 және 1950 жылдар арасында Қазақстанға қоныстанған еврейлердің мемлекеттің мәдени және ғылыми саласында үлесі мол болған.

Қазақстанның еврей қауымы халық тарапынан үнемі жылы қабылданбаған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстандағы еврей қауымы антисемитизмге ұшыраған. Мәселен, Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің 1942 жылғы есебінде Шымкенттегі химия және дәрі-дәрмек фабрикасының қызметкері Старчеваның

еврейлерге қарсы дискриминациялық әрекеттер жасағаны туралы мәлімет бар. Бұдан бөлек, сол жылдың маусым айында Шымкенттің базарында еврей жұмысшысы соққыға жығылған болатын. 1942 жылғы республика бас прокурорының құпия есебінде қорлау, Гитлердің еврейлерге қарсы әрекеттерін қолдау, еврейлердің мүлкіне зиян келтіру, еврейлерге азық-түлік сатпауға шақыратын буклеттер тарату, еврейлердің балаларды өлтіргендігі туралы қауесеттер тарату, жұмыс бермеу сияқты антисемиттік әрекеттердің болғаны деректерде кездеседі (Каганович, 2011: 26).

1970 жылдан бастап Қазақстандағы еврей халқының саны азая бастады. Бұл жағдайға еврейлердің Израиль, АҚШ, Еуропа мемлекеттері және т.б. мемлекеттерге қоныс аударуы ықпал етті. Халықтың азаюына қарамастан, 1980 жылдардың соңында және 1990 жылдардың басында Қазақстандағы еврей қауымының мәдени өмірі қайтадан жандана бастады (Григоркевич, 2017, 41).

### 3. Қазақстандағы еврей қауымының қоныс аударуы

1970 жылдарға дейін Қазақстандағы еврейлердің саны өскен болса, аталған жылдан бастап еврейлердің саны азайды. 1970 жылы Қазақстанда 27.013 еврей болды, ал 1979 жылы бұл сан 22.762-ге, 1989 жылы 17.526-ға, ал 1999 жылы 6.743-ке дейін түсті (15, 15-18 б.). 2021 жылы жүргізілген соңғы халық санағына сәйкес, Қазақстанда барлығы 4.171 еврей қалған (6). Кейбір еврейлер Израильге емес, Ресейге қоныс аударған (Валиева, 2015: 44).

1990 жылдардан бастап Израильге қоныс аударғандардың 21%-ын 18-24 жас аралығындағы жастар, 16-19%-ын 35-49

жас аралығындағы кісілер құраған болатын. Қазақстандағы орта және үлкен жастағы еврейлер бұл санның 4-5%-ын ғана құрайды. Олардың Қазақстандағы орныққан өмір салтынан бас тартуы қиынға соққанымен, 2000-2005 жылдар аралығында Қазақстандағы еврей қарияларының көпшілігі Израильге қоныс аударды. Қоныс аударған еврейлердің көшу мотивациясының да әртүрлі болғандығын айта кету керек. Мысалы, қарт адамдар көбінесе Израильдің денсаулық сақтау жүйесінің Қазақстанмен салыстырғанда жақсырақ болу себебінен көшуге шешім қабылдаған. Жалпы 1980жылдары Қазақстан экономикасындағы тұрақсыздық көптеген еврейдің көшуіне себеп болды.

Еврейлердің Қазақстаннан қоныс аударуы уақыт өте келе азайды. Бүгін Қазақстанда тұрақтап қалған еврейлер Израильге тек сапар мақсатында барады. 2020 жылы Қазақстанда BISAM Central Asia социология және маркетинг зерттеулері орталығының жүргізген зерттеуіне сәйкес, сауалнамаға қатысқан 250 адамның 35%-ы Израильге көшуді мүлде жоспарламайтынын мәлімдеген. Сауалнамаға қатысқандардың 6%-ы ғана Израильге көшуді жоспарлайтыны белгілі болды (Гуревич, 2020: 633-645).

### Әдебиеттер

Валиева Б.Х. (2011). Некоторые аспекты демографического развития еврейской диаспоры Казахстана в современный период // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. – 2011. – № 1. – С. 14-20.

Григоркевич, П.А. (2017). Из истории формирования еврейской диаспоры Казахстана // Научное наследие Ф.А. Щербины: Казачество и история Кавказа (Краснодар, 10-11 февраля). – Краснодар: ИМСИТ, 2017. – 150 с.

Гуревич Л.Я., Карташов К.Н. (2020). Ключевые факторы и особенности идентичности евреев в Казахстане // История. Память. Люди: материалы X международной научно-практической конференции (Алматы, 23 сентября 2020 г.) – Алматы: Евро-Азиатский Еврейский Конгресс О.Ю.Л. Ассоциация «Мицва», – 680 с.

Жилкина, Т. (2005). Еврейская школа в Чимкенте // Евреи в Казахстане: История, религия, культура: материалы II международной научно-исторической конференции:

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы иузаизм бір топты емес, Бұхара, Ашкеназ, Гүржі және Тау еврейлерін қамтиды. Бұл қауымдардың Қазақстанға қоныстануына көптеген фактор әсер еткен. Алайда Қазақстанның еврей қауымының басым көпшілігі Ресей империясы және Кеңес Одағының қысымы нәтижесінде Қазақстан аумағына көшіп келген. Сондықтан XIX ғасырда қалыптаса бастаған Қазақстанның еврей қауымы тарихы терең және бірегей қауым болып есептелмейді. Өйткені Қазақстандағы еврей қауымдары елге қоныс аударғанға дейінгі өмір салтын ұстанған.

Соңғы екі ғасырдағы саяси жағдайларға байланысты Қазақстанның әрбір аймағында еврей халқының өмірі әртүрлі өрбіген. Дегенмен бастапқыда әртүрлі топ болып әрекет еткен Қазақстан еврей қауымдастығы уақыт өте келе біртұтас қауымға айналды деп тұжырымдай аламыз. Бұны Қазақстандағы халық санағының деректерінен байқауға болады, өйткені қазіргі уақытта республикада тұратын еврейлер өздерін жеке топтарға бөлмей, бірегей еврей ұлты ретінде тіркелуді жөн көреді.

(Алматы: 27-28 мая 2004 г.) – Алматы: Ассоциация Еврейских национальных организаций РК «Мицва». – 233 с.

История. Память. Люди: материалы IX международной научно-практической конференции (Алматы: 27 сентября 2018 г.). – Алматы: Евро-Азиатский Еврейский Конгресс О.Ю.Л. Ассоциация «Мицва», 2019. – 594 с.

Каганович, А. (2016). Друзья поневоле: Россия и бухарские евреи, 1800-1917. – Москва: Новое литературное обозрение, – 526 с.

Каганович, А. (2011) Еврейские беженцы в Казахстане во время второй мировой войны // История, память, люди: материалы V международной научно-практической конференции (Алматы: 28 октября 2010 г.). – Алматы: Ассоциация еврейских национальных организаций «Мицва».

Касымбаев, Ж. (1990). Города Восточного Казахстана в 1861-1917 г. – Алма-Ата: Ғылым. – 184 с.

Куповецкий, М. (2013). Бухарские евреи на территории Казахстана в XIX – начале XX вв.: Расселение и численность // История, память, люди: материалы VI международной научно-практической конференции (Алматы: 18 октября 2012). – Алматы: Ассоциация еврейских национальных организаций «Мицва», – 446 с.

Мачкевич, А. Евреи и Казахстан. (2002) – Алматы: Дом Печати Эдельвейс.

Свахина, Т. (2013). Формирование еврейской диаспоры в Восточном Казахстане в конце XIX – начале XX веков // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: Сборник научных трудов XIII Международной научно-практической конференции (Семей: 26-27 сентября 2013 г.). – Семей, ИП «Сальменова Д.М». – 406 с.

Ұлттық статистика бюросының ресми сайты: <https://stat.gov.kz/>

Fischel, W.J. (2007). «Joseph Maman al-Magribi», Encyclopaedia Judaica, eds. Skolnik, Fred, Michael Berenbaum, Detroit: Macmillan Reference USA in association with the Keter Pub. House. – 11/431.

Loewenthal, R. «The Jews of Bukhara» Revue des études juives, tome 3.

Durmuş, A. (2005) Buhara Yahudileri. – Ankara: Aziz Andaç Yayınları,

Cooper, A (2011). «Rituals of Mourning Among Central Asia's Bukharan Jews: Remembering the Past and Addressing the Present», Revisioning Ritual: Jewish Traditions in Transition, ed. Simon J. Bronner (Oxford / Portland: The Littman Library of Jewish Civilization,). – P. 293.

## References

1. Grigorkevich P.A. (2017). İz istorii formirovania evreiskoi diasporы Kazahstana [From the history of the formation of the Jewish diaspora of Kazakhstan] // Scientific heritage of F.A. Shcherbina: Cossacks and the history of the Caucasus (Krasnodar, February 10-11, 2017). Krasnodar: IMSIT,– 150 p.

2. Kaganovich A. (2016). Drüzä ponevole: Rosia i buharskie evrei [Involuntary friends: Russia and the Bukharian Jews, 1800-1917]. Moscow: New Literary Review. 526 p.

3. Kupovetsky M. (2013). Buharskie evrei na teritorii Kazahstana v XIX – nachale XX

vv.: Rasselenie i chislenöst // İstoria, pämät, lüdi: materialy VI mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii [Bukharian Jews in Kazakhstan in the XIX – early XX centuries: Settlement and number // History, memory, people: proceedings of the VI International scientific and practical conference] (Almaty: October 18, 2012). – Almaty: Association of Jewish National Organizations «Mitzvah», – 446 p.

4. Machkevich A. (2002). Evrei i Kazahstan [Jews and Kazakhstan]. – Almaty: Press House Edelweiss.

5. Zhilkina T. (2005). Evreiskaia škola v Chimkente // Evrei v Kazahstane: İstoria, religia, kùltura: materialy II mejdunarodnoi nauchno-istoricheskoi konferen [The Jewish School in Shymkent // Jews in Kazakhstan: History, religion, culture: proceedings of the II International Scientific and Historical Conference]. (Almaty: May 27-28, 2004) – Almaty: Association of Jewish National Organizations of the Republic of Kazakhstan «Mitzvah». – 233 p.

6. Ulttyk statistics byrosyn resmi sites: <https://stat.gov.kz/>

7. Svakhina T. (2013). Formirovanie evreiskoi diaspory v Vostochnom Kazahstane v konse HİH – nachale HH vekov // Etnodemograficheskie prosesy v Kazahstane i sopredelnyh teritoriah: Sbornik nauchnyh trudov XIII Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii [The formation of the Jewish diaspora in East Kazakhstan in the late nineteenth and early twentieth centuries // Ethnodemographic processes in Kazakhstan and adjacent territories: Proceedings of the XIII International Scientific and Practical Conference]. (Semey: September 26-27, 2013). – Semey, IP «Salmenova D.M.». – 406 p.

8. Kasymbaev J. (1990). Goroda Vostochnogo Kazahstana v 1861-1917 g [Cities of East Kazakhstan in 1861-1917]. – Alma Ata: Gylım.184 p.

9. Kaganovich A. (2011). Evreiskie bejensy v Kazahstane vo vremä vtoroi mirovoi voyny // İstoria, pämät, lüdi: materialy V mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii (Almaty: 28 oktäbrä 2010 g.). [Jewish refugees in Kazakhstan during the Second World War // History, memory, people: proceedings of the V International Scientific and Practical Conference]. (Almaty: October 28, 2010). Almaty: Association of Jewish National Organizations «Mitzvah».

10. History. Memory. People: proceedings of the IX International Scientific and practical conference (Almaty: September 27, 2018). – Almaty: Euro-Asian Jewish Congress O.Y.L. Mitzvah Association, 2019. – 594 p.

11. Fishel W.J. (2007). Joseph Maman al-Maghribi, Encyclopedia of Judaica, ed. Skolnik, Fred, Michael Berenbaum, Detroit: Macmillan Reference, USA, in collaboration with the Keter Pub. House Publishing House». – № 11/431.

12. Leventhal. R. «Jews of Bukhara», Collection of scientific papers, volume 3.

13. Arik, D. (2005). Bukhara Yahudileri. Ankara: Aziz Andach Yayınları.

14. Cooper, A. (2011). «Rituals of Mourning among the Bukharian Jews of Central Asia: Remembering the Past and Addressing the Present,» Ritual of Revision: Jewish Traditions in Transition, ed. Simon J. Bronner (Oxford/Portland: Littman Library of Jewish Civilization,) p. 293.

15. Valieva B.H. (2011). Nekotorye aspekty demograficheskogo razvitia evreiskoi diaspory Kazahstana v sovremennyi period. [Some aspects of the demographic development

of the Jewish diaspora of Kazakhstan in the modern period // Bulletin of Karaganda University. A series of Stories. Philosophy]. – No. 1. – pp. 14-20.

16. Gurevich L.Ya., (2020). Klüchevye faktory i osobenosti identichnosti evreev v Kazahstane // İstoria. Pämät. Lüdi: materialy H mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii [Kartashov K.N. Key factors and features of Jewish identity in Kazakhstan // History. Memory. People: proceedings of the X International Scientific and Practical Conference]. (Almaty, September 23, 2020) – Almaty: Euro-Asian Jewish Congress O.Y.L. Mitzvah Association. – 680 p.

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 21.15.47

<https://orcid.org/0000-0002-8077-0704>, e-mail: b.melissova@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0002-6799-5626>, e-mail: alirauf59@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-3705-7097>, e-mail: kairat\_1966@list.ru

## МҮЛІК ҚҰҚЫҒЫ ИНСТИТУТЫН ХРИСТИАН ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІНДЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

**Альмухаметов Алий  
Рауфович**

Философия  
ғылымдарының  
кандидаты, дінтану  
кафедрасының доценті,  
Нұр-Мұбарак Египет  
ислам ислам мәдениеті  
университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

**Затов Қайрат  
Айтбекович**

Философия  
ғылымдарының докторы,  
профессор,  
Нұр-Мұбарак Египет  
ислам мәдениеті  
университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

**Мелисова Балжан  
Мелисқызы**

PhD докторант,  
Нұр-Мұбарак Египет  
ислам мәдениеті  
университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## تحليل مقارنة لمؤسسة حقوق الملكية في المسيحية والإسلام

**المخاميتوف علي رووفويش**  
دكتورة في العلوم الإسلامية،  
الجامعة المصرية للثقافة  
الإسلامية نور مبارك  
ألماتي، كازاخستان

**زاتوف قايرات أيتبيكوفيتش**  
دكتورة في العلوم الفلسفية،  
أستاذ بالجامعة المصرية للثقافة  
الإسلامية نور مبارك  
ألماتي، كازاخستان

**ميليسوفا بالجان**  
طالبة دكتوراة  
في الجامعة المصرية للثقافة  
الإسلامية نور مبارك  
ألماتي، كازاخستان

## COMPARATIVE ANALYSIS OF THE INSTITUTE OF PROPERTY RIGHTS IN CHRISTIANITY AND ISLAM

**Almukhametov Aliy  
Raufovich**

Candidate of Philosophical  
Sciences, Associate Profes-  
sor of the Department of  
Religious Studies, Egypt-  
ian University of Islamic  
Culture Nur-Mubarak  
Almaty, Kazakhstan

**Zatov Kairat Aitbekovich**

Doctor of philosophy,  
professor,  
Egyptian University of  
Islamic culture Nur-  
Mubarak  
Almaty, Kazakhstan

**Melissova Balzhan**

**Melisqyzy**  
PhD student  
Egyptian University of  
Islamic Culture Nur-  
Mubarak  
Almaty, Kazakhstan

## СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ИНСТИТУТА ПРАВА СОБСТВЕННОСТИ В ХРИСТИАНСТВЕ И ИСЛАМЕ

Альмухаметов Алий  
Рауфович

Кандидат философских  
наук, доцент кафедры  
религиоведения,  
Египетский университет  
исламской  
культуры Нур-Мубарак,  
г. Алматы, Казахстан

Затов Кайрат  
Айтбекович

Доктор философских  
наук, профессор,  
Египетский университет  
исламской культуры Нур-  
Мубарака,  
г. Алматы, Казахстан

Мелисова Балжан  
Мелискызы

PhD докторант,  
Египетский университет  
исламской культуры Нур-  
Мубарак,  
г. Алматы, Казахстан

**Аңдатпа:** Мақалада екі әлемдік діннің меншік доктринасына салыстырмалы теологиялық талдау жасалған. Тақырыптың өзектілігі айқын, өйткені әлемдік діндер арасында қарсыласу күшейіп, аз болса да диалог пен өзара түсіністік орнатуға үлес қоса алатын ғылыми жұмыстардың қажеттілігі артып келеді. Меншік қатынасы әлеуметтік-экономикалық және құқықтық сипатта болады. Меншік иелері шектеулі ресурстар мен материалдық игіліктерді өндіруге, бөлуге, айырбастауға және тұтынуға қатысқан кезде әлеуметтік-экономикалық және меншік қатынасы пайда болады. Осы себепті меншік қатынасын қалыптастыру мен дамытудың және заманауи қоғамдағы институциялық реттеу механизмдерін құрудың маңызы зор. Мақалада осы мәселені зерттеуге арналған түрлі теориялық және әдіснамалық көзқарастар қарастырылады. Меншік доктриналары жүйелі, салыстырмалы талданады. Меншік мәселесінің қалыптасуы мен дамуын зерделеу христиандық және исламдық санада меншік пен байлыққа қатысты құндылықтардың себебін, көзін және ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** меншік, әділеттілік, меншік институты, христиандық, ислам.

**المخلص:** تحاول هذه المقالة إجراء تحليل لاهوتي مقارنة لعقيدة الملكية في ديانتين عالميتين. لا شك في أهمية الموضوع المختار، حيث تتزايد المواجهات بين الأديان العالمية، وهناك طلب كبير على الأعمال العلمية التي يمكن أن تسهم، ولو بقدر ضئيل، في إقامة الحوار والتفاهم المتبادل. تمثل العلاقات المتعلقة بالملكية جوانب اجتماعية واقتصادية وقانونية. النوع نفسه من العلاقات التي تنشأ عندما يشارك مالكو الممتلكات في إنتاج وتوزيع وتبادل واستهلاك الموارد المحدودة والممتلكات المادية يظهر كعلاقات اجتماعية اقتصادية وعلاقات ملكية. لهذه الأسباب، فإن تشكيل وتطوير علاقات الملكية وخلق آليات فعالة للتنظيم المؤسسي في المجتمع الحديث أمر ذو أهمية كبيرة. تصف هذه المقالة وتقيم مختلف النهج النظرية والمنهجية لهذه المشكلة. تكمن حادثة هذا العمل في حقيقة أن القليل من الدراسات اللاهوتية الجادة تقدم تحليلاً مقارنةً منهجياً. سيسمح فحص تكوين وتطوير مبررات الملكية بفهم الأسباب والصادر والخصوصيات للمحتوى القيمي للوعي المسيحي والإسلامي فيما يتعلق بالملكية والثروة.

**الكلمات المفتاحية:** الملكية، العدالة، معهد الملكية، المسيحية، الإسلام.

**Abstract:** The article attempts to make a comparative theological analysis of the ownership doctrine in two world religions. The relevance of the chosen topic is undeniable, as the confrontation between world religions is growing, and scientific works that can contribute, even to a small extent, to establishing dialogue and mutual understanding are in great demand. Property

relations are both socio-economic and legal. The same type of relationships that arise when property owners engage in the production, distribution, exchange, and consumption of limited resources and material assets manifests itself as socio-economic relations and property relations. For these reasons, the formation and development of property relations and the creation of effective mechanisms for institutional regulation in modern society are of great importance. This article describes and evaluates various theoretical and methodological approaches to this problem. The novelty of this work lies in the fact that very few serious theological studies offer a systematic comparative analysis. An examination of the formation and development of the justification of property will allow us to understand the reasons, sources, and specifics of the value content of Christian and Islamic consciousness concerning property and wealth.

**Keywords:** property, justice, institute of ownership, Christianity, Islam.

**Аннотация:** В статье представлен сравнительный теологический анализ доктрины собственности в двух мировых религиях. Актуальность выбранной темы очевидна, поскольку напряженность между мировыми религиями растет, и научные работы, которые могут хоть немного способствовать установлению диалога и взаимопонимания, становятся востребованными. Собственнические отношения являются как социально-экономическими, так и юридическими. Тот же тип отношений, который возникает, когда собственники имущества участвуют в производстве, распределении, обмене и потреблении ограниченных ресурсов и материальных благ, проявляется как социально-экономические и собственнические отношения. Поэтому формирование и развитие собственнических отношений, а также создание эффективных механизмов институционального регулирования в современном обществе имеют большое значение. В статье рассматриваются и оцениваются различные теоретические и методологические подходы к данной проблеме. Изучение формирования и развития оправдания собственности позволит понять причины, источники и особенности ценностного содержания христианского и исламского сознания относительно собственности и богатства.

**Ключевые слова:** собственность, справедливость, институт собственности, христианство, ислам.

## Introduction

The institution of property law stands as one of the central and most intricate components of legal systems. Since its inception, human agency has played a pivotal role in shaping this institution. This is inherently tied to the notion that property, as a legal category, serves as the foundation upon which other legal relationships are built. It directly enables individuals to exercise their rights to freedom, happiness, development, and the expression of their capabilities.

Even in ancient times, sacred scriptures underscored the profound significance of

property relations in the formation of society, the state, and the individual. Throughout the annals of human thought, eminent figures in culture, philosophy, and religion have endeavored to examine property from the standpoint of its interconnection with human beings, their understanding of the world, reason, free will, moral issues, and ethics. Property has been viewed both as a pinnacle achievement of humanity and as a great tragedy of human existence. It has been associated alternately with prosperity and freedom, as well as with moral decay, social injustice, and war. The recurrent discourse throughout cultural history on the

issue of property is indicative of profound contradictions inherent in human existence, the focal point of which is property.

As noted by Yusim, Mark Arkadyevich, a prudent and well-informed approach by the state to property law, corresponding to the realities of the era, allows for the establishment of a balance between the individual, society, and the state (Yusim, 2017). Therefore, the issue of property remains relevant even today. Property, as a relationship of ownership or possession, is correlated with the idea of freedom and its limitations. The institution of property law has throughout all epochs regulated conflicts of interests and determined a just equilibrium between various individuals and social groups through relations concerning material goods. With the evolution of societal relations, the economic and legal category of property law gradually underwent modifications in terms of its content and societal role. Nevertheless, the aspect of its connection to the individual has always remained an integral part of this institution.

It is worth emphasizing that the issue of property is not merely an economic one, but primarily a religious and philosophical one. What is property? What nature material or spiritual does it possess? Is the basis of property the exploitation of one human being by another? What is the purpose of property, and how can the act of acquiring certain property by an individual be justified? Is possessing wealth morally acceptable? Is it possible to justify property, i.e., to acknowledge that its appropriation is following the religious tradition and morality existing within a particular society? (Shestovskikh, 2022, p.3). Numerous studies confirm that any society does not develop solely based on its highest economic indicators; the spiritual aspect also plays a significant role. As statistics show, the majority of the world's population identifies

with a religion, rather than being atheists, and adheres to one form of religion or another. Christianity is the world's largest religion by number of followers. Islam is considered the second largest religion in the world, comprising 23% of the world's population (Melton J.G., Baumann M., 2010).

In this article, Catholicism is examined as the most active branch of Christianity in participating in international relations, while the Hanafi school of Islamic jurisprudence is considered the predominant school among Sunni Muslims, with its founder, Abu Hanifa, being a prominent Muslim jurist of his time. Exploring the formation and development of the justification of property issues will allow us to understand the reasons, sources, and reproduction of the specific value content of Christian and Islamic consciousness regarding property and wealth.

### Methodology

This article is rooted in rigorous scientific methodologies, utilizing comparative and historical analysis as its core approaches. The primary aim is to elucidate and juxtapose the concepts and definitions related to the institution of property within two distinct legal traditions: Christianity, with a specific focus on Catholic canon law, and Islam, particularly through the lens of the Hanafi legal school.

The comparative analysis method involves a detailed examination of how property is conceptualized and regulated in these religious legal systems. It systematically contrasts the definitions, principles, and applications of property laws within Catholic canon law and Islamic law. By doing so, it seeks to uncover the underlying similarities and differences between these two frameworks, providing a nuanced understanding of their respective approaches to property rights and ownership.

Additionally, the historical analysis method delves into the evolution of property concepts over time within these traditions. This approach traces the development of property laws and their interpretations, revealing how historical, cultural, and theological factors have influenced their current formulations. Through this lens, the article aims to offer a comprehensive view of how property has been historically and contextually understood and regulated in both Christianity and Islam.

Overall, the article aims to contribute to the broader discourse on property rights by providing an in-depth comparative and historical perspective. It enhances our understanding of how different legal traditions address the fundamental issue of property, reflecting on both their shared elements and unique characteristics.

## Results

#### • المخالطة والممازحة والمصاحبة:

تقول العرب عاشرته معاشرة واعتشروا وتعاشروا، تخالطوا وامتزجوا.

قال طرفة: ولئن شطت نواها مرة لعلّ عهد حبيب معشر

والشاهد أنَّه جعل الحبيب كالخيل والفريق على ما ذكره الإمام القرطبي تخريجاً وشرطاً.

المعنى الثالث: التودد وطيب النفس، ومنها العروب؛ المرأة الحسنة المتحبة إلى زوجها.

#### المعنى الرابع: الأثر.

المعنى الخامس: ثبوت النسب؛ يقال رجل عربي إذا كان نسبه في العرب ثابتاً وإن لم يكن فصيحاً.

المعنى السادس: الفحش؛ يقال أعرب الرجل، إذا تكلم بالفحش.

المعنى السابع: التهذيب والبيان؛ يقال: عربت له الكلام تعريياً، وأعربت له إعراباً إذا بينته وهذبت.

المعنى الثامن: الصفاء؛ يقال: أكثرت من شرب العربية (2، 4 / 301-299 ص)، (3، 341-333/3 ص)، (4، 1 / 179 ص).

المعنى التاسع: النشاط؛ تذييل ذلك ما ورد في كلام العرب

والخيل تنزع عرباً في أعنتها \*\*\* كالطير تنجو من الشؤبوب ذي البرد (6، 2 / 128 ص)، (3، 3 / 338 ص).

المعنى العاشر: المنع والإتكار؛ مأخوذة من التعريب، ومنه قول القائل لا تعرب أي لا تمنع (1، 2 / 591، 3 / 318-319 ص).

#### المعنى الحادي عشر: الصراحة.

المعنى الثاني عشر: باحة العرب أي موضع إقامتها والشاهد على هذا المعنى من ديوان العرب قول الشاعر:

ورجت باحة العربات رجا \*\*\* ترقرق في مناكبها الدماء (1، 1 / 578 ص).

المعنى الثالث عشر: تطلق على البدوي وغيره (1، 1 / 586 ص)، (6، 2 / 128 ص).

المعنى الرابع عشر: التمحض الخالص والسلامة من التهجين؛ ومنه القول: أعرب الفرس إذا خلصت عربيته (6، 2 / 128).

#### الحقائق الاصطلاحية

إن جلب الحدود باعتبار حقائقها عسير في العبارة، خفي المأخذ على العلماء مما يقتضي انتخاباً لجملة من المثل والأقسام للإحاطة بهيئتها.

#### فمصطلح العوائد:

معتبرة في هذا المقام حيث صحابة رسول الله – صلى الله عليه وسلم – فهم أعلم الناس بالمرادات، وأعرفهم بالمدونات.

- وقيد الحكمة “لتحقيق إلحاق التّابعين وتابعيهم بسلف الأمة.

- وسبق قيد الاجتماع “ لبيان وجوب اتفاق المعاشرين وإقرارهم للمعنى المقصود جلباً لمبدأ الطمأنينة احتياطاً.

العلاقة بين الحقائق :

إنّ ثمة عموماً وخصوصاً مطلقاً بين الحقائق المذكورة سابقاً؛ على معنى: أنّ الحقيقة الاصطلاحية أخصّ مطلقاً من الحقيقة اللغوية؛ لأنّ الحديث عن مقام المعاشرين ينحصر في زمن مخصوص ومن هيئة مخصوصة، ولتحصيل قصد مخصوص.

#### خاتمة

الحمد لله الذي أقدر على تحصيل النّعم، وأرشد السالك إلى مراتب القيم، نحمده تعالى على منح الاستفتاح والتّمام؛ فقد شاء سبحانه متفضلاً أن يكون وحيه هادياً إلى منظومة معصومة البنين، محكمة البيان، محرّضة على جمع عرائس التّحرير بما ينفع النّاس في العاجل والأجل معاً.

تلبس التحقيق المُعجمي بلبوس المناهج المقدسة، وشدّ حبل الامتثال بالعلل الخُداق المرصوصة، وطلب شواهد الاعتبار ممن لازموا البقاع المحروسة؛ فوافق القصدُ المراد، وبلغت النّية ريدَ الريادة. لقد ألقى السير إلى وادي السباع، وأبان عن طائفة من نُكت ولطائف الأتباع. و من تلكم المخبات المقصودة :

- أن للقراءة المُعجمية أبواباً ومفاتيح؛ فقد تُستفتح بها الفنون باستقلالية محمودة، فتحرر الحقائق وفقها، وتقتنص الشرائط والضوابط عندها، وتكتمل المباني من حيث مناهجها ومصطلحاتها، وتشدّ إليها المدارس والمسالك أعناقها.

وقد تستهل بدلالاتي الوضع والاستعمال على تحقيق مقام الحمل لبيان المرادات في محاكمة النوازل الاقتصادية والإعلامية، وفي الموازنة بين الأقوال والأدلة.

• القرابة والأهل: العشير القريب، والصديق، والزّوج، والجمع عشائر وعشراء.

قال ابن ساعدة بن جويه:

رأته على بأس وقد شاب رأسها وحين تصدّى للهوان عشيرها

• الاجتماع: فالعشير والمعشر: كلّ جماعة أمرهم واحد نحو: معشر المسلمين ومعشر المشركين.

قال ذو الأصبع العدوانى:

وأنتم معشرٌ زيدٌ على مائة فأجمعوا أمركم طراً فكيّدوني (1، 198/3 ص).

والحاصل في المعاشرة: أنّها مفاعلة من العشرة وهي المخالطة.

وقيل: اللفظة من أشتار الجزور، لأنّها مقاسمة ومخالطة ومخالفة جميلة، وقيل مشتقة من العشيرة أي الأهل، عاشروه: جعله من عشيرته كما يقال: أخاه إذا جعله أخاً.

أما العشيرة فلا يعرف أصل اشتقاقها، وقد قيل: إنّها من العشرة أي اسم العدد (1، 10 ص).

والمعاشرة: المصاحبة والمجالسة والمرافقة. الحقيقة الاصطلاحية لمقام المعاشرين:

يعرّف مقام المعاشرين باعتبار ما سيق من معان لغوية معجمية بما يلي:

“هو الإقامة عند المعاني التي أثمرتها الملازمة الحقيقية أو الحكمية للتشريع على وجه الاجتماع.”

والتّعريف بقيوده يدلّ على المحترزات والمعاني المقصودة: حيث يدلّ قيد الإقامة على ضرورة الاعتكاف عند النصّ وتتبع ما فهمه الأصحاب من التشريع.

- ويدلّ قيد عند المعاني “على أنّ الإقامة لا تتوّج النّظر بالفهم إلّا بتوفيق الشارع الحكيم، كما أنّ المعاني” قيّدت لإخراج الألفاظ أو المنقولات اللفظية.

- ويدلّ قيد الإثمار على أنّ المقام يؤهل من يغشاه ويلازم حياضه لتحصيل القصد وملازمة المراد.

- ويدلّ قيد الملازمة الحقيقية “على إحالة

- وأن سير المُعجمي الألمي على أنحاء؛  
 مثني، وثلاث، ورباع حتى يحوز مقام الأسباع.  
 o المبحث الثاني: صناعة الحقائق وفق المناهج المنطقية والتفريبية.  
 o المطلب الأول: المنهج المنطقي.  
 o المطلب الثاني: المنهج الشرعي.  
 o المبحث الثالث: صناعة المسمى الاصطلاحي على نهج المعجم التاريخي.  
 o المطلب الأول: تعديل الحقائق
- الفهرس  
 o المبحث الأول: منهج المعجم التاريخي الاصطلاحية بميزان منهج المعجم.  
 o المطلب الثاني: صناعة المواهي في اقتناص المعاني.  
 o المطلب الأول: المنهج الإجمالي.  
 o المطلب الثاني: المنهج التفصيلي.

### قائمة المصادر والمراجع

1. لسان العرب، محمد بن مكرم بن علي، أبو الفضل، جمال الدين ابن منظور الأنصاري الرويفعي الإفريقي (ت ٧١١هـ)، الناشر: دار صادر - بيروت الطبعة: الثالثة - ١٤١٤ هـ، الجزء الأول والثالث.
2. معجم مقاييس اللغة، أحمد بن فارس بن زكرياء القزويني الرازي، أبو الحسين (ت ٣٩٥هـ)، المحقق: عبد السلام محمد هارون، الناشر: دار الفكر، عام النشر: ١٣٩٩ هـ - ١٩٧٩ م، الجزء الرابع والخامس.
3. تاج العروس من جواهر القاموس، محمد مرتضى الحسيني الزبيدي، الجزء الثالث، أعوام النشر: (١٣٨٥ - ١٤٢٢ هـ) = (١٩٦٥ - ٢٠٠١ م).
4. الصحاح تاج اللغة وصحاح العربية، أبو نصر إسماعيل بن حماد الجوهري الفارابي (ت ٣٩٣هـ)، تحقيق: أحمد عبد الغفور عطار، الناشر: دار العلم للملايين - بيروت.
5. الطبعة: الرابعة ١٤٠٧ هـ - ١٩٨٧ م، الجزء الثاني.
6. كتاب العين، أبو عبد الرحمن الخليل بن أحمد بن عمرو بن تميم الفراهيدي البصري (ت ١٧٠هـ)، تحقيق: د مهدي المخزومي، د إبراهيم السامرائي، الناشر: دار ومكتبة الهلال، الجزء الثاني.
7. كتاب القاموس المحيط، مجد الدين أبو طاهر محمد بن يعقوب الفيروز آبادي (ت ٨١٧هـ)، تحقيق: مكتب تحقيق التراث في مؤسسة الرسالة بإشراف: محمد نعيم العرقسوسي، الناشر: مؤسسة الرسالة للطباعة والنشر والتوزيع، بيروت - لبنان، الطبعة: الثامنة، ١٤٢٦ هـ - ٢٠٠٥ م، الجزء الأول، عدد الصفحات: ١٣٥٧.
8. كتاب الأشباه والنظائر، تاج الدين عبد الوهاب بن علي بن عبد الكافي السبكي (ت ٧٧١هـ)، تحقيق: عادل أحمد عبد الموجود - علي محمد معوض، الناشر: دار الكتب العلمية، بيروت، الطبعة: الأولى ١٤١١ هـ - ١٩٩١ م، الجزء الأول.
9. كتاب غمز عيون البصائر في شرح الأشباه والنظائر أحمد بن محمد مكي، أبو العباس، شهاب الدين الحسيني الحموي الحنفي (ت ١٠٩٨هـ)، الناشر: دار الكتب العلمية، الطبعة: الأولى، ١٤٠٥ هـ - ١٩٨٥ م، الجزء الأول.
10. كتاب الكليات معجم في المصطلحات والفروق اللغوية، أيوب بن موسى الحسيني القريني الكفوي، أبو البقاء الحنفي (ت ١٠٩٤هـ) تحقيق: عدنان درويش - محمد المصري، الناشر: مؤسسة الرسالة - بيروت، عدد الصفحات: ١٠٨٣.

11. كتاب معيار العلم في فن المنطق، أبو حامد الغزالي، الناشر: دار الأندلس للطباعة والنشر والتوزيع، تاريخ الإصدار: 1 يناير 1997، عدد الصفحات: 376.
12. كتاب القواعد، أبو عبد الله محمد بن محمد بن أحمد القرشي المقرئ التلمساني (758 هـ)، تحقيق: أحمد بن عبد الله بن حميد، الجزء الأول، عدد الصفحات: 626، جامعة أم القرى، معهد البحوث العلمية وإحياء التراث الإسلامي، مكة المكرمة.
13. كتاب التلويح على التوضيح لمتن التنقيح في أصول الفقه، سعد الدين مسعود بن عمر التفتازاني (ت 792 هـ)، الناشر: مطبعة محمد علي صبيح وأولاده بالأزهر – مصر، الطبعة: 1377 هـ - 1957 م، الجزء الأول، (وصورتها: دار الكتب العلمية - بيروت).
14. كتاب مقاصد الشريعة الإسلامية، محمد الطاهر بن محمد بن محمد الطاهر بن عاشور التونسي (ت 1393 هـ) تحقيق: محمد الحبيب ابن الخوجة، الناشر: وزارة الأوقاف والشؤون الإسلامية، قطر، عام النشر: 1425 هـ - 2004 م، الجزء الثاني.



# **ҚОЛЖАЗБА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

ДІНИ (ИСЛАМИ) ЖАЗБА МҰРАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,  
ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ, БІРЕГЕЙ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ ОҚУ ЖӘНЕ АУДА-  
РУ, ДІНИ (ИСЛАМИ) САРЫНДАҒЫ ЭПОСТАР МЕН ҚИССАЛАР, АРАБ ТІЛІН-  
ДЕГІ ДЕРЕКТЕРДІ АУДАРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ, СИРЕК КІТАПТАР МЕН  
БІРЕГЕЙ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА  
КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## **بحوث في علم المخطوطات والمصادر**

أهم مشكلات وطرق وأساليب دراسة المخطوطات الدينية (الإسلامية)، القراءة والتحقيق  
المخطوطات، الملاحم والقصص الفريدة في المخطوطات الدينية (الإسلامية)،  
قضية حفظ وترميم الكتب النادرة والمخطوطات

## **MANUSCRIPT AND ARCHITECTURAL STUDIES**

KEY PROBLEMS, METHODS AND TECHNIQUES OF STUDYING THE RELIGIOUS  
(ISLAMIC) MANUSCRIPTS, READING AND RESEARCH OF MANUSCRIPTS,  
EPICS AND UNIQUE STORIES IN RELIGIOUS (ISLAMIC) MANUSCRIPTS,  
THE ISSUE OF PRESERVATION AND RESTORATION OF RARE K NIG AND  
MANUSCRIPTS

## **ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ РУКОПИСИ**

КЛЮЧЕВЫЕ ПРОБЛЕМЫ, МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО  
(ИСЛАМСКОГО) ПИСЬМЕННОГО НАСЛЕДИЯ, ЧТЕНИЯ И ИССЛЕДОВАНИЯ  
РУКОПИСЕЙ, ЭПОСОВ И УНИКАЛЬНЫХ РАССКАЗОВ В РЕЛИГИОЗНЫХ  
(ИСЛАМСКИХ) РУКОПИСЯХ, ВОПРОС СОХРАНЕНИЯ И РЕСТАВРАЦИИ  
РЕДКИХ КНИГ И РУКОПИСЕЙ

<http://orcid.org/0000-0002-9958-520X>  
<https://orcid.org/0009-0007-5947-5747>  
e-mail: kaldibay75@gmail.com  
e-mail: Zhuldyz.omarbekova@mail.ru

## БАЙБАРЫС СҰЛТАН ТУРАЛЫ АРАБ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

**ҚЫДЫРБАЙ**

**Қалдыбай Арыстанбекұлы**  
PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам  
мәдениеті университеті  
Алматы қ., Қазақстан

**ОМАРБЕКОВА**

**Жұлдыз Тұрғанқызы**  
«Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми  
кітапханасы,  
Сирек кітаптар бөлімі  
Алматы қ., Қазақстан

### المصادر العربية عن السلطان بيبرس

**قيديرباي قالديباي أريستانبكو**  
الدكتور، جامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور  
مبارك،  
الماطي، كازاخستان

**عمريكوفا جولدوز**  
المكتبة العلمية المركزية “Gylym Ordasy”  
قسم الكتب النادرة  
الماطي، كازاخستان

## ARAB SOURCES ABOUT SULTAN BAYBARS

**QYDYRBAI Qaldybai**

PhD, Nur-Mubarak Egyptian University of  
Islamic Culture  
Almaty, Kazakhstan

**OMARBEKOVA Zhuldyz**

The Science Committee of the Ministry of  
Education and Science  
“Gylym Ordasy”, rare books department  
Almaty, Kazakhstan

## АРАБСКИЕ ИСТОЧНИКИ О СУЛТАНЕ БАЙБАРСЕ

**ҚЫДЫРБАЙ**

**Қалдыбай Арыстанбекулы**  
PhD, Египетский университет ислам-  
ской культуры Нур-Мубарак,  
г. Алматы, Казахстан

**ОМАРБЕКОВА**

**Жұлдыз Тұрғанқызы**  
Центральная научная библиотека  
РГП «Ғылым ордасы»,  
отдел редких книг  
г. Алматы, Казахстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Сұлтан Байбарыстың өмірбаяны мен тарихи болмысына қатысты араб тіліндегі негізгі жазба дереккөздерге ғылыми тұрғыдан шолу жасалады. Сонымен қатар оның өмірі мен қызметіне қатысты көзі тірісінде және һижра бойынша VIII–IX ғасырларда (б.з. XIV–XV ғғ.) жазылған тарихи еңбектер жүйелі түрде сараланып, олардың мазмұны, құрылымдық ерекшеліктері мен деректік құндылығы талданады.

Мақалада Әбу Шәма, Ибн Шәддад, Ибн Абдуззаһир, Ибн Уасил, Ибн Халликан, Ибн әл-Фути, Байбарыс әд-Дәуадар, Қутбуддин әл-Юнини, Шәфиг ибн Әли ибн Аббас, ән-Нуәйри, әз-Зәһаби, әл-Мұфаддал ибн Әбу әл-Фадаил, Ибн Кәсир, Ибн Шәкір әл-Кутуби, Афифуддин әл-Яфғи, әл-Қалқашанди, әл-Мақризидің еңбектері тарихи бейтараптықты ұстануымен және Байбарысқа қатысты мәліметтерінің молдығымен ерекшеленеді.

Зерттеу барысында мәтіндік-салыстырмалы талдау, аударма, интертекстуалдық сараптау, анализ-синтез және тарихи-салыстырмалы әдістер кеңінен қолданылды. Авторлар тобы Сұлтан Байбарыс тұлғасын мадақтау мен сын аясында әркілі бейнелей отырып, заманауи тарихнамада оның сан қырлы болмысын қалыптастырған. Әсіресе, Ибн әл-Фурат пен әл-Мақризидің еңбектері тарихи бейтараптықты ұстануымен және Байбарысқа қатысты мәліметтерінің молдығымен ерекшеленеді.

Зерттеу нәтижесінде араб жазба дереккөздері негізінде Сұлтан Байбарыс тұлғасын қазақтілді аудиторияға жаңаша қырынан таныту мен тарихи-филологиялық тұрғыда қайта пайымдау қажеттігі негізделді.

**Кілт сөздер:** Сұлтан Байбарыс, араб жазба дереккөздері, тарихи деректер, Мәмлүк сұлтандығы, Ибн Шәддад, Ибн әл-Фурат, әл-Мақризидің еңбектері, тарихи тұлға, ислам өркениеті.

**المخلص:** تقدم هذه المقالة مراجعة علمية للمصادر العربية الأساسية التي تناولت سيرة السلطان الظاهر بيبرس وحقيقته التاريخية. وتحلل الدراسة بشكل منهجي الأعمال التاريخية كُتبت في حياته وخلال القرنين الثامن والتاسع الهجريين (القرنين الرابع عشر والخامس عشر الميلاديين)، مع التركيز على محتواها وخصائصها البنوية وقيمتها كمصادر.

وقد تم في هذا البحث تحليل منهجي للأعمال التاريخية التي كُتبت في حياته وفي القرنين الثامن والتاسع الهجريين (القرنين الرابع عشر والخامس عشر الميلاديين)، والتي تناولت حياته ونشاطاته. كما تناولت الدراسة محتوى هذه المصادر وخصائصها البنوية وقيمتها كالمصدرية.

ووظف المقالة منهجاً تاريخياً مقارناً لدراسة أعمال المؤرخين المسلمين في العصور الوسطى، مثل: أبو شامة، ابن شداد، ابن عبد الظاهر، ابن واصل، ابن خلكان، ابن الفوطي، بيبرس الدوادار، قطب الدين البونيني، شافع بن علي بن عباس، النويري، الذهبي، المفضل بن أبي الفضائل، ابن كثير، ابن شاکر الكتبي، عفيف الدين اليافعي، القلقشندي، المقرئزي، ابن الفرات، ابن تغري بردي، السخاوي، السيوطي، وابن إياس. كما تحلل المقالة أسلوب السرد والرؤى التاريخية للمؤلفين تحليلاً نقدياً.

وقد توسلت الدراسة بعدة مناهج، منها: التحليل النصي المقارن، والترجمة، والتحليل البيئي للنصوص، والتحليل والتركيب، والمنهج التاريخي المقارن. يصور مؤلفو هذه المصادر السلطان بيبرس بطرق متعددة، تتراوح بين الثناء والنقد، مما يسهم في تكوين صورة متعددة الأبعاد للحاكم في الكتابات التاريخية الحديثة. ومن تلك المصادر تبرز بشكل خاص أعمال ابن الفرات والمقرئزي لما تنسم به من حيادية تاريخية وغنى بالمعلومات حول شخصية السلطان الظاهر بيبرس.

وقد خلص البحث إلى ضرورة إعادة تقديم شخصية السلطان الظاهر بيبرس إلى الجمهور الناطق باللغة الكازاخية من منظور جديد يعتمد على المصادر العربية المكتوبة من خلال مقارنة تاريخية-فيلولوجية.

**الكلمات المفتاحية:** السلطان الظاهر بيبرس، المصادر العربية المكتوبة، البيانات التاريخية، عصر المماليك، ابن شداد، ابن الفرات، المقرئزي، الشخصية التاريخية، الحضارة الإسلامية.

**Abstract:** This article presents a scholarly review of key Arabic-language written sources concerning the biography and historical identity of Sultan Baybars. The study systematically analyzes historical works written during his lifetime and in the 8th–9th centuries AH (14th–15th centuries CE), focusing on their content, structural characteristics, and source value.

The article employs a comparative-historical approach to examine the works of medieval Muslim historians such as Abu Shama, Ibn Shaddad, Ibn Abd al-Zahir, Ibn Wasil, Ibn Khallikan, Ibn al-Futi, Baybars al-Dawadar, Qutb al-Din al-Yunini, Shafi ibn Ali ibn Abbas, al-Nuwayri, al-Dhahabi, al-Mufaddal ibn Abi al-Fada'il, Ibn Kathir, Ibn Shakir al-Kutubi, Afif al-Din al-Yafi'i, al-Qalqashandi, al-Maqrizi, Ibn al-Furat, Ibn Taghri Birdi, al-Sakhawi, al-Suyuti, and Ibn Iyas. The narrative style and historical perspectives of these authors are critically analyzed.

Throughout the study, various methods are used, including textual-comparative analysis, translation, intertextual examination, analysis-synthesis, and historical-comparative methodology. The authors of these sources depict Sultan Baybars in diverse ways—from praise to criticism – thus contributing to a multifaceted image of the ruler in modern historiography. Particularly noteworthy are the works of Ibn al-Furat and al-Maqrizi, which stand out for their historical impartiality and richness of detail on Baybars.

The research concludes that there is a need to reinterpret and present Sultan Baybars' character to Kazakh-speaking audiences from a new perspective, based on Arabic written sources and through a historical-philological lens.

**Keywords:** Sultan Baybars, Arabic written sources, historical data, Mamluk Sultanate, Ibn Shaddad, Ibn al-Furat, al-Maqrizi, historical figure, Islamic civilization.

**Аннотация:** В данной статье представлен научный обзор основных письменных источников на арабском языке, касающихся биографии и исторического облика султана Байбарса. В исследовании систематически проанализированы исторические труды, написанные при его жизни и в VIII–IX веках хиджры (XIV–XV вв. н.э.), в которых отражены сведения о его жизни и деятельности. Рассматриваются содержание, структурные особенности и источниковая ценность этих трудов.

В статье сравнительно-историческим методом анализируются труды средневековых мусульманских историков, таких как Абу Шама, Ибн Шаддад, Ибн Абдуззахир, Ибн Василь, Ибн Халликан, Ибн аль-Фути, Байбарс ад-Дауадар, Кутбуддин аль-Юнини, Шафи ибн Али ибн Аббас, ан-Нувайри, аз-Захаби, аль-Муфаддал ибн Абу аль-Фадаиль, Ибн Касир, Ибн Шакир аль-Кутуби, Афифуддин аль-Яфи'и, аль-Калкашанди, аль-Макризи, Ибн аль-Фурат, Ибн Тагри Берди, ас-Сахави, ас-Суюты и Ибн Ияс. Научному анализу подвергается стиль изложения и исторические концепции авторов этих источников.

В ходе исследования широко использовались методы текстуально-сравнительного анализа, перевода, интертекстуального анализа, анализа-синтеза и историко-сравнительного подхода. Авторы этих трудов по-разному представляют личность султана Байбарса – от восхваления до критики, тем самым формируя многогранный образ правителя в современной историографии. Особенно выделяются труды Ибн аль-Фурата и аль-Макризи, отличающиеся объективностью и обилием сведений о Байбарсе.

В результате исследования обоснована необходимость нового осмысления личности султана Байбарса и ее представления казахскоязычной аудитории с использованием арабских письменных источников с историко-филологической точки зрения.

**Ключевые слова:** Султан Байбарс, арабские письменные источники, исторические данные, султан мамлюков, Ибн Шаддад, Ибн аль-Фурат, аль-Макризи, историческая личность, исламская цивилизация.

### Кіріспе:

Алыс-жақын шетелдердегі архивтер мен кітапхана қорларынан «Тарих толқынындағы халық», «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» және «Архив-2025» бағдарламалар аясында Еліміздің тарихы мен мәдениетіне, тарихи тұлғаларына қатысты көптеген жазба деректер мен бірегей қолжазбалардың көшірмелері әкелінуде. Ендігі кезекте оларды ғылыми тұрғыдан саралап, зерттеп зерделеу арқылы ұлтымыздың мүддесіне пайдалану міндеті тұр. Осындай құнды жазба мұралардың ішінде Байбарыс сұлтанның өмірі мен шынайы тарихи тұлғасына, оның Таяу Шығыс елдерінің тарихындағы өзіндік орнын, жалпы ислам өркениетінің дамуына қосқан үлесі жайында жазылған араб тіліндегі жазба деректерді зерттеу біз үшін маңызды. Біз бұл мақаламызда Сұлтан әз-Заһир Байбарыс туралы сұлтанның көзі тірісінде және жалпы мәмлүктер кезеңінде жазылған негізгі араб деректерімен таныстыратын боламыз.

### Ғылыми әдіснамалық негіздері:

Мақалада тарихи жазба деректерді, құжаттарды саралау, жүйелу, талдау және аударма жасау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысында анализ-синтез, тарихи-салыстырмалы талдау, сипаттау тәсілдері қолданылып, жалпы кешенді пәнаралық зерттеу, т.с.с қағидаттар басшылыққа алынады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері:

Сұлтан Байбарыс жайлы жазылған тарихи жазба деректерді түпнұсқа қолжазба нұсқаларының көшірмелері бойынша олардың хатқа түсірілу ерекшеліктеріне, ұқсастықтары мен айырмашылықтарына, толықтыруларына барынша мән беру өте маңызды. Әсіресе зерттеу кезінде бұрын жарияланбаған жазба деректерді іздестіру, жаңа тың мәліметтерді ғылыми

айналымға түсіру, салыстырмалы-тарихи анықтамасын жасау бүгінгі күн тәртібінде.

Сұлтан Байбарыс туралы әртүрлі тілде, әртүрлі кезеңде, әртүрлі елде көптеген еңбектер жазылды. Әрине, ең негізгілері мәмлүк сұлтандығы кезінде, сұлтандықтың өзінде жазылған тарихи еңбектер. Біз бұл жұмысымызда Байбарыс сұлтан өмірін зерттеумен айналысатын ізденушілер үшін мәмлүк сұлтандығы кезінде, Байбарыс сұлтанға қатысты жазылған араб қолжазба деректерге тоқталып, олардың жалпы мазмұнын таныстыратын боламыз.

Жалпы араб зерттеушілері Байбарыс сұлтанға қатысты жазылған еңбектерді кезеңдер бойынша бөліп қарастырады. Біріншісі Байбарыстың көзі тірісінде жазылған еңбектері, екіншісі хижра бойынша сегізінші ғасырдың бірінші жартысында / григорян жыл санауы бойынша XIV ғ. бірінші жартысында жазылған еңбектер және хижра бойынша сегізінші ғасырдың екінші жартысында / григорян бойынша XIV ғ. екінші жартысында жазылған еңбектер [1, 1-22].

### Байбарыс сұлтан билік жүргізген кезеңдегі тарихшылар мен олардың еңбектері:

Әбу Шәманың (1202–1267 жж.) «Алтыншы және жетінші ғасырлардағы көрнекті тұлғалардың өмірбаяндары» (2) [تراجم رجال القرنين السادس والسابع] атты еңбегі, ол көбіне «әр-Раудатайға қосымша» (الذیل علی الروضتين) деген атаумен белгілі. Бұл еңбекте әз-Заһир Байбарыстың алғашқы жылдардағы өмірі қысқаша сипатталады. Автор өзі сипаттаған оқиғалардың тікелей куәгері болғанымен, толыққанды баяндамайды.



الروض الزاهر  
في سيرة الملك الظاهر

تأليف الكاتب  
عبد الرحمن بن عبد الظاهر  
١٢٠ - ١٢٩٢ / ١٢٢٣ - ١٢٩٤ م

تخفيف وفتح  
بسم الله الرحمن الرحيم

Байбарыс сұлтанның көзін көрген тарихшылардың бірі **Ибн Шәддад** (613–684 h. / 1216–1285 жж.). Біз үшін оның Байбарыс сұлтанның өміріне қатысты жазған «الروض الزاهر في سيرة الملك الظاهر» («Сұлтан әз-Заһирдің өмірбаянындағы гүлденген бақ») деген еңбегі ерекше маңызға ие. Алайда бұл еңбектің көп бөлігі жоғалып кеткен, бізге тек сұлтан өмірінің соңғы бес жылын қамтитын бөлімі ғана жеткен.

Бұл еңбектің ерекше маңызға ие болуының себебі оның авторы тарихи оқиғаларды өз көзімен көрген куәгер әрі кейбіріне тікелей қатысқан тұлға. Ол моңғол шапқыншылығынан қашып, Каирге қоныс аударған. Онда Байбарыс сұлтанның қолдауына ие болып, оның қамқорлығын көрген. Бұл жағдай оған сарай ішіндегі құпия жайттарға да терең бойлауға мүмкіндік берген.

Аталған өмірбаян бізге толық жетпеген, оның мазмұнының қысқаша нұсқасы Ибн Тағри Бердінің еңбектерінде бар. Сонымен қатар, Ибн Шәкір әл-Кутуби де бұл өмірбаянды өзінің «وفيات» (Өмірден озғандар баянына енбей қалғандар) атты еңбегінде қысқаша мазмұндағанын мойындайды.

**Ибн Абдуззаһирдың** (620-692 h. / 1223-1292 жж.) – «الروض الزاهر في سيرة الملك» («Сұлтан әз-Заһирдің өмірбаянындағы гүлденген бақ») [3] атты еңбегі. Байқап отырғанымыздай бұл еңбек жоғарыда айтылған Ибн Шәддадтың еңбегімен аттас. Бұл қолжазба автордың Байбарыс дәуірінен бастап әл-Әшраф Халилдің билік кезеңіне дейінгі аралықта «кәтиб әл-инша» (ресми хаттар мен құжаттарға жауапты мемлекеттік хатшы) қызметін атқара жүріп, ресми сипатта жүргізген жазбаларының бір бөлігі. Осы жазбалардан кәтиб әл-инша қызметінде болғандардың күнделікті оқиғаларды тіркеп отыруға тиіс болғанын байқаймыз [4, 34 б.].

Аталған өмірбаянның негізгі бөлігі бізге жетпеген. Қазіргі уақытта тек Байбарыс сұлтан билігінің алғашқы бес жылын қамтитын бөлігі ғана сақталған. Бұл бөлімді зерттеуші Фатима Садық «الروض الزاهر في سيرة الملك الظاهر» атауымен жариялаған. Алайда әл-Юнини бұл еңбекті басқа атаумен «الفضل الباهر من أخبار» («الملك الظاهر» (Әз-Заһир әл-Мәлік туралы жарқын қасиет жинағы) немесе «الفضل» «Сұлтан әл-Мәлік әз-Заһирдің өмірбаянындағы

жарқын қасиеттер туралы» деп атайды [5; 540, 556].

Бұған дейін айтылғандай, Ибн Абдуз-заһир кәтиб әл-инша (мемлекеттік кеңсе хатшысы) қызметін атқарғандықтан, ол өзі баяндаған оқиғалардың тікелей куәгері ғана емес, оларға тікелей қатысқан тұлға болды. Оның сұлтан өміріне қатысты жазбаларында өз көрген-білгеніне және нақты қатысқан оқиғалары туралы көптеген сілтемелер кездеседі.

Аталған өмірбаянның тарихи маңызы зор, себебі сұлтан туралы кейінірек жазылған барлық еңбектер осы дереккөзге сүйенген. Шәфиғ ибн Әли оны ықшамдаған, ал Ибн әл-Фурат бұл еңбектен кең көлемде үзінді келтірген. Әл-Юнинидің «الذيل على مرآة الزمان» (Хан, сұлтандар мемлекеттерін танытатын жол), Ибн Тағри Бердінің «النجوم الزاهرة» (Жарқыраған жұлдыздар) сынды еңбектерінде Ибн Абдуззаһирдің еңбегінен алынған сілтемелер көптеп кездеседі. Бұл тарихшылар, Ибн Шаддадтың жазған өмірбаянына қарағанда, Ибн Абдуззаһирдің еңбегіне көбірек сүйенген. Бұл – табиғи жағдай, өйткені Ибн Абдуззаһирдің ресми қызметі оны сұлтанның өмірі мен қызметінің нәзік тұстарын жақсырақ білетін, оған ең жақын тұлғалардың бірі еткен. Алайда мұндай дереккөздің жағымды жақтарымен қатар, теріс жақтары да бар. Ибн Абдуззаһирдің сұлтанның ешқандай да кемшілігін келтірмей оны тек асыра мадақтап, бейнесін көркем әрі мінсіз етіп сипаттауға тырысқан [3; 1, 2, 4, 20, 23].

**Ибн Уасилдің** (604–697 h. / 1207–1298 жж.). – «كتاب مفرج الكرب في أخبار بني» (Әюб әулетінің хикаялары туралы қайғыны жеңілдетуші кітап) атты еңбегі. Бұл еңбекте ол мәмлүктер дәуірінің алғашқы кезеңін де қамтиды.

Ибн Уасил де, Ибн Шәддад пен Ибн Абдуззаһир секілді, сұлтанның ерекше сеніміне ие болған тұлғалардың бірі болды. Сұлтан оны Сицилия королі Манфредке (Manfred) елші ретінде жіберу үшін арнайы тандаған.



Жоғарыда айтылған Ибн Шәддад, Ибн Абдуззаһирлердің сұлтанды ұлықтап, мадақтауға бейім болуы табиғи құбылыс. Өйткені олар сарай қызметінде болған, сұлтанның ілтипаты мен қолдауына ие болған тұлғалар еді. Олар жазбаларында Байбарысты крестшілерге түбегейлі соққы беріп, моңғолдармен шайқаста жеңіске жеткен қаһарман ретінде көрсетеді. Сұлтанның крестшілер мен моңғолдарға қарсы жеңістеріне қатысты көзқарасты Әбу Шәма да қолдайды. Алайда сұлтанның Димашыққа қатысты саясаты Әбу Шәманың оны толық дәріптеуіне кедергі болды. Оның үстіне, Әбу Шәманың Байбарыс дәуірінде өмір сүрген уақытының қысқалығы да оны сұлтанның тарихи рөлін өзгелер сияқты терең бағалауға мүмкіндік бермеген болуы мүмкін. Сондай-ақ, оның билік құрылымын сынауға бейімдігі мен жалпы қоғамдық жағдайға деген наразылығы оның сұлтан тарапынан қолдау табуына кедергі болған болуы мүмкін.

Ал сұлтанның қазасынан бірнеше жыл кейін ғана дүние салған Ибн Халликан (608–680 h. / 1211–1282 жж.) өзінің «وفيات الأعيان وأنباء أبناء الزمان» (Көрнекті тұлғалардың өмірден өту баяндары мен замандастары туралы деректер) атты әйгілі еңбегінде Сұлтан Байбарыс туралы ештеңе жазбаған. Сонымен қатар Ибн Халликанның замандасы Ибн әл-Ибри (623–685 h. / 1226–1286 жж.) де «تاريخ مختصر الدول» (Мемлекеттердің қысқаша тарихы) атты еңбегінде мәмлүктер туралы өте қысқа шолу жасап, үстірт мәлімет келтірген [1, 7 б.].

**Нижра бойынша сегізінші ғасырдың бірінші жартысында / григорян жыл санауы бойынша XIV ғ. өмір сүрген тарихшылар:**

Ибн әл-Фути, Байбарыс әд-Дәуадар, Қутбуддин әл-Юнини, Шәфиғ ибн Әли ибн Аббас, ән-Нуэйри, Әбу әл-Фида, әз-Зәһаби және әл-Муфаддал ибн Әбу әл-Фадаил.



نسخة الأولى من المطبوعة

**Ибн әл-Фути** (642–723 h. / 1244–1323 жж.) – Бағдаттағы Мұстансырия медресесінің кітап сақтаушысы болған. Ол аса білімді, пайымдарында әділетті, байсалды тұлға ретінде белгілі. Алайда тарихи оқиғалар өрбіген орталықтардан алшақ орналасуына байланысты, өзі баяндаған жазбалардың бәрін мұқият тек-

серуге толық мүмкіндігі болмаған. Оның «الحوادث الجامعة والتجارب النافعة في المئة السابعة» «Жетінші ғасырдағы ортақ оқиғалар мен пайдалы тәжірибелер» атты еңбегінде Сұлтан әз-Заһир Байбарыстың өміріне қатысты қысқаша шолу келтірілген [6].




**Байбарыс әд-Дәуадар** (шамамен 720 h. / 1320 ж.) – «زبدة الفكرة في تاريخ الهجرة» (Нижра тарихы туралы ой мәйегі) атты еңбектің авторы. Автор Сұлтан әз-Заһир Байбарыстың кресшілерге қарсы жүргізген бірнеше әскери жорықтарына қатысқан. Қалауын билігі тұсында әл-Карак қаласының әмірі болған, кейін Сұлтан Насыр Мұхаммедтің (Қалауынның ұлы) кезінде сұлтандықтың уәкілі (нәиб әс-салтана) қызметін атқарған. Жоғарыдағы тарихи еңбегін 724 h. (1324 ж.) жылына дейін жазған.


**Қутбуддин әл-Юнини** (726 h. / 1326 ж.) – «الذيل على مرآة الزمان» (Заман айнасына тіркелген қосымша) атты еңбектің авторы. Атауы көрсетіп тұрғандай, бұл еңбек Сибт ибн әл-Жәузидің (582–656 h. / 1186–1258 жж.) «مرآة الزمان» (Заман айнасы) атты еңбегіне «қосымша» (ذيل) ретінде жазылған.

Бұл туындының деректік құндылығы жоғары, себебі әл-Юнини өз еңбегінде басқа ешбір еңбектерде кездеспейтін мәліметтерді ұсынады [4, 79-80 б.], [7, 6 б.]. Еңбектің тағы бір маңызды ерекшелігі – ол өзі сипаттап отырған кезеңдегі көптеген тарихи тұлғалар мен

әскери қолбасшылардың өмірбаянын толыққанды баяндайды. Автор деректерді беру барысында аса мұқият болып, олардың иснадын (жету тізбегін) да келтіреді. Алайда, кей жағдайларда ол басқа дереккөздермен хронологиялық жағынан айырмашылықтарға жол береді [5].



Әл-Юнини өз еңбегінде Ибн Абдуз-заһир, Ибн Шәма және Ибн Уасил сияқты беделді авторлардың еңбектеріне сүйенген. Бұл жайт, бір жағынан, оның деректерінің сенімділігін арттырады.



**Шәфиғ ибн Әли ибн Аббас** (649–730 h. / 1251–1330 жж.) – Ибн Абдуз-заһирдің немересі. Ол өз атасының Сұлтан әз-Заһир Байбарысқа, Қалауынға және әл-Мансұр Халилге арнап жазған өмірбаяндарын ықшамдап қайта өңдеген. Ол «المنافق السرية المنتزعة من السيرة الظاهرية» «Әз-Заһирдің өмірбаянынан алынған

күпия артықшылықтар» атты еңбектің, «تاريخ الناصر محمد بن قلاوون» (Сұлтан Насыр Мұхаммед ибн Қалауынның тарихы), «كتاب نظم السلوك في تاريخ الخلفاء والملوك» (Халифтер мен патшалар тарихындағы мемлекеттік тәртіп үлгілері) атты еңбектің және өз дәуірінің ақындарына арналған жинақтың авторы болған [4, 78 б.].




**Әбу әл-Фәда** (672–732 h. / 1273–1331 жж.) – «مختصر تاريخ البشر» (Адамзат тарихының қысқаша шежіресі) атты төрт томдық еңбектің авторы. Бұл еңбектің үшінші және төртінші томдарында Сұлтан әз-Заһир Байбарыстың өмірбаянын қысқаша баяндаған. Ол бұл деректерді негізінен Ибн Уасил мен Ибн Абдуз-заһирдің еңбектеріне сүйене отырып ұсынған. Осы себепті аталмыш деректің маңыздылығы артады.


Кейінірек **Ибн әл-Уарди** (689–749 h. / 1290–1349 жж.) бұл еңбекке толықтырулар енгізген. Алайда ол жазған толықтыруларда Сұлтан Байбарысқа қатысты жаңа мәлімет кездеспейді [1, 10 б.].

**Ән-Нуэйри** (678–732 h. / 1279–1332 жж.) – Триполиде әскер басқармасының бақылаушысы (назир әл-жәйш), кейін Насыр Мұхаммед ибн Қалауынның билігі кезінде Дақһалия мен Муртаһия уәлаяттарында диуан (мемлекеттік кеңсе) басшысы қызметін атқарған. Ол әдебиет пен тарихты қатар қамтыған «نهاية الأرب في فنون العرب» (Араб өнерлеріндегі биік мақ-

сат) атты 32 томдық энциклопедиялық еңбекті жазған.



Ән-Нуэйри осы еңбектің тарихи бөлімінде Сұлтан Байбарыстың өмірбаянын кеңінен жазған. Бұл өмірбаян Әбу Шәма, Ибн Абдуззаһир, Ибн Шәддад, әл-Юнини сынды авторлардың еңбектеріне негізделген. Оның Байбарыс туралы өмірбаяны жоғалып кеткен көптеген дереккөздерден алынған мол үзінділерді сақтап жеткізуімен ерекше құндылыққа ие болмақ [4, 81-82 б.].



**Әз-Зәһаби** (673–748 h. / 1274–1348 жж.) – «تاريخ الإسلام» (Ислам тарихы) атты көлемді тарихи еңбектің авторы. Кейін ол бұл еңбегін ықшамдап, қайта құрастырған. Бізге белгілі нұсқасы – осы ықшамдалған түрі. Әз-Зәһаби өз жазбасында Ибн Абдуззаһир, Ибн Шәддад, Әбу Шәма және әл-Юнинидің еңбектеріне сүйеніп, солардан мәліметтер келтіреді. Оның қысқаша нұсқасы тарихи оқиғаларды түсіндіруде анық әрі нақтылығымен ерекшеленеді [8].

**Әл-Мұфаддал ибн Әбу әл-Фадаил** (759 h. / 1358 ж.) – христиан (копт) тарихшысы. Ол «كتاب النهج السديد والدر الفريد» (Дұрыс жол және бірегей інжу кітабы) атты еңбегін Ибн әл-Амидтің еңбегіне қосымша ретінде жазған. Ибн Әбу әл-Фадаилдің өзінен бұрынғы негізгі дереккөздерге сүйенгені табиғи жағдай, және ол бұны өз еңбегінде ашық көрсеткен. Алайда, таңқаларлығы – кейінгі мұсылман тарихшылары оның еңбегіне мүлде сілтеме жасамаған. Бұл жағдай, бір жағынан, оның діні басқа болуымен, екінші жағынан, ол да сол кезеңнің өзге тарихшыларымен бірдей бастапқы дереккөздерге сүйенгенімен түсіндірілуі мүмкін. Соған қарамастан, оның бұл еңбегі маңызды дереккөз болып табылады. Бір жағынан, ол копт (христиан) қауымының Сұлтан Байбарысқа деген көзқарасын танытса, екінші жағынан, ықшам жазылғанына қарамастан, кейбір тарихи жайттар-


ды өзге дереккөздерден гөрі толыққанды баяндайды [9, 351-353 б.].



**Ибн Кәсир** (701–774 h. / 1301–1373 жж.) – «البدایة والنهائة في التاريخ» (Тарихтың бастауы мен соңы) атты он төрт томдық тарихи еңбектің авторы. Бұл еңбектің он үшінші томының едәуір бөлігі Сұлтан Байбарыстың өміріне арналған, онда сұлтанның өмірбаяны жылнамалық тәртіппен баяндалады. Бұл өмірбаян ықшам жазылғанымен, сұлтанның тұлғасын толыққанды әрі оң сипатта көрсетеді [10].

<https://colez.online/download/577652/>

Һижра бойынша сегізінші ғасырдың екінші жартысында / григорян бойынша XIV ғ. екінші жартысында Сұлтан Байбарыстың өміріне тоқталған тарихшылар:



**Ибн Шәкір әл-Кутуби** (764 h. / 1363 ж.) – «وفیات» (Өмірден озғандар баянына еңбей қалғандар) атты еңбектің авторы. Бұл еңбекті ол Ибн Халликанның «وفیات الأعیان» (Өмірден озғандар баяны) еңбегіне қосымша ретінде жазған. Яғни, бұл еңбекте Ибн Халликан қамтымаған немесе кейін өмірден өткен тұлғалар туралы беріледі. Онда Сұлтан Байбарыстың өміріне қатысты Ибн Шәддадтан алынған қысқаша үзінді келтірілген. Бұл мәліметтердің дереккөзге тікелей сүйенгендігі оның маңызын арттырады [11].



**Афифуддин әл-Яфғи** (768 h. / 1366 ж.) – «مرآة الجنان وعبرة یقظان» («Жаннат айнасы және естілердің ғибраты») атты төрт томдық еңбектің авторы. Алайда бұл еңбекте Байбарысқа қатысты берілген мәліметтер өте қысқа шолулардан тұрады [12].



**Ибн әл-Фурат** (734–808 h. / 1334–1409 жж.) – «تاریخ الدول والملوک» (Мемлекеттер мен патшалар тарихы) атты көлемді еңбектің авторы. Бұл 800 h. / 1396 ж. дейінгі

оқиғаларды қамтитын 9 томдық еңбек. Оның алтыншы томы мен жетінші томының бір бөлімі Сұлтан әз-Захир Байбарыстың өмірбаянына арналған [13].

Ибн әл-Фурат өз баяндауында Ибн Абдуззаһирден, оның немересі жазған «كتاب نظم السلوك في تاريخ الخلفاء والملوك» атты еңбегінен, Ибн Шәддад пен әл-Юниниден, сондай-ақ өзге де тарихшылардан кең көлемде мәлімет алған. Ол алғашқы екі дереккөзден көп үзінді келтіргені сонша, егер сол келтірген үзінділерді алып тастасак, еңбектің түпнұсқалық мәтінінде көп жазба қалмас еді. Дегенмен, Ибн әл-Фураттан кейінгі тарихшылардың ешқайсысы оған сілтеме жасамаған.

Ибн әл-Фураттың мақсаты Сұлтан Байбарыстың өмірін толыққанды анық баяндау болғаны байқалады. Осы мақсатта ол алдыңғы дереккөздерден мол мәліметтер жинап, олардың авторларын нақты атап көрсеткен, тіпті бір оқиғаға қатысты түрлі көзқарастар мен риуаяттарды салыстыра ұсынған. Ол көбіне біржақты үкім айтпай, шешімді оқырманның еншісіне қалдырады.

Жалпы алғанда, оның Байбарыс сұлтанға деген көзқарасы байыпты әрі бейтарап: ол сұлтанды мадақтап, батыр ретінде сипаттап қана қоймай, оның кемшіліктері мен замандастары тарапынан айтылған сын-ескертпелерді де назардан тыс қалдырмайды. Сондықтан да бұл еңбек Сұлтанға қатысты тарихшылардың пікірін салыстыра қарастыратын бірегей еңбек саналады.

Біз үшін Ибн әл-Фурат еңбегінің маңызы зор. Себебі ол Ибн Абдуззаһир мен Ибн Шәддадтың жоғалған өмірбаяндық еңбектерінен ұзақ үзінділер келтіріп, сол арқылы бізге аталған деректерді сақтап қалған. Оның жазбалары Ибн Абдуззаһирдің еңбегінің жоғалып кеткен соңғы бөлігін және Ибн Шәддад еңбе-

гінің алғашқы бөлігін ішінара алмастырады. Сонымен қатар, Ибн әл-Фураттың Ибн Абдуззаһирден келтірген үзінділерін осы автордың жарияланған еңбегімен салыстыра отырып, мәтінге жоғары дәлдікпен қарағанын көруге болады. Сол себепті оның қолжазбасына Ибн Абдуззаһирдің түпнұсқа мәтінін қалпына келтіру ісінде сенімді дереккөз ретінде жүгінуге болады [16, 1 б.].




Әл-Қалқашанди (821 h. / 1418 ж.) – «صبح» (Инша өнері туралы таң шапағы) атты 14 томдық көлемді энциклопедиялық еңбектің авторы. Бұл еңбекте жалпы тарихи сипаттағы маңызды мәліметтер бар. Бұл еңбектің басты құндылығы – мәмлүк дәуіріндегі әкімшілік құрылым мен басқару жүйесін жан-жақты сипаттауы болып табылады [14].

**Һижра бойынша тоғызыншы ғасырда / григорян бойынша XV ғ. өмір сүрген тарихшылардың еңбектері.**

Олар әл-Мақризи, аз-Захири, Ибн Тағри Берди, әс-Суюты және Ибн Ияс секілді тарихшылар.

**Әл-Мақризи (766–845 h. / 1374–1442 м.)** – көлемді тарихи мұра қалдырған аса көрнекті мысырлық тарихшы. Оның еңбектерінің ішінен біз үшін маңызды саналатындары: 1) «السلوك لمعرفة دول» (Патшалардың елін тану жолы)

«المواعظ والاعتبار بذكر الخطط والآثار» [15]; 2) (Жоспарлар мен мұралар туралы ғибраттар мен насихаттар) – кеңінен танымал атауы «الخطط المقرزية» (Мақризи жоспарлары) [16]; 3) «كتاب إغاثة الامة بكشف الغمة» (Тығырықтан шығу жолды ашу арқылы үмбетті құтқару) [17]; 4) «التبر المسبوك فيمن» (Қажылық жасаған патшалар жайлы құйма алтындай құнды еңбек) [18].



Соңғы аталған еңбекте әз-Заһир Байбарыс туралы әл-Мақризидің өзге еңбектерінде келтірілген мәліметтерден тыс жаңа ештеңе кездеспейді. Ал «كتاب إغاثة الامة بكشف الغمة» атты еңбектің құндылығы – ол мәмлүктер дәуіріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды бейнелейтін бірегей еңбек болып табылады. Автор бұл еңбекте жалпы мәмлүк дәуіріндегі, соның ішінде Сұлтан әз-Заһир билігі тұсындағы ашаршылықты толыққанды сипаттайды. Бұл осы оқиғаға байланысты алғашқы әрі теңдесі жоқ еңбек. «الخطط المقرزية» (Мақризи жоспарлары) еңбегі Каир мен Мысырдың кейбір қалаларына арналған географиялық сипаттама болумен қатар, белгілі бір аймақтарда орын алған тарихи өзгерістер туралы да маңызды мәліметтер береді. Сондықтан бұл еңбек тек топографиялық әрі тарихи дереккөз ретінде де ерекше маңызға ие.

Ал «السلوك لمعرفة دول الملوك» (Патшалардың елін тану жолы) атты еңбекте

әл-Мақризи Ибн Абдуззаһир, Ибн Шәддад, әл-Юнини және әз-Зәһаби сынды тарихшылардың еңбектеріне сүйенгенін нақты атап өтеді. Сонымен қатар, бұл еңбек Сұлтан әз-Заһир Байбарыс туралы біржақты мадақтаудан ғана емес, сыни, тарихи пайымға негізделген, құжаттық және құрылымдық жағынан бай дереккөз болып табылады. Ол билеушінің тек ерліктерін емес, саяси, діни және әлеуметтік шешімдерінің даулы тұстарын да терең талдайды. Бұл еңбек постмәмлүк кезеңіндегі тарихнаманың сыни және әдіснамалық деңгейге көтерілгенін көрсетеді [1, 17-18 б.].



Ибн Тағри Берди (813–874 h. / 1411–1469 жж.) – «النجوم الزاهرة في ملوك مصر» («Мысыр мен Каир билеушілері туралы жарқыраған жұлдыздар») [19] атты көптомдық еңбектің авторы. Бұл еңбектің жетінші томының бір бөлігі Сұлтан Байбарыстың өмірбаянына арналған.



Ибн Тағри Берди өз еңбегінде Ибн Шаддад, Ибн әл-Жаузи, Абу Шама, Ибн Уасил, Шиһабуддин Махмұд және әл-Юнини сынды авторларға сүйенген. Әсіресе ол әл-Юниниден кең көлемде үзінділер келтірген. Дегенмен, зерттеуші Фатима Садықтың пікірінше, Ибн Тағри Бердинің жазғандары әл-Мақризидің жазған өмірбаянының ықшамдалған нұскасы ғана [7, 24 б.]. Күмән жоқ, ол әл-Мақризидің еңбегін пайдаланған, алайда таңға-

ларлығы ол Ибн Абдуззаһирдің еңбегіне мүлдем жүгінбеген.

еңбектің авторы. Алайда бұл еңбектерде Сұлтан Байбарыс туралы жаңа деректер кездеспейді [1, 21 б.].



Ибн Тағри Бердинің тағы бір «мورد» (Жұмсақтық бұлағы) деген еңбегі бар. Алайда бұл еңбек өте қысқа, әрі Сұлтан Байбарысқа қатысты қысқа шолу сипатындағы сілтемелермен шектеледі.

Ол Сұлтанға қатысты оқиғаларды хронологиялық ретпен, яғни жыл сайынғы тәртіппен баяндайды. Алдымен сұлтанға қатысты оқиғаларды келтіріп, сосын сол жылы орын алған басқа да жайттарға оралады. Бұл тәсіл қайталануларға алып келген. Мұндай құрылымның пайда болуы, оның әл-Юнинидің әдісіне еліктеуінен болса керек. Ибн Тағри Берди тарихи деректерге аса мұқият қараған, шындықты нақты, дәлелді түрде баяндауға ұмтылған. Бұл оның еңбектерін зерттеу үшін сенімді тарихи дереккөз ретінде бағалауға мүмкіндік береді [1, 20 б.].

Әс-Сахауи (902 h. / 1496 ж.) – «الضوء» (Тоғызыншы ғасыр адамдарына арналған жарқыраған жарық) [20] атты еңбектің авторы. Бұл еңбек әл-Макризи секілді кейбір тарихшылардың өмірбаянын келтіру арқылы құнды.

Әс-Суюты (911 h. / 1505 ж.) – «حسن» (Мысыр мен Каир хабарлары туралы ұтымды дәрістер) [21] атты екі томдық еңбектің және «تاريخ الخلفاء» (Халифтер тарихы) атты

Ибн Ияс (852–928 h. / 1448–1521 жж.) – «بدائع الزهور في وقائع الدهور» (Дәуірлер оқиғаларындағы ғажайып «гүлдер») [23] атты еңбегінде Сұлтан Байбарыс туралы бірнеше бетке қысқаша баяндайды. Ықшам болғанына қарамастан, автор оқиғаларды сыни тұрғыдан бағалауымен ерекшеленеді. Автор еңбегінде Байбарыс сұлтанға қатысты: «Әз-Заһирдің өмірбаянына қатысты деректерде әртүрлі жалған және бұрмаланған жазбалар кездеседі, сондықтан оның оқиғаларын тексеріп, саралау керек» [23], – деген тұжырымын айтуы оның тарихшы ретіндегі сыни көзқарасын білдіреді.



### Қорытынды және тұжырымдама:

Сұлтан Байбарыстың өмірбаянына қатысты араб тіліндегі дереккөздер оның сұлтан болғаннан кейінгі қоғамдық-са-

яси қызметін толыққанды баяндайды. Бұл еңбектерде сұлтанның сапарлары, әрекеттері мен істері күнбе-күн хронологиялық тәртіппен берілген. Алайда, бұл дереккөздерде сұлтан өмірінің сұлтандыққа дейінгі кезеңі мен жеке өмірі туралы мәліметтер кездесе бермейді [1, 21 б.].

Сонымен қатар, бұл тұлғаның өмірі уақыт өте келе әртүрлі ойдан шығарылған эпизодтарға толып, нәтижесінде бірнеше томға жүк боларлықтай ауқымға жеткен [23]. Бұл өз кезегінде қарама-қайшылықтар мен асыра сілтеулерге алып келді. Ақырында, Байбарысқа арналған төрт томдық эпикалық өмірбаяндық шығарма пайда болды.

Осылайша біз Сұлтан Байбарыс жайлы жазған тарихшылардың екі негізгі топқа бөлінетінін байқаймыз.

Біріншісі, онымен замандас әрі оның билігін көзімен көріп, қызметінде болғандар. Олар жазған еңбектерінде Байбарысты мадақтап, оны қателеспейтін, әділетсіздік пен қатыгездікке бармайтын кемел тұлға ретінде сипаттайды. Осылай бейнелеу арқылы олар халықтық өмірбаянның (әс-Сира әш-шағбия) қалыптасуына жол ашты.

Екіншісі, оның қайтыс болуынан кейін шамамен жарты ғасыр өткен соң жазған тарихшылар. Олар Байбарыстың барлық саяси-әкімшілік істеріне біртұтас тарихи баға беруге тырысып, кей істерінде сынға да алып отырды. Олар да Байбарысты жеке мінезіндегі кемшіліктері мен саяси қателіктеріне қарамастан, дарынды қолбасшы, табысты саясаткер әрі еңбекқор сұлтан ретінде бағалаған.

## Әдебиеттер тізімі

1. ميخائيل خوري. سيرة المالك السلطان الظاهر بيبرس. بيروت: 1961 م.
2. أبو شامة. تراجم رجال القرنين السادس والسابع المعروف بالذيل على الروضتين. صححه محمد زاهد بن الحسن الكوثري و غني بنشره عزت العطار الحسيني سلسلة « كتب نادرة » مصر 1948 م / 1366 هـ
3. ابن عبد الظاهر. الروض الزاهر في سيرة الملك الظاهر. قسم رابع. نشر وتحقيق سيدة فاطمة صادق في « Baybars I of Egypt. O.U.P. 1956. مؤلفها »
4. Cahen, C. La Syrie du Nord à l'époque des croisades et la principauté d'Antioche. Institut Français de Damas, Bibliothèque Orientale, Tome I. Paris, Geuthner, 1940
5. قطب الدين اليونيني. الذيل على مرآة الزمان - جزآن ، حيدر آرياد الدكن . مجلس دائرة المعارف العثمانية. 1955- 1954
6. ابن الفوطي. الحوادث الجامعة والتجارب النافعة في المئة السابعة. نشره الدكتور مصطفى جواد . المكتبة العربية: بغداد 1351 هـ
7. Sadeque S.F. Baybars I of Egypt. O.U.P. Pakistan, 1956.
8. الذهبي. تاريخ الاسلام وطبقات المشاهير والأعلام . خمسة أجزاء . القاهرة - مكتبة القدسي 1367 هـ.
9. المفضل بن ابي الفضائل . النهج السديد والدر الفريد فيما بعد تاريخ ابن العميد نشر إيب. بلوشي. باريس. 1929-1919.
10. ابن كثير. البداية والنهاية في التاريخ ٤١ - جزءا - مطبعة السعادة . القاهرة: 1358-1348 هـ
11. ابن شاكر الكتبي . فوات الوفيات . جزآن . حققه وضبطه وعلق حواشيه محي الدين عبد الحميد . مكتبة النهضة المصرية - القاهرة: 1951 م.
12. عفيف الدين الياضي . مرآة الجنان وعبرة اليقظان . مطبعة دائرة المعارف النظامية . حيدر آباد اليكن 1339 هـ

- ابن الفورات . تاريخ ابن الفرات . الجزء السادس مخطوطة والجزء السابع حققه وضبط نصه الدكتور ف . 13
- .. زريق سلسلة العلوم الشرقية ، الحلقة ٧١ ، منشورات كلية العلوم والآداب ، المطبعة الأميركانية ، بيروت 1942
- القلقشندي. صبح الأعشى في صناعة الإنشاء. ٤١ جزءا . دار الكتب المصرية ، القاهرة 1913. 14
- المقريزي . السلوك لمعرفة دول الملوك. الجزء الأول - ثلاثة أقسام والجزء الثاني - قسمان ، تحقيق محمد 15
- مصطفى زيادة . لجة التأليف والترجمة والنشر. القاهرة: 1942– 1934
- المقريزي . الخطط المقريزية المسماة بالمواعظ والاعتبار بذكر الخطط والآثار - أربعة أجزاء - القاهرة 16
- 1324 هـ
- المقريزي . إغاثة الأمة بكشف الغمة . نشره محمد مصطفى زيادة وجمال الدين الشيال . لجنة التأليف 17
- والمترجمة والنشر. القاهرة 1940
- المقريزي . الذهب المسبوك في ذكر من حج من الخلفاء والملوك نشر جمال الدين الشمال - مكتبه 18
- الخانجي. القاهرة 1955
- ابن تغرى بردى . النجوم الزاهرة في أخبار مصر والقاهرة. 11 جزءا، دار الكتب المصرية القاهرة 19
- 1950-1929
- السخاوى . الضوء اللامع لأهل القرن التاسع . سنة أجزاء، مكتبة القدسي . القاهرة 1355-1353 هـ. 20
- السيوطي . حسن المحاضرة في أخبار مصر والقاهرة – جزآن. القاهرة . 1321 هـ. 21
- السيوطي . تاريخ الخلفاء تحقيق محمد محي الدين عبد المجيد المكتبة التجارية الكبرى. القاهرة 1959. 22
- ابن إياس . بدائع الزهور في وقائع الدهور ٣ أجزاء، بولاق ، القاهرة 1312-1311 هـ. 23

МАЗМҰНЫ / CONTENTS / المحتويات

ИСЛАМТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР  
بحوث في الدراسات الإسلامية  
RESEARCH IN ISLAMIC STUDIES

- Қ.Затов, А. Адайхан. Қазақ ұлтының бірегейлігін сақтаудағы ислам дінінің рөлі ..... 5  
K.Zatov, A. Adaikhan. The Role of Islam in Preserving the Uniqueness of the Kazakh Nation  
زاتوف قايرات، اديخان اينور - دور الدين الإسلامي في الحفاظ على هوية الأمة الكازاخية
- Р.Бадран. ИСЛАМ МЕН БАТЫС ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ АДАМИ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ..... 15  
R.Badran. HUMAN BEHAVIOR BETWEEN ISLAM AND WESTERN THOUGHT  
رضا محمد عبد الحميد بدران - السلوك الإنساني بين الإسلام والفكر الغربي
- Р.Мухитдинов, Ә.Құлахметов. «Сахаба» сөзі шариғи масдар ретінде ..... 23  
R.Mukhitdinov, A. Kulakhmetov. The Words of the Sahaba as Shari'an masdar  
رشيد محي الدينوف، عادل جان قول أحمدوف - قول الصَّحَابِيِّ كالمصدر الشرعيّ
- И.Каплан. Ибн Жиннидің Құрандағы шаз оқылымдары: «Әл-Мухтасиб» кітабын зерттеу ..... 33  
I.Kaplan. The strange Quranic Readings of Ibn Jinni, a Study in his book Al-Muhtaseb  
إبراهيم كابلان - القراءاتُ القرآنيَّةُ الشاذَّةُ عند ابن جنيّ: دراسة في كتابه (المحتسب)
- Қ.Сәки. Мысырдағы мәмлүк қыпшақ билігінің ислами заңдастырылуы ..... 44  
K.Saki. Islamic legitimization of the reign of the mamluks kipchaks in Egypt  
خيرات ساكي - إضفاء الشرعيَّة الإسلاميَّة على سلطة ممالك القبحاق في مصر
- А.Адилбаев, Э.Абдыкаимов. Ислам ойшылы әрі ғалым Мұхаммад әл-Ғазалидың Құран тұжырымдамасы ..... 54  
A.Adilbayev, E.Abdykaimov. The Quranic concept of the Islamic thinker and scholar Muhammad al-Ghazali  
د. أديلباييف علاء، عبد القيوم وف إركين - المفهوم القرآني للمفكر الإسلامي محمد الغزالي
- А.әл-Фудли. Құранды мәнерлеп оқу және оның мағынаны өзгертуге әсері (кейбір мысалдар аясында) ..... 64

### A.AI-Fudhli. Qur'anic readings and their impact on changing the meaning: practical examples from some qur'anic verses

عفاف الفضلي - القراءات القرآنيّة وأثرها في تغيير المعنى: نماذج تطبيقية لبعض الآيات القرآنيّة

Шинчир Абу-Ханифе. Юсуф Рух ад-дин Ма Фу Яжу (1794-1874) және оның ғылыми еңбектері ..... 72

## Shinchir Abu-Hanife. Yusuf Rukh ad-Din Ma Fu Zhu (1794-1874) and His Scientific Works

شنجشَر أبو حنيفة - يوسف روح الدين ما فو تشو (1794-1874) وأعماله العلمية

## ДИНТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

## بحوث في علوم الأديان

## RESEARCH IN RELIGIOUS STUDIES

Қ.Ержан, Б.Мурзараимов, Д.Мамырбаев. Баптістік шіркеудің қалыптасу  
алғышарттары ..... 82

K.Yerzhan, B.Murzaraimov, D.Mamyrbayev. Evangelical Christian Baptists: Missionary Activities in Kazakhstan

قالمخان إيرجان، باخيت مورزارايموف، ديدار ماميرباييف - المسيحيون الإنجلييون المعمدانون:  
الأنشطة التبشيرية في كازاخستان

Қ.Затов, Т.Жанболат, Ж.Ишмаханов. Қазіргі дінтанудағы когнитивті  
бағыттың қалыптасуы және даму перспективалары..... 96

K.Zatov, T.Zhanbolat, Zh.Ishmakhanov. The Formation and Development Prospects of the Cognitive Approach in Contemporary Religious Studies

الأديان الحديث و آفاقه المستقبلية

А.Абуталипова. Қазақстандағы еврей қауымының қалыптасу тарихы ..... 107

A.Abotalipova. The History of the Formation of the Jewish Community in Kazakhstan

عائشة أبو طالب - تاريخ تشكّل الجاليّة اليهوديّة في كازاخستان

А.Альмухаметов, Қ.Затов, Б.Мелисова. Мүлік құқығы институтын Христиан және Ислам дінінде салыстырмалы талдау..... 118

A.Almukhametov, K.Zatov, B.Melissova. Comparative Analysis of the Institute of Property Rights in Christianity and Islam

المخاميتوف علي، زاتوف قايرات، ميليسوفا بالجان - تحليل مقارنة لحقوق الملكية في المسيحية والإسلام

## ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

### بحوث في اللغة والأدب

## RESEARCH IN LANGUAGE AND LITERATURE

- М.Әл-Һажри. Әл-Казаранидің әл-Байдауи түсіндірмесіндегі семантиканың маңызы: «Бақара» сүресіндегі шектеу стиліне аналитикалық талдау ..... 136  
Mahmoud al-Hajri. The Importance of Semantics in Al-Kazirouni's Commentary on al-Baydawi's Interpretation. an Analytical Study of the Style of Restriction in Surat al-Baqarah  
محمود الهاجري أهمية علم المعاني في حاشية الكازروني على تفسير البضاوي؛ دراسة تحليلية لأسلوب القصر في سورة البقرة
- А.әл-Ахдари. Сөздік әдістің концептіге әсері ..... 162  
A.Al-Akhdari. The Impact of the Dictionarical Method on Conceptions  
الأخضر الأخضر - أثر المنهج المعجمي في التصورات

## ҚОЛЖАЗБА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

### بحوث في علم المخطوطات والمصادر

## MANUSCRIPT AND ARCHITECTURAL STUDIES

- Қ.Қыдырбай, Ж.Омарбекова Байбарыс Сұлтан туралы араб дереккөздері ..... 178  
Q.Qydyrbai, Zh.Omarbekova Arab sources about Sultan Baybars  
К.Кыдырбай, Ж.Омарбекова Арабские источники о Султане Бейбарсе  
قيديرباي قالديباي أريصتانبكولي, عمر بيكوف جولدوز - المصادر العربية عن السلطان بيبرس





<https://journal.nmu.edu.kz/>